# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ПІКІРТАЛАС МӘСЕЛЕЛЕРІ ДИСКУССИОННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

## ҚАЗІГІ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯ

**Х.Әбжанов** -
*Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор*

**Ақиқатты айту – методологиядан**

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» бергі уақыттың бедерінде Ресейге бодандықты мойындаумен жат жұртқа телмірген қазақ халқының санасы мсн жан-дүниесін мазалаған түйткілді ойы ұлттық һәм мемлекеттік тәуелсіздік еді. Азаттық жолында қанды майдан жорықтар мен құрбандықтараз болған жоқ. Ол тіпті «адамзаттың жарқын болашағы - коммунизм» құру тұсында да жалғаса берді.1991 жылғы 16 желтоқсанда жұлдызды сәт туды. Содан бері бір ұрпақ өсіп-өнген мерзім өте шығыпты.Қария тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен елім, жерім деп ет жүрегі елжіреген әрбір қазақ баласынтебіренткен үміт пен күдікке толы жылдар артта қалды. Барымыз бен жоғымызды ғылымизерделеудің, әсіресе азаттық тарихы мен тағылымын тереңнен толғаудың методологиялы ұстанымдарын дәйектейтін уақыт келді. Әрине, мәселенің шешімін әр ғылым өз биігінен пайымдайтыны ақиқат. Солардың қатарында тарих ғылымының өздік методологиясы болғаны абзал.Методология ежелден өзекті мән-мағынаға ие. Бұл түсінікті де. Ғылымның қарымы, ақиқатқа қол жеткізуі бірінші кезекте оның методологиялық ұстанымымен анықталады. Табиғаттың, қоғамның,адамдар қауымдастығы мен сананың болмыс-бітімін,өзгерістерін және беймәлім құпияларын ашу үшін әрқашан қатпары қалың деректер мен қисапсыз ақпарат қажет бола бермеуі мүмкін, есесіне олардың шығу тегін, өзара байланысын, ықпалдастығын, ілгерілсу мен іркілісті бейнелеуін жазбай тану зерттеушіден биік кәсіби даярлыққа қоса ми қазанында қайнату үстіндсгі құбылыстың әрбір «клеткасына» сергектікпен, тіпті күдікпен қарауды талап етеді. Бұл - озық методология арқылы қол жететін нәтиже.

Методология - ғылыми ақиқатқа жол бастайтын, ізденісті тиімді ұйымдастыратын, зерттеу нысаны мен пәніне тән заңдылықтарды, қисынды, қайшылықтарды сан-салалы диалектикалық байланыс пен езгеріс динамикасында дәйектейтін ақыл-ой әрекетінің әдіс-тәсіл жиынтығы.Азаттық тарихының методологиясын, басты-басты ұстанымдарын қалыптастыруда ЕлбасымыН.Ә. Назарбаевтың үлесі зор. Тұңғыш Президентіміз дәйектеген: «Алдымен - экономика, содан кейін – саясат», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», Еуразиялық одақ, Азия кеңесі, ядролық қарудан бас тарту, Астананы көшіру, әлемдік діндер съезін шақыру идеялары Тәуелсіздік құрылысына да, Отандық тарих ғылымының ізденістеріне де соны серпін бергенін ешкім бекерлей алмайды. «Тарихтолқынында», «Сындарлы он жыл», «Қазақстан жолы» кітаптары - заманауи үдерістің заңдылықтары мен қиыншылықтарына жаңа методологиямен бойлаудың тамаша үлгісі. Президенттің ғылыми- практикалық ізденісі мен бастамашылығына уақыт үдесінен шығуға, тек қана ақиқатты айтуға құштарлық тән. Демек, 1991 жылгы 16 желтоқсаннан бергі Отан тарихын зерттеудегі методологиялық ұстанымның басты көздегені азаттығымыздың мәні мен мазмұнын, орнығуы мен ерекшеліктерін, ілгерілеуі мен қайшылықтарын қосып-алусызшынайы анықтау болса керек. Бұл орайда Қазақстан салиқалы ғылыми ой-санаға арқау боларлықтай жолды жүріп өтті. Тәуелсіздігімізді әлем таныды,Қазақстан мемлекеттілігі қапыптасты, кеңестік экономика мен идеология ыдырап, өмірдің барсаласында нарықтық қатынастар, идеологиялық әралуандық орнықты, жаңа Астана бой түзеді, қазақтар мемлекет құраушы ұлтқа айналды, әділетсіздікке, зорлыққа ұшыраған мәдени-рухани құндылықтармен тұлғалар қайта тірілді. Аз жұмыс атқарылған жоқ.

**Шынайы азаттық-алдағы арман күн**

Бүгінгі Қазақстанды 1991 жылғы Қазақстанмен салыстыруға келмейді. Бірақ социализмнен кеткеніміз бен біз өтпелі кезеңді бастан кешудеміз. Оның мәнісі таптық күресті бәрінен жоғары қойған

марксшілср айтқандай «Кімді кім жеңеді» емес, тіпті Америкадағы, Европадағы, Азиядағы табысты мемлекет моделіне ұксау да емес. Мәселе - кешегі отарланған, кеңестік тоталитарлық зорлық модернизацияны басынан өткізген Қазақстан сыртқы фактордың әсерімен жабысқан дертінен айығып,өздік даму жолын қашан табатынында. Мемлекеттік билігі мен заңы тұрақты, байлығы кедейшілік жеңген, бірлігі мен тұтастығы ұлттық қауіпсіздік үдесіне сай, демократиясы өз қолындағы елге айналумен өтпелі кезең аяқталады. Тап бүгін - құрылыс материалдарының, тұрмыстық техниканың,тіпті азық-түліктің жартысынан көбі сырттан келіп жатқанда, биік технологияларға зәрулігімізбасқалардың есебінен өтеліп отырғанда, білім мен ғылымды қаржыландыру әлемдік көрсеткіштерденкөш кейін қалғанда, ұлттық ақпараттық кеңістікті бөтен елдің тілі жаулап алғанда, кедейлер мен байлардың арасындағы орташа алшақтық ұлғаймаса, азаймаған кезде - өтпелі кезеңді артта қалдырдық яғни хақ азаттыққа жеттік дей алмаймыз.

Әлемдік және Отандық тәжірибені зерделесек, мәні мен көздеген мақсатына жеткен-жетпегеніне қарай азаттық дәуірінің әлденеше кезеңінен тұратынын байқаймыз. Бірі – номиналдазаттық, екіншісі - сындарлы азаттық, үшіншісі - шынайы азаттық. Номиналды азат ел басқа бірнемесе бірнеше мемлекеттің ықпалынан шыға алмайтын кіріптар күйде қала береді. Әдетте мұндай елдің экономикасы бөтеннің мүддесіне жұмыс істеп, сыртқа қарыз- берешегі басынан асып жатады. Ауық-ауық мемлекеттік төңкеріс болып тұрады. Сындарлы азаттыққа жеткен елге, кешегі бодандықмұрасынан (рухани, тілдік, экономикалық, менталитеттік, т.б.) толық қол үзбесе, де өзіндік дамужолын табуға талпыныс, кейбір іргелі салаларда оны таба алғандық, халқына өршіл рух тән. Шынай азат ел ішкі-сыртқы саясатын әлемдік өркениет талабына, ұлттық мүддеге сай жүргізегін биіктіктен көрінеді.

Біз әзірге дамыған, шынайы азат елдер қатарына косылмасақ та, азат та өмірше құндылықтарды игеруге бейімделіп, болашақ даму бағытын таңдау негізінде анықталған сындарл қазақстандық жол басында келеміз. Номиналды азаттықпен қоштасуды бастаған күніміз, шартты түрдайтар болсақ, саяси тұрғыдан - 1991 жылдың 1б желтоқсаны, экономикалық тұрғыдан - 1993 жылд 15 қарашасы. Стратегиялық тұрғыдан 1997 жылдың 1 қазаны. Әлсмнің саяси картасында дербес мемлекстінің пайда болуымен Қазақ елі өркениеттің ұлы көшінен лайықты орнын табуға кірісті, ал ұлттық валюта - теңгенің дүниеге келуі және айналымға енуі номиналды экономикадан ұлттықэкономикаға көшудің шешуші қадамы болды, «Қазақстан - 2030» багдарламасы азат елдің жасампазинтеллектуалдық әлеуетін псш етті. Одан беріде сындарлы азаттықтың қайшылығын, қиыншылығынтанып білдік, жемісін де көре бастадық. Қазақстандық жол салтанатына, ягни шынайы азатты жеңісіне 2030 жыл мұғдарында куә болатын шығармыз. Бәрі стратегияда жоспарланғандай жүзсге асып жатса, XXI ғасырдың үшінші онжылдығына қарай президенттік, заң шығарушы, атқарушы, сотбиліктері жүйесін, басқаша айтқанда, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның тағдырын айқындаушы адамфакторын кешегі коммунистік, кеңестік тәрбиеден мүлде ада ұрпақ жасақтайтыны ақиқат. Қалайболғанда да, тәуелсіздік тарихын дәуірлеу, әр дәуірдің мәнді белгілері мен ерекшеліктерін тиянақта ешқашан методологиялық өзектілігін жоймақ емес. Азаттық тарихын зерттеу методологиясынақойылатын биік талаптың маңдай алдысы - тәуелсіз елімізге тән срекшсліктерді артта қалған дәуірлермен, бүгінгі елішілік, халықаралық ахуалмен сабақтастықта, сәйкестікте, айырымда дәлме-дәл тани алуы.

**Адам - методология мәйегі**

Біздің қазіргі тарихымызда геосаяси орналасуымыздың, мол қазба байлықтары үстінд отыруымыздың, көпұлтты, көпдінді халық құрамының әсер-ізі сайрап жатыр. Әлемнің түкпір-түкпіріне шашыраған қазақтардың тарихи Отанына оралуы, Қазақстан халқы Ассамблеясы сын бірегей құрылымның пайда болуы, ядролық державалардың Қазақстан қауіпсіздігіне кепілдік беруі индустриялық-инновациялық даму, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асуы, тағы басқа үдерістер азаттық тарихының ерекшеліктерін айшықтауда. Ал осы ерекшеліктердің өзегінде азаттықты қастерлеген, ұлтаралық келісім мен үйлесімді сақтай алған, Абай өсиеттеген баршадамзатты сүюге ықыласты қазақ факторы тұр. Әйтпесе посткеңестік кеңістікте мүмкіндігі Қазақстаннан әлдеқайда жоғары Украина неге қарыштап алда жүрмейді, қазба байлығы мен жер аумағы шағын Балтық республикалары неге тұралап қалмайды? Бүгінгі методология Отан тарихына тән ерекшеліктерді туындатқан адам факторын, бірінші ксзекте мемлекет құраушы ұлт факторын сандық-сапалық, салыстыру-шендестіру, кешенді-жүйелік тәрізді қарымы мол ұстанымдармен басты

зерттеу пәні мен нысанына айналдырғанда тарих ғылымының интеллектуалдық әлсуетін ар-ітырары әрі сындарлы азаттықтың болашағына қызмет етері сөзсіз.

Азаттық тарихында адам факторы ілгерілеудің қаншалықты себепкері болса, іркілістің десоншалықты тежеуішісіне айналып отыр. Мәселенің үлкені демократияның аз-көптігінде, мемлекеттік қызметшілердің бір бөлігінде әлеуметтік-кәсіби біліктіліктің төмендігінде, жекелеген салалардмамандардың жеткіліксіздігінде емес. Тәуелсіздік болашағы мен тағдырына адамның ашкөздігі,жемқорлық пен парақорлық қатер төндіруде. Бұл кеселдің ортасы, таратушысы, азаттық жауын айналдырушысы - материалдық-қаржылық және кадрлық шешім қабылдауға өкілеттігі бар
мемлекеттік қызметшілер, үлкенді-кішілі ұжым басшылары мен құқық қорғау жүйесіндегілер. Осы топтар парақорлық пен жемқорлықтан тыйылса, бизнесмендер мен кәсіпкерлер, дәрігерлер менұстаздар, ғалымдар мен мәдениет мамандары - бәрі заңның аясынан шығатын қадамға бармас еді. Қазіргі Қазақстанда экономикалық қылмысқа қарсы күрестің тәп-тәуір тәжірибесі жинақталғаныменжемқорлық пен парақорлықтың тарихына методологиялық негіз қалау тарихшы ғалымдардың әзірге қолға алмаған міндеті екенін мойындау керек.

Сындарлы азаттығымыздың бейімделе-ырғақты нығаю жолындағы басты олжасы адамдардың санасы мен өмір салтына батпандап енген елес қуудан арылғаны. Киімін, сыртын жаңартқан адамды емес, санасын жаңартқан адамды жаңа адамға жатқызамыз. Өтпелі кезеңде адам факторының бар мәні осында. Мәселені өзекті методологиялық ұстаным қатарына шығаруымыздыңсебебі бар. Патшалық отарлау тұсында да, кеңестік жылдарда да ертеңгі күннен үмітін үзбеген қазақхалқы Мәскеудің саясаты мен насихатынан тарыдай болса да жақсылық көргісі келді. Әсіресе социалистік идеяға көп үміт артты. XIX ғасырдың ортасында К. Маркс: «Еуропаны елес кезіп жүр, Окоммунизм елесі» деген еді. Коммунизм елесін қазақ жалықпастан қуды. Тіпті сталиндік қуғын-сүргін ілімнің утопиялық болмысын әшкерелей алмады. Адам жақсыға тез үйренеді. Адамзатты жарқын болашағы - коммунизм құрушылармыз деген хрушептік, брежневтік сөзі тәтті, діні қатт идеологияға елтіген, 1970-1980 жылдар аралығында мұнайдан түскен мол қаражатқа сүйенумен болар-болмас қорланған кеңес халқы ілгерідегі аштықты, тапшылықты ұмытып, үкімет пен партия өлтірмейд дегенге саятын дүниетанымды малданды. Азды-көпті сыны бар горбачевтік «қайта құру» идеологиясы да оны бекерлеген жоқ. Осы екпінмен 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясы да социалистік популизмге толы еді.

Тәуелсіздік елес қуумен орнықпайтынын, шындықтың көзіне тура қарамай, азаттықты жасампаз болмысы ашылмайтынын 1995 жылғы екінші Конституция паш етті. Президенттік басқару формасы, парламентаризм мен көппартиялық жүйе осыдан кейін орнықты, шағын және орта бизнеске жол ашылды. Нарықтық қатынас жанданды, әлеуметтік-мәдсни саясат халықаралық тәжірибеге сүйене бастады. Түптеп келгенде, 1995 жылдан бергі Қазақстанның тыныс-тіршілігіне арқау болған құжат- екінші Конституция. Бірақ жаңаның орнығып кетуі үшін уақыт керек екен. Қазақстандықтардың дүниетанымы мен өмір салтындағы елес қуушылық ғасырлар межесіндегі экономиканың инновациялық ілгерілеуімен қайта жанданғанын көзіміз көрді. «Жаңа қазақтар» байлығын қайдашашарын білмей, керекті-керексіз зәулім-зәулім үй салып, қос-қостап қымбат көлік мінсе, тұшымд жұмысқа қолы жеткендер банктен алған несиеге бизнесін ашудың орнына аспа-текпе той жасаумен әуестенді. Табыстан басы айналган БАҚ-тарда азды-көпті ілгерілеуді мақтау-мадақтау шектен шығып кетті. Елес қуудың нарыққа серік еместігін 2007 жылы басталған қаржы дағдарысы тағы қуаттады. Басқаша айтсақ, қоғамдық санадағы, өмір салтындағы өзгерістер табиғатын, олардың азаттық диалектикасы мен қисынына тарихи үндесгігін немесе қайшылығын ашатын зерттеу методологиясына сұраныс та, қойылар талап та жоғары.

Социалистік сана мен идеологиядан арылу тағылымы мен тәжірибесін іргелі зерттеу методологиясының нысанына айналдыру - бүгінгі күн талабы. Біздің ойымызша, тәуелсіз Қазақстан идеологиялық және саяси әралуандылықты Конституцияға енгізу арқылы ресми идеологиядан бастартқанмен, мүлде идеологиясыз да қалған жоқ. Тәуелсіз БАҚ, мемлекеттік емес ұйымдар саны артты,діннің рөлі күшейді, оппозиция бар, экономикалық либерализм орнығуда. Қоғамдық санадағытүбегейлі бетбұрыстың өмірдегі нақты көрінісі - саяси партиялар мен түрлі қозғалыстардың пайдаболуы. Осылардың әрқайсысының өз идеологиясы түзілген. Дегенмен бұл салаға мемлекеттік-құқықтық реттеу қажет екендігі сөзсіз. Ол әсіресе діни қатынастар саласында өткір сипат алуда. Кешегі атеист азаматтардың қысқа мерзім ішінде сан-алуан діни ағымдар мен секталарға жойдасыз бой алдыру

себебін деректер мен фактілерді алға тартумен кемел дәйектеу мүмкін емес. Оның әлеуметтік,экономикалық, рухани, халықаралық, құқықтық құраушыларын жеке дара және өзара ықпалдастықта саралайтын методологиялық ізденіске кең өріс ашқан абзал. Сөйте тұра, атқарушы биліктің, сот билігінің қоғам өміріне реттеуші күш ретінде араласуының шегі мен дәрежесі заңмен анықталып, одан қылаудай ауытқымауы керек. Кеңестік тәрбие мектебінен өткен аға ұрпақ ірілі-ұсақты істің басы- қасында мемлекеттік билік жүргенін құп көргенмен азаттық ұландары мұны өзінің еркіндігіне қол сұғу ретінде қабылдауы мүмкін.

Азаттық тарихын ақиқат биігінен саралаудың келесі бір методологиялық шарты – көшбасшылардың практикалық-қолданбалық және теориялық-шығармашылық қарымы мен бәсекеге қабілеттілігін, ел тағдырындағы жасампаз немесе кереғар рөлін салиқалы зерделей білу.

Иә, халықтың тарихтағы орнын ешкім жоққа шығармайды. Астананы тұрғызған, материалдыигіліктерді арттырған, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күш - халық. Бірақ халықтың жасампазәлеуеті өздігінен жүзегс аса қалмайды. Бәрі халықтың қолында тұрса, фашизм де, тоталитаризм де, ек дүииежүзілік соғыста, Аралдың тартылуы да, үлескерлердің алдануы меи жемқорлардың тайраңдау да мүмкін емес қой. Алысқа бармай, өзіміз жақсы білетін Ресей империясының күйреуі, КСРО-ның ыдырауы тарихына көз жүгіртсек елдегі қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени-имандыққатынастар мазмұнына қарай халықтың екі мінезбен, екі құндылық бағдармен өмір суретінін байқаймыз. Бірі - құлшыныс, екіншісі - енжарлық. Көптің лайықты өмір сүруге, ұрпақ өрбітуге, еңбекетуге, дем алуға құқы қағаз жүзінде қалмай, нақты істе атқарылғанда, адамдардың көңіл-күйі, өмірдағдысы, ертеңге көзқарасы құлшынысқа оранып, арасынан, біріншіден, нағыз таланттар шығады,екіншіден, халықтың жасампаздық қабілеті ашылады. Сырттан жау келмесе, орта табы қалың мұнда мемлекеттің табиғи-ырғақты дамуы тамаша табыстармен көмкерілмек.

Заңы мен нақты өмір шындығының, сөзі мен ісінің арасындағы алшақтық ұлғайған мемлекетте, яғни халық мүддесіне биліктің көздегені қайшы келген сәттсн әділетсіздікке іштей наразы тарих субьектілері алғашқыда енжарлыққа салынады, уақыт өте қоғамдағы даму қайшылықтары асқынады, түбінде - билік пен қоғамдық құрылысқа наразылық бұрқ етіп сыртқа шығады. Мұның бұлтартпас айғақ-дәлелі - тоқырауға ұшыраған кеңес қоғамы мен кеңестер Одағының ыдырауы. Биліктен, меншіктен шеттетілген, санасын енжарлық билеген халық 1991 жылғы тамызда коммунистік келешектен бас тартып, жаңа демократия жағына шығуы бір күннің нәтижесі емес. Ашынған халықты
тәуелсіздік құндылықтарының өзі тоқтата алмайтынын 2005, 2010 жылдарғы Қырғызстан оқиғасы көрсетіп берді.

**Билік және тұлға**

Орталықтың өктемдігінен енді ғана құтылған Қазақстанға - өтпелі кезеңдсгі жас мемлекетке қоғамдық-саяси, экономикалық-мәдени биік белестерге шығуы үшін халық мүддесін қорғайтынзаңнамаларға қоса тегеурінді билік вертикалы керек. Басқаша айтқанда, методологиялық басымдықты адам факторымен байланыстырғанда оның жабық, көзге көріне бермейтін («адам аласы ішінде»)қасиеті бар екендігін ескеріп, нысананы-мақсатты әрекетін ұйымдастыратын мемлекет, билік, құқық,жүйесіне ерекше мән беретін уақыт келді. Әзірге тарихшы-ғалымдар тәуелсіз мемлекет, билік, құқық тарихының методологиясын зерделеуде көп іс тындыра қойған жоқ. Бұл міндетке артылар
жауапкершілік зор екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Бізді мұндай пайымға жетектеген себептер: біріншіден, мемлекеттік тәуелсіздік жарияланған сәтте қоғамдық сана. Тіпті Отандық тарих ғылымы нарықтық экономиканың, демократияның, идеологиялық либерализмнің, әлемдік саясаттың, қоғамдық топтар мен әлеуметгік қозғалыстардың шын мағынасындағы қыр-сырынан хабарсыз еді; екіншіден, уақыт алға тартқан міндеттерді ауыр дағдарыс үстінде шешуге тура келді; үшіншіден, әрқашан дұрыс шешім табыла бермеді. Тәжірибенің жоқтығы, білікті мамандардың тапшылығы, технологиялық мешелдік қателесуге, жаңсақ басуға ұрындырып жатты, объективті үдерісті тежеді. Мәселен, президенттік қызмет 1990 жылы енгізілгенмен президентік билік институтының орнығуы 1995 жылы жаңа Конституция қабылдау негізінде мүмкін болғаны осыған айғақ-дәлел. Қазақстан элитасы, ең бастысы - ел тағдырына жауапкершілікті мойнына алған тұңғыш Президент Н. Назарбаев мемлекеттілікті,билік вертикалын қалыптастыруда төл тәжірибемізге сүйену аздық ететінін білгендіктен Батыс пен Шығыстың үлгілерін шығармашылықпен пайдалануға басымдық бергені рас. Сондықтан да болар, қазіргі Қазақстанның билік жүйесі, демократиясына тән ерекшеліктері, ұлт пен ұлтшылдығы, орталықтанған басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың ара-қатынасы, мемлекеттің

рөлі, экономикасы қаншалықты калиталистік, қазақстандық, «импорттық» екені қоғамдық сана мойындаған әрі түсінікті дәйектелген методологиялық талдау биігінс шықты дей алмаймыз.

Біздің ойымызша, бөтеннің уысынан енді босаған мемлекеттің номиналды азаттықтан шынайыазаттық биігіне көтерілгенше табиғи-ырғақты даму жолына түсу-түспеуін, бәсекеге қабілетті болу-болмауын, барша тағдырын мемлекеттік биліктегі тұлғалар, бірінші кезекте тұңғыш Елбасы, оның саяси кемелдігі, интеллектуалдық көрегендігі, нысаналы-мақсатты қызметінің негізділігі анықтайды. Күні өткен қоғамдық қатынастар ығыстырылмаған, жаңасы толық басымдыққа жетпеген өтпелі кезеңде, әсіресе демократия мен саяси мәдениет қоғамның кауіпсіздігін қамтамасыз ететін факторға айналмаған елде ұлттық Тұлға мен Көшбасшының әрбір шешімі, әрбір қадамы тағдыраныұтағыш мән-
мағынаға ие. Сондықтан Қазақстанда Президенттік басқару институтының тууын, нығаюын, конституциялықреформалармен қамтамасыз етілу эволюциясын, бүкілхалықтық қолдауға ие болу диалектикасын методологиялық тұжырыммен даралаудың орны ерекше. Күрмеуі күрделі осы мәселені шешкенде Президенттің тұлғалық қасиеттері мен тарихи рөлі ғана ашылмайды, командасы мен оппозицияның, идеялары мен сыншыларының көздегені, іс-әрекетінің нәтижесі өз бағасын алады.

Көшбасшылар мен халықтың қазіргі Отан тарихындағы ықпалдастығын методологиялыпайымдағанда әр затты өз атымен атаған абзал. Көзінің тірісінде бағаланбай, дүниеден озған соң И.Н. Худенко тамаша басшы еді, М. Мақатасв - ақиық ақын. Ш. Қалдаяқов - талантты сазгер, С. Қондыбай - екінші Шоқан екен деп көлгірсу - кемел методологияның жоқтығынан, жартыкеш ғылымның сөзі. Тарихи үдерісте көшбасшылар факторының әсері жария әрі ұзақ мерзімді, ал халық факторы көзге түсе бермейді, кейде тіпті бір сәттік. Айғақ-дәлел келтірер болсақ, Тәуелсіз Қазақстан
тарихында Назарбаев факторы ұзақ сақталатынын, келесі Елбасы билікке келгеннен кейін де «жұмыс» істей беретінін алға тарта аламыз. Ал халықтың билеушіге ықпалы күнде көріне бермейді, оның жоғары жаққа жазған хаттары, өтініш-сұрағы, тіпті жанайқайы жауапсыз қалатыны бар. Ол - ол ма, бүкілхалықтық президент сайлауы әрісі - бірнеше айдың, берісі - бір күннің екіншісіндегі таңдау ғой.

Түйіп айтсақ, тәуелсіз Қазақстан тарихынан жазылған еңбектерде миллиондаған тонна көмір темір, мұнай, миллиардтаған пұт астық өндіргеніміз, жүздеген мың маман даярлағанымыз, ақбасАлатау мен ертегідей Бурабайды жалғаған жол салғанымыз ауызға алынбайбай тұрып, осылардың бәрініңқажет әрі мүмкін екенін дәйектеген тұлғалық-интеллектуалдық фактор мен халық еңбегінің, мүддесінің үйлесімін немесе қайшылығын биік методологиялық модемиетпен пайымдаудың парқы да, нарқы да жоғары. Бұған арқау боларлық тәжірибе - мемлекеттік егемендік туралы Декларациядан «Жол картасына» дейін - бізде баршылық. Сонда әлдекімді асыра дәріптеуге немесе адал еңбекті ескерусізқалдыруға соқтыратын, азттық тарихын көшбасшылар тарихына айналдыратын сыңаржақ тарихи
көзқарасқа жол берілмейді.

## Методология және ұлттық мүдде

Көшбасшылар мен халыққа қатысты методологиялық ұстаным қазіргі Отан тарихындағы ұлтфакторын дөп басып тануға септеседі. Әрбір ұлт өзінің таңдаулы ұл-қыздарымен мақтануы әсте бекер емес. Демократиясы мсн нарықтық экономикасы уақыт сынынан өткен АҚШ, Англия, Франция, Германия тәрізді дамыған елдерде ұлт мәселесі ауық-ауық көтеріліп жататынын ескерсек, өтпелі кезеңдегі көпұлтты Қазақстан үшін оның тағдыраныұтағыш мәні бар. Тап осы мәселеде азаттық тарихын зерттеушілердің методологиялық ұстанымы акиқаттан қылаудай ауытқымағары абзал. Ұлттан ұлттың артықшылығы да, кемшілігі де жоқ, айырмашылығы ғана бар. Ал айырмашылықтан қайшылық көргісі келетіндерге, казіргі қиыншылықтың бастау-бұлағын іздешілерге сылтау көп. Сталиндік- голощекиндік аштықты, саяси қуғын-сүргінді, хрущевтік-брежневтік жер бөлісті, горбачсвтік- колбиндік желтоқсан зорлығын қыздырманың қызыл тілімен қоздырып, бітпес дауға, ұлтаралық қақтығысқа айналдыруға болады. Дұрысы - сол қиянаттың бәрі ат төбеліндей шовинист билеушілердің, жалғаи идея қуғандардың таптық шектеулігінен, ашкөздігінен, менмендігінен туындағанын, тұтас ұлттың кінәсі жоқтығын түсіндіру. Бұл - бір.Екіншіден, зорлық-зомбылығымен миллиондардың өмірін қиған қасіретті тарихты қайталаудың зияннан басқа берері жоқ. Тұтас халықты еркіндігінен айырған халық азат халық бола алмайды ,тәуелсіздіктен айрылған ел кіріптар халден шыға алмайды. Мемлекеттің қуаты халықтар бірлігінде. Қазақтар Қазақстанда байырғы ұлт, азаматтардың басым бөлігі әрі мемлекет құраушы ұлт ретінде қандай да құқықтык басымдыққа ие болмаса да, тарихи миссияны - елдегі бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етіп отырғанын, мемлекеттік мәртебесі бар тілі барша қазақстандықтарды

ұйыстырушы тіл болуы керектігін азаттық тарихын зерттеу методологиясына айналдыра алсақ, ақиқаттың ақ жолынан ауытқымаймыз. Осының өзі қоғамда жүріп жатқан түрлі (мемлекеттік тіл, көші- қон, жекешелендіру, т.б.с.с. төңірегіндегі) пікірталасқа, нақты үдеріске (саяси, экономикалық, мәдени, т.б.) ғалымның көзқарасын, тұғырнамасын білдіреді. Өкініштісі -- қазірігі Қазақстан ғылымы, әсіресе қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар өмірге, практикаға пәрменді ықпал ете алмай отыр. Диссертациялар қорғау шарықтау шегіне жеткенмен қоғамдық пікірде де, материалдық-тұрмыстық жағдай тұрғысынан да ғалымның беделі мейлінше төмен, уәжіне құлақ қоюшы қоғам жоқ. Бүгінгі үдеріс тағдыры, айта берсек, ғылымның да тағдыры билік пен саясаткерлердің құзырында. Ал қарақан басының қамы үшін билікпен жақындасу немесе тәжікелесу, саясаттың сойылын соғу немесе көзсіз сыншысана айналу тарих ғылымына, тарихшыға ешқашан абырой әперген емес.

Үшіншіден, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жаңа мамандықтармен толыққаньн, зерттеу пәні мен өкілеттілігіне өзгерістер келгенін білген жөн. Тарихшылар жүріп жатқан казіргі үдерістер менөзгерістердің болжамды ертеңін қозғамай - ол үшін саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, т.б. бар - орныққан нәтижелеріне ғылыми талдау,әділ баға берсе де аз олжа емес. Егер тәуелсіз Қазақстанда жүріп жатқан реформалардың ақыры жағымды нәтижемен аяқталмайтынын, мемлекеттік-ұлттық мүддеге кереғар екенін дәйектеу қажет болса, «ертең анау құриды, бүрсігүні мынадай пәлеге жолығамыз» дегенге саятын сәуегейлікке салынбай, тарихы мен тағдыры бізге ұқсас әрі тәуелсіздікке қолы жеткеннен кейінгі өтпелі кезеңнен ұзап кеткен елдер тәжірибесі мен тағылымын алға тарта ойтолғаған жөн шығар.

**Ұлт тарихы және әлемдік үдерістер**

Қазіргі Қазақстан тарихын зерттеу методологиясында мемлекет пен қоғамның, тіпті жекелеген ұжымдар мен адамдардың өмірі әралуан екенін, қыртысы қалың факторлар әсерімен қалыптасатыны ерекше назарда ұстау керек. Айталық азаматтардыц әл-ауқаты елдің табиғи байлығына, ғылымы менбілімінің тікелей өндіргіш күшке айналу дәрежесіне, мемлекеттік басқару тиімділігіне, негізінен ішкі саясаттың қарымына қарай жақсарады немесе төмендейді. Және бұл мәселе Қазақстанның бәсекеге қабілетілігіне, ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатысты көрсеткіш орнына жүреді.

Ал ұлттық қауіпсіздіктің қамал-қорғаны - Қарулы Күштер тәуелсіз Қазақстанның ішкі қажеттілігін бейнелей алмайды. Ол - сыртқы себептің пәрменімен құрылған бірлестік. Сөйте тұра азаматтардың лайықты әл-ауқаты мен Қарулы Күштердің сақадай сай тұруы арасында ажырағысыз байланыс жатыр.

Демек, бүгінгі методологияға азаттық тарихын кешенді, жүйелі, динамикада ашу ғана жүктелмейді, әрбір құбылыс пеп үдерістің пайда болуына, өзара ықпалдастығы мен дербестігіне, ішкі басымдықтары мен тетіктеріне, тағылымына қисынды әрі деректі жауап іздеу маңызды. Әрине, бәріелішілік қажеттілікпен, билік шешімімен, бірер маманның жазғандарымен аша салу мүмкін емес. Әр құбылыстың немесе үдерістің өз бастау-бұлағын, заңдылықтарын. тәжірибесін тиянақтаумен қатар әлемдік, өңірлік тәнікті (апалог) іздеу міндеті алда тұр. Тарихтың әралуан тағылым-тәжірибесін арасынан қыл өтпестей кіріктірумен жалпыадамзаттық заңдылыққа қайшы келмейтін тұтас ұлттық тарих түзілетінін методологиялық-танымдық ережеге айналдырғанда ғана азаттық ақиқатына оқырмандарды иландыра аламыз.

Бұл жерде тарих тәжірибесі мен заманауи мәселенің мазмұнын, тіпті барысы мен бағытын әлемдік кездейсоқ немесе стихиялы себеп күрт өзгертіп жібере алатынын бекерлеуге болмайды. Мәселен, мұхиттың арғы жағындағы АҚШ-та басталған қаржы дағдарысы Қазақстанды аз әбігерге түсірген жоқ. Жоспарланған біраз игілікті істерді доғара тұруға мәжбүрледі. Ендеше, жаһанданутұсындағы методология ұлттық таным шеңберінде қалумен іргелі нәтижелерге қол жеткізе бермейді. Жана әлемнің озара эссрі мен байланысы қанша артса, ғылыми танымның методологиясы да соншалықты ыкпалдастықпен баюы керек. Мұның сыртында Қазақстанның да қазіргі әлемге ықпал ете бастағанын ЕҚЫҮ-ға төрағалығынан көріп отырмыз.

Бұдан туындайтын келесі методологиялық пайым: мейлінше күрделіленген әрі іргелі әр саласөз заңдылықтарымен өмір сүретін бүгінгі Қазақстанның тарихын бөтеннің ілімімен ғана дәйектеуақиқатқа апармайды. Бір ғана ғұламаның, тіпті 3-4 ғұламаның ілімін басшылыққа алудың, оны догмаға айналдырудың арты қоғамды да, мемлекетті де күйрететінін КСРО-ның, социалистік елдердіқұрдымға кеткен тағдыры әшкереледі. Бізге үздік интеллектуалдық ізденістер жетістіктерін кәдегежаратқан жарасады. Саясат тарихын зерттегенде б.э.д. өмір сүрген Аристотельден XX ғасыр

ойшылдары Ә. Бөкейханның, Хайдеггердің, Ясперстің, Арендтің, мемлекеттілік тарихыныңмәселелері ІІ көтергенде Конфуций, әл-Фараби, Шоқан, Фукуяма, Хантингтон, Жан Моне
зерттеулерінің, экономика тарихын талдағанда XVIII ғасыр ғалымы А. Смиттен тартып XX ғасы ортасына қарай әлемге мәшһүр болған Кейнс. одан кейінгі М.Фридман, Э.Ф. Шумахер. т.б.тұжырымдары мен идеяларының, ұлт қауіпсіздігі, Отан тарихы жайлы қазақ ойшылдарының, Елбасымыз Н. Назарбаевтың толғаныстарының танымдық-методологиялық жаңашылдығы қолданым тапса, азаттық тарихын биік өремен түзеріміз сөзсіз. Есімдері аталған-аталмаған кемел ой иелерінің бір-біріне қайшы келетін таным-тұжырымдары бар. Эклектикаға ұрынбастан солардың ара жігін ашып,
тәуелсіз Қазақстан тарихының ақиқатын тануға септесетін әлеуетін пайдаланумен бәсекеге қабілетілік мәселесін шешуге де олжа салынады. Заманауи тарихшы өз кәсібінің аясында томаға-тұйық
оқшауланбай, барша қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың, ретін тауып, жаратылыстану, техникалы ғылымдардың қолданбалы-практикалық, теориялық-шығармашылық мүмкіндіктерін кәдеге жаратса, толымды пікір айта алады.

Иә, ғылымға интеграция мен дифференциация келгені бұрыннан аян еді. Саясат пен практикаға нанотехнологиялар ене бастағанда, олардың бәсі мейлінше жоғарылады. Мысалға алар болсақ, ғасырлар тоғысындағы экономиканың күретамыры - банк-қаржы жүйесі тарихын немесе ғылым мен техниканың тарихын - тарих факультетінде алған біліммен ғана зерделеу жоғары математиканың есебін көбейту таблицасына сүйенумен шешуге талаптанғанмен бірдей. Бүгінгі тарихшы әз заманының ғылымы мен білімінің, техникасы мсн технологияларының жалына қолын іліндірмей, діттеген мақсатына жетпейді.

**Тарих таразысы**

Қазіргі Қазақстан тарихының тәжірибесі мсн тағылымын бағалауда жүгінетін өлшем таразысы неде деген сұрақтың методологиялық кілті төңірегінде бірер ойымызды айта кетейік. Біздіпайымдауымызша, тарихи мән-маңызы бар мәселені ой елегінен өткізгенде екі өлшемге басымды беру керек. Біріншіден, зерттеу нысаны мен пәніне айналған құбылыс және үдерістің мемлекеттік реттелуі, нақты жүзеге асуы, құқықтық рәсімделуі ел Конституциясы, тиісті заңнамалық актілер аясында жүрген-жүрмегенін назардан шығармау, екіншіден, түпкі нәтижесі әлеуметтік қауыммүддесіне жауап берген-бермегенін бүкпесіз ашу. Қазақстанның құқықтық мемлекет екендігі негізгі Заңда айрықша көрсетілген. Заңды бұзудың арты неге апарып соғатынын Атырау қаласында күйреп түскен көпір, Астанада орнатылмай қалған Керей мен Жәнібек хандар, қазақ батырлары ескерткіші коршаған ортаны қорғау министрлігінің бұрынғы басшысы Н. Ысқақов пен орынбасарларының тағдыры, Оңтүстік Қазақстан облысында балалардың СПИД ауруына шалдығуы - бәрі бұлтартпай әшкерелеп тұр. Осылардың әрқайсысы, түптеп келгенде, халық қаражатын талан-таражға салудан бұрын жекелеген әлеуметтік кауымның бүгіні мен ертеңіне кері әсерін тигізеді. Әлеуметтік қауымның
үлкенді-кішілі болатыны белгілі: оқушылар мен студенттер әскери қызметкерлерден басым, педагогтар мен ғалымда жұмыссыздардан көп, мәдениет саласындағылар шағын-орта бизнеспен айналысатындардан аз. Көппен есептесіп, саны азды шетке қағу практикаға да, ғылымға да жараспайтын қателсеу. Конституция бабының, тиісті заңнамалық құжаттың дәл әрі толық атқарылмауы бірде көпшіліктің, бірде мейлінше шағын қауымның мүддесін, құқығын шайқайтынын, қоғамдағы мәдени-имандық ахуал бұзылатынын, мемлекет пен әлеуметтік субъектінің, үкімет пен азаматтардың
арасындағы сенім және тепе-теңдік дағдарысы туындайтынын, бұл әлеуметтік сілкініске жасалған бірінші қадам екенін жоғары методологиялық ұстаным мәртебесіне көтерумен тарих ғылымының өмірмен байланысы арта түседі.

Тарихи ақиқат қырлары сан алуан. Сындарлы азаттығымыздың біреуді тамсандырған табысы әлдекімнің тарапынан сынға ұшырап жататыны немесе елеусіз-ескерусіз қалатыны бар. Түптеп келсек, методологиялық ұстанымы келіскен тарихи ақиқат қана азаттығымыздың негізгі - қосалқы, басты – екінші ретті, кезек күттірмейтін - бөгеле тұратын стратегиясы меп тактикасын, мақсаты мен міндетін, басымдығы мен тетіктерін, дерті мен шипасын дөп басуға әкеледі. Ғылыми танымның қапысыз анықталған методологиялық ұстанымы азаттық тарихын бұрмалаусыз, әсірелеусіз жазуға жол бастайды. Тәуелсіз Қазақстанның «ақтаңдақсыз» ақиқат тарихын түзудің өзі санадағы, қоғамдық пікірдегі, ішкі-сыртқы саясаттағы, экономика мен мәдениеттегі барымыз бен жоғымызды, ілгерілемен іркілісті дәйектеудің кілтіне айналып отыр. Азаттық ақиқатты айтқызғанда, ақиқат азаттық мүддесін қорғаумен әрленгенде тарих ғылымы өз миссиясын орындайды.

Резюме

Статья посвящена обсуждению методологических проблем исторических исследований. По мнению автора, история сегодня должна быть открыта для всех направлений мысли и гипотиз, выдвигаемых другими дисциплинами, которые тоже изучает общество, а ее методы, также как и способы постановки вопросов, должны быть в значительной степени обновлены.

Summary

Article is devoted problems and problems of social studies of modern Kazakhstan.According to the author,necessity of reforming of social studies of Kazakhstan-the requirement of time also urged to prepare comprehensively developed,creatively and critically conceiving experts,the persons possessing high feeling of patriotism,validly concerning national values,the historical past Kazakh and other people capable to complete vision and the analysis of ways of development of a society.

## ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

**Қ.Атабаев -**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қоғам және қоғам тану мәселесі барлық уақыттада қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселесі болған және бола бермекте. Десекте, бүгінгі Қазақстан қоғамдық ғылымдары өз міндеттерін толық атқарып отыр деп айту қиын. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік қарсаңында өзінің «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында кеңестік қоғамтану ғылымын талдау жасай келе: "Ат төбеліндей басшы топтың шындыққа жанаса бермейтін қағидаларына қызмет етуді көздеген қоғамдық ғылымдарымыздың өмірге ілесе алмай, "артта қалушылығы" да бізге өткенімізден мұра болып қалған зардабы мол қасиеттеріміздің бірі. Қазір біз теориялық тұрғыдан алғанда мүлдем қарусызданып, дәрменсіз күйде қиындық" деп жазған еді [1.131 б.]. Содан бері, яғни тәуелсіздік жылдары Қазақстан қоғамдық ғылымдарын көп өзгеріске ұшырай қойды деп айту қиын Күні бүгінге дейін ұлттық идеологияның болмауы, дәл сол біздегі қоғамдық ғылымдардың дәрменсіздігінің тікелей салдары. Мұндай тұйықтан шығудың бірден біржолы Қазақстан қоғамдық ғылымдарын ұлттық мүддеге сай түбегейлі қайта құру.

Қазақстан қоғамдық ғылымдарын уақыт талабынан шыға отырып, реформаландырудың объективті алғышарттары бізде толық пісіп жетілді деп айтуға болады. Әрине реформа жолының ауыр жол екендігі, оның аурулы да азапты жол екендігі баршаға аян. Дегенмен, ол бірден бір дұрыс жол. Саналы түрле барып жан-жақты ойластырылған жәнемақсатты түрде іске асырылған реформаның бар азабын ашыдаған қоғам ғана оның оңды нәтижесін көре алады. Жалпы алғанда Қазақстан ғылымын реформалау ісі соңғы кезде белсенді түрде жүргізіле бастағандығы рас. Бірақ, олар, негізінен, ғылыми-техникалық дамуының 5 басым бағыттары бойынша ғана жүргізілуде. Ал Қазақстан ғылымы болса үлкен табыстарға жылдам қол жеткізуге көмектесетін нақты-қолданбалы технологиялық ғылымдардан ғана емес, сонымен қатар, нәтижесі бірден көзге түсе қоймайтын, бірақ түбінде ұлттың ұлт болып қалуында, ұлттың өзіндік бет-бейнесін сақтай отырып дамуында, солар қылы қоғамның бірлігін сақтауда шешуші рөл атқаратын қоғамдық ғылымдардан да тұрады.

Ұлттық ғылым академиясының 60 жылдығына арналған мерекелік сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан ғылымының осы бөлігі тұрады: «...мен гуманитарлық ғылымдар саласына да назараударған жөн деген қорытындыға келіп отырмын. Ол ғылыми зерттеулердің тағы бір басым бағыты болуға заңды түрде үміттенеді... Бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасы тұрғысынан келгенде қоғамдық ғылымдардың маңызын ешбір жағдайда да төмендетуге болмайды»- деп, атапайтты.

Бірақ, әзірге, неге екені белгісіз, Қазақстан үкіметі біздегі қоғамдық ғылымдарды реформалау арқылы түбегейлі қайта құру қажеттігі туралы мәселе көтермей отыр. Ал, оларда мемлекет тарапынан өздеріне көңіл аударуды, қоғамымыздың бүгінгі даму деңгейіне сәйкес және ұлттық мүддеге сай реформалау арқылы, дамудың жаңа сатысына көтеруді қажетет еді. Сондықтан қоғамдық ғылымдарды реформалауда уақыт талабына сай жүргізілуі керек.

Ал, ол үшін, алдымен біздегі қоғамдық ғылымдардың өзіндік ерекшеліктерін анықтапалу қажет болады. Қалыптасқан шынайы ахуалдан шыға отырып, өз ерекшеліктерін есекермей және жан-жақты ойластырылмай жүргізілген реформалардың көптеген қиыншылықтарға кездесіп, нәтижесінің ойдағыдай болмай шығатындығын өмірдің өзікөрсетіп отыр. Сондықтан да Қазақстан қоғамдық ғылымдарын реформалау арқылы қайта құру туралы өз ойымызды көпшілік назарына ұғынып отырмыз.

Біріншіден, Қазақстан қоғамдық ғылымдары большевиктер партиясының құрған Кеңес қоғамының артықшылығын дәріптеу мен айналысуға тиіс болған КСРО қоғамдық ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде пайда болып, қалыптасты және 70 жыл бойы сол бағыттадамыды. КСРО күйреп, большевиктер диктатынанда, қоғамдық ғылымдардың негізін құраған марксизм-леннизм ілімінен де құтылдық. Бірақ, Қазақстан қоғамдық ғылымдарында кейбір концептуалды өзгерістердің болғанымен, жалпыалғанда, айтарлықтай түбегейлі өзгерістер бола қойды деп айту қиын. Дегенмен, ондай өзгерістердің болмауының да белгілі бір дәреже де өз заңдылықтары бар.

Өмірбойы “Қазақстанның капитализмді аттап өтіп, социалистік қоғам орнатқандығын” немесе “социалистік өмір салтының капиталистік өмір салтынан артықшылығын” дәлелдеумен айналысқан пәлсәпашының. ‘'социалистік реализмді” немесе ‘‘формасыұлттық, мазмұнысоциалистік” кеңес әдебиетін зерттеген әдебиеттанушының, “Қазақстанда тап күресінің нәтижесінде және большевиктер партиясының басшылығымен социалистік қоғам орнауының заңдылықтарын’’ долелдеп берген тарихшының (солардың бірі осы жолдардың авторы) т. т. Тез арада өзгере қоюлары мүмкін де емеседі. Ол үшін бегілі бір кезеңнен өтуіміз қажет болатын. Міне енді, сол өтпелі кезеңде аяк талып келе жатыр деп айтуғаболады. Ендігі жерде ескі сарынмен жүреберу біздегі қоғамдық ғылымдардың уақытталабынан тым артта қалып қоюына әкеліп соқтырары анық.

Екіншіден, бізде қоғамтанушы-ғылымдар даярлау ісіде, сол баяғы кеңестік кезеңнен қалған жүйе бойынша жүргізілін келді. Рас, соңғы жылдары ғылым саласында ҚРБілім және ғылым министрлігінің басшылығымен бізде де ғылыми дәрежелер берудің, яғни ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын мамандардаярлаудың халықаралық стандартқа сай үш сатылық жүйеге көшіріле бастады. Мүмкін, жалпы алғаныда ол дұрыс та болар. Өйткені, біздегі қазіргі жүйе ғылымды дамытуға емес. Ғылыми атақ – дәрежелер беруге бағытталған. Ол өз мүмкіндігін толығымен тауысқандығы анық. Бірақ, біздің байқауымызша, реформалау барысында біздегі қоғамдық- гуманитарлық ғылымдардың өзіндік ерекшеліктері ескерілмей отырғансыңайлы. Егер, шынымен сола болса, онда мұны ұлт болашағы үшін аса қауіпті үрдістің көрініс бере бастауы деп бағалауымыз керек.

Үшіншіден, біздегі барлық дерлік қоғамдақ-гуманитарлық ғылымдар сапасы аса саясаттандырылған, өзінің басты міндетінен алшақтатылған. Олар ұзақ жылдар бойы бір ғана идеологияға және белгілі бір саяси топтың мүддесіне қызметтесіп, орыстық (кеңестік) дүниетанымның шылауында келген ғылым. Қазақстан қоғамдық ғылымдарының осындай және басқада ерекшеліктері ескермей, оның қазіргі реальды жағдайымен мақсат- міндеттерін анықтайалмай, нақты жаратылыстану ғылымдармен қосақтап, бірқалыпқа құйып реформалау бір қателіктен, екінші қателікке ұрындырары анық. Мысалы, қазіргі жаңа талаптардың бірі, философиядокторы (PҺ.Д) ғылыми дәрежесін беруге байланысты шетелдік университеттермен, ондағы мамандармен ынтымақтасу, мүмкін ғылымның басқасалаларына пайдалы болса болар, бірақ Қазақстан қоғамдық ғылымдарына пайдалы болуы екіталай. Бұл кеңестік шылбырдан босаған Қазақстан қоғамдық ғылымдарынын мойнына батыстық шылбар салу деген сөз,

Қазақтың тілі, тарихы түгіл қазақтың өзінің кім екендігінен хабары шамалы шетелдік мамандардың біздің тілімізді, тарихымызды, әдебиетімзді т.т, зерттеуге көмектеседі деп ойлаудың өзі ыңғайсыз. Мысалы, біздің тарихымызды шетелдік тарихшылырдың, олардың ішінде орыс тарихшыларынында. Қалай жазғанын талай көрдік емес пе? Кезінде тарихымызды өзгенің көзімен және өзгенің тілімен жазу негізгі үрдіске айналмадыма? Өкінішке орай, сол үрдіс аздаған өзгерістермен күні бүгінге дейін жалғасып отырған жоқпа? Ондай үрдістен бастартпай, тарих ғылымын басқа арнаға бұрмайшына тарихымызды зерттеуде, жазуда мүмкін емес екендігіне көзіміз әлі де жеткен жоқпа?

Тарих ғылымын басқа арнаға бұрудың бірден-бір жолы Қазақстан тарих ғылымын ұлттық мүддеге сай реформалау арқылы түбегейлі қайта құру екендігі және оның теориялык - методологиялық негіздерімен жолдары туралы біз бірнеше мақалаларымызда айттық. Бірақ, Қазақстан тарих ғылымын

біздегі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде, сол ғылымдармен байланыстағана реформалауға болады. Қоғамдық ғылымдарды реформалаудың да объективті артықшылықтары бізде толық пісіп жетілді деп батыл айта аламыз. Олардың еңбастылары: ұлттың өзін-өзі тануға деген ұмтылысы; дінге, тілге. Тарихқа деген қызығушылықтың артуы; ұлттық идеологияның қажеттігі т.б. Бүгінгі қоғамдық ғылымдардың мұндай ұлттық сұраныстарды қанағаттандыруға қабілетсіз болып шыққандығы баршаға аян шындық. Тәуелсіздік алғанымызға 18 жыл болсада ұлттық идеологиямыздың болмауы соның айқын дәлелі. Ұлттың рухани өмірін зерттейтін шынайы қоғамдық ғылымдары болмай, ұлттық идеологияның қалыптасуы да мүмкін емес.

Төртіншіден, қоғамдық ғылымдарды реформалау үшін ең алдымен оның мақсаты мен міндеттерін, қай бағытта, қандай жолдармен реформалауға болатындығын айқындауымыз қажет. Біздің ойымызша, Қазақстан жағдайында біздегі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың басты зерттеу объектісі - қазақ қоғамы болуы керек. Өйткені, қазақ жерінде бұрын-соңды өмір сүріген адамдар қауымдастығының негізін қалаған, қоғамдық қатынастардың ұйтқысы болған жәнс болып отырған казақ халқы. Осы бір қарапайым да айқын шындықты мойындап, ашық айтатын уақыт жетті. Қазақтың тілін, әдебиетін, мәдениетін, САЛТ-дәстүрін, дінін, ділін, психологиясын, тарихын т.б. бірінен бірін бөліп қарастырып, бөліп зерттеу мүмкін емес. Өйткені олардың бәрінің ортасында тұрған алтын діңгегқазақ ұлты және сол ұлттың құрған қоғамы. Сондықтан қазақтардың өмір сүрген және өмір сүрі отырған қоғамын барлық ерекшеліктерімен кешенді зерттеуіе мүмкіндік алу қоғамдық ғылымдардыреформалаудың басты мақсаты болуы керек.

Әрине, қазақ қоғамын жан-жақты зерттеу барысында әр ғылым саласы өз мақсат-міндеттеріне қарай қызмет етуге, қазақ қоғамының сан-алуан кырларын ашып көрсетуге тиіс. Бірақ, ең бастысы,олар бір-бірімен тығыз байланыстқарастырылып, бірін-бірі үнемі толықтырып отырулары керек. Өйткені, олардың негіздері бірі зерттеу объектісі ортақ. Мысалы, қазақ тлі, қазақ әдебиеті мен қазақ **тарихын** алалық. Оларды бірінен-бірін айырып, біріңсіз бірін зерттеу мумкін емес. Себебі тіл ұлттың тарихын даму барысында пайда болса, қалыптасса және дамыса, ұлттың тарихы сол ұлттың тілінде пайда болған әр алуан әдебиеттерде бейнеленген. Сондықтан қазақ тілі мен әдебисті тарихилық принципі тұрғысынан. қазақ тарихы тілінде зерттелінсе, тарих негізінен сол тілде пайда болған ауыз әдебиеті немесе жазба әдебиет сияқты дерек көздері арқылы зерттелініп, жазылуы тиіс. Демек, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы т.т. бір-бірімсн тығыз байланыста, кең түрде зерттелулерікерек. Ол үшін алдымен оларды зерттейтін ғылымдарды кешенді түрде реформалау арқылы қайта құру қажет.

Бұл аса күрделі де аухымды істі бұдан әрі кешеуілдетуге болмайды. Себебі бүгінде қазақ қоғамының алдында екі бағыт көріне бастады. Біріншісі - өзінің ұлттық бет-бейнесінен айырылып, жаһандану жолында ұлт ретінде жойылу, екіншісі - өзінең ұлттық бет-бейнесін, яғни тілін, әдебиетін, дінін, салт-дәстүрін, тарихын т. т. сақтай отырып, әлем халықтары арасынан өз орнын таба білу.

Әзірге анық көрініп тұрғаны біріншісі Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Жаһандану дәуірінде тарихи-мәдени мұра - өзін-өзі біртектендірудің негізі. Оны сақтамасақ, біз жаһандану әлемде тағы дажоғалып кетуге тәуекел етеміз» деді. Демек,ұлтқа төнген қауіптің барлығын жоққа шығаруға болмайды, Қоғамдық ғылымдарға өз дәрежесінде, яғни ұлттық деңгейде көңіл бөлмеудің тікелей соған алып келеріне еш күмән жоқ. Ал, екіншісіне біздегі қоғамдық ғылымдарды жаңа сапалық деңгейге көтеру аркылы ғана қол жеткізуге болады. Демек, Қазақстан қоғамдық ғылымдарын реформалау арқылы түбегейлі қайта құру, қоғамтану ғылымының теориясы мен методын терең меңгерген, ұлттық кәсіпқой қоғамтанушы-ғалым мамандардың жаңа буын өкілдерін даярлау – ұлттың ұлт ретіндс сақталуының және дамуының басты кепілдіктерінің бірі.

Сонымен қатар, Елбасы езінің корытынды сөзінде “Мәдени мүра” мемлекеттік бағдарламасына қатысты негізгі міндеттерді атап көрсете келе: «Тұтастай алғанда осы және басқа міндеттер кешенін орындау ведомствоаралық нақты үйлестіруді талап етеді»-деді. Ондай үйлестіру міндетін атқара алатын және өзі де сол мақсатта ашылған Орталық бар. Тек оны тиімді пайдалана білу қажет. Мысалы, менің ұсынысыммен және “Мәдени мұра” бағдарламасының сол кездегі жетекшісі И.Н.Тасмағамбстовтың тікелей қолдау көрсетуімен, ҚР үкіметінің 2005 жылты I наурыздагы № 183 қаулысына сай, сол жылдың 1 шілдесінен бастап “Археография және деректану ұлттық орталығы” жұмыс істей бастады. Сол жылдары жүзеге асырыла бастаған мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында ашылған Орталық сол бағдарламаға қатысқан әр түрлі мемкемердің жұмысын

үйлестіруге, жиналған деректерді ғылыми айналымға тартудың археографиялық жәндеректанулық негіздерін жасап, жолдарын көрсетуге тиіс болатын.

Бірақ, біріншіден, бізге түсініксіз себептермен Орталық өзінің Ұлттық деген атына қарамастаМәдениет және ақпарат министрлігінің бір комитеті жанынан ашылып, қызмет аясы сол комитет шеңберімен шектелді. Екіншіден, Орталық деректанушы мамандар бар Алматы қаласында емес,ұлттық деректану ісін меңгерген бірде бір маман жоқ Астана қаласында ашылды. Міне, сол Орталықты Үкімет шешімімен ведомствоаралық ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде кайта құруға болады. Олай дейтініміз, біріншіден, гуманитарлық сипаттағы біздегі барлық қоғамдық ғылымдардың негізгі ұлттық дерек көздері құрайды. Сондықтан қазақ қоғамының қай саласын зерттеумен айнапыспасын, қоғамтанушылардың бәрі де сол ұлтгық деректермен жұмыс істей білулері керек. Ол үшін ұлттық дерек көздерімен жұмыс істеудің теориялық-методологиялық негіздерін жасап, әдіс-тәсілдерін айқындаумен айналысатын арнайы орталық қажет.

Екіншіден, біздегі қоғамдық ғылымдардың таным обьектісінің негіздері, яғни қазақ қоғамының мәлімет көздері болып табылатын ұлттық деректер бір министрлікке қараса, таным субъекті, яғни қоғамтанушы ғалымдар екінші министрлікке қарайды. Мысалы, ұлттың өзін-өзі тануға негіз болар дерек көздсрі Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты мұрағаттарда, мұражайларда және кітапханаларда сақталса, сол дерек көздерін зерттеу ісімен айналысатын қоғамтанушылар жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, әр түрлі зерттеу орталықтары мен зертханаларда жұмыс істейді. Бүгінгі күні олардың арасында белгілі бір үйлестіру орталығы жоқ. Ал ондай орталықтың қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде.

Елбасының бастамшылдығымен қабылданған “Мәдени мұра” бағдарламасының аясында үлкен-үлкен жұмыстар атқарылып, талай ауқымды істер тындырылғандығы рас. Ол туралы Елбасының қатысуымен Астанада өткеин Қоғамдық кеңестің отырысында жан-жақты айтылды. Әр мекеме басшысы өз есебін жасап, бағдарламаның өзіне тиісті бөлімін орындағандықтарын баяндады.

Дегенмен, қандай-да істе болмасын белгілі бір кемшіліктердің болатындығы заңдылық. Ондай кемшіліктердің “Мәдени мұра” бағдарламасын орындау барысында да жіберілгендігі анық. Терең талдау жасамай-ақ, сырттай қарағанның өзінде де талай кемшіліктерді байқауға болады. Ол, әсіресе, аударма мәселесіндс айқын көрініп тұр. Әрине, олар келешекке ескерілуі керек. Бірақ, “Мәдени мұра” бағдарламасын орындау барысында қандай кемшіліктер жіберілгендігі, бөлінген қаражының қаншалықты тиімді жұмсалынғандығы, келешекте неге көңіл аударуымыз қажет екендігі, ең бастысы, сол бағдарламаны орындау барысында жиналған жазба мұраларды ұлт мүддесіне сай қалай пайдалана білуіміз керек екендігі анық айтылмай қалды. Өйткені бізде "Мәдени мұра” бағдарламасының қорытындысына ғылыми сараптама жасайтын белгілі бір ортылық болмай шықты.

Сонымен, қорыта айтсақ, Қазақстан қоғамдық ғылымдарын ұлттық сұранысқа сай реформалау арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеру уақыт талабынан туындап отырған қажеттілік. Бірақ, тәжірибе көрсетіп отырғандай, қандай да болмасын ұзақ жылдар бойы әбден калыптасып қалған жүйені реформалау арқылы қайта құру ауыр да азапты іс. Ол үлкен шыдамдылықты және жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Ал, қоғамдық ғылымдар сияқты ұлттың рухани өміріне қатысты ғылым саласынқайта құру тіптен де ауыр іс. Сондықтан ол тек ғылыми негізделген шаралар арқылы ғана жүргізілуі тиіс. Біз жоғарыда айтқан ведомство аралық Орталықтың басты міндеті сол бағытта атқарылар нақты шаралардың ғылыми негіздемесін жасау және солардың тиімділігін дәлелдеу болу керек.

Екіншіден, қоғамдық ғылымдардың бәріне ортақ ңегізгі тірегі ұлттық мәдени мұралар: фольклор, археологиялық, этнографиялық, жазба т.б. тарихи деректер. Бірақ оларды тек деректану ғылымы арқылы ғана танып білуге, олардан шынайылық денгейі жоғары мәліметтер ала білуге және ғылыми еңбектерде пайдалана білуге болады. Демек, Орталықтың келесі міндеті ұлттық деректану ғылымының теориялық-методологиялық негіздері мен зерттеу әдіс-тәсілдерін жасау болуы тиіс.

Үшіншідсн, қоғамдық ғылымдарды реформалау қоғамтанушы ғалымдардың жаңа буынөкілдерін дайындауды қажет етеді. Сондықтан Орталық осы істі сұранысқа сай үйлестіру ісімен айналысуы керек.

Төртіншідсн, Орталық “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында атқарылыр келешек кешенді Істсрді үйлестіру міндетін де атқаруы тиіс. Әрине, бұл айтылғандар тек ең негізгілері ғана. Дегенмеосының өзі де арнайы бір Орталықтың қажеттігін көрсетсді ғой деп ойлаймыз.

*Назарбаев Н. Ә. Әділеттің ақжолы. - Алматы: Қазақстан, 1991. - 131 6.*

Резюме

Статья посвящена проблемам и задачам общественных наук современного Казахстана.

По мнению автора, необходимость реформирования общественных наук Казахстана - требование времени и призвана подготовить всесторонне развитых, творчески и критически мыслящих специалистов, личностей, обладающих высоким чувством патриотизма. уважительно относящихся к националлным ценностям, историческому прошлому казахского и других народов, способных к целостному видению и анализу путей развития общества.

Summery

Article is devoted problems and problems of social studies of modern Kazakhstan.According to the author,necessity of reforming of social studies of Kazakhstan-the requirement of time also urged to prepare comprehensively developed,creatively and critically conceiving experts,the persons possessing high feeling of patriotism,validly concerning national values,the historical past Kazakh and other people capable to complete vision and the analysis of ways of development of a society.

## АЛШЫН АТАУЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

**Т.О. Омарбеков -**

әл-Фарабиатындағы ҚазҰУ-нің профессоры, Қазақ халқының ежелгі және ортағасырлардағы тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.

«Алшын» атауы қазаққа жақсы таныс. Әдетте, Кіші жүздің қазақтарының үш бөліктен тұратын құрылымы, яғни, Байұлы. Әлімұлы және Жеті ру ортақ атпен жанама түрдс алшын атала тыны белгілі. Қазақстанда жарық көрген «Атырау энциклопедиясында» осыған байланысты мынадай жолдар бар: «Алшын – Кіші жүз руларының атасы, Сондықтанда бірқатар тарихи деректерде Кіші жүзді кейде алшын деп те атайды. Жазба шежірелік деректерге қарағанда. Алшын есімді адам басқарған бір бөлек тайпаның ежелгі мекені бүкіл түркі тайпалары сияқты осы күнгі Алтай өлкесі деседі»[ I].

Міне, алшындардың қазіргі отанындағы жергілікті тарихшылардың өздері «алшын» атауын осылай түсіндіреді. «Алшын» атауының бір кездері, дәлірек айтсақ. Казақ хандығы құрылған алғашқы ғасырларда этноним ретіндеде әрекет еткенін байқаймыз. Кіші жүздің рулары ежелгі ортағасырлық деректерде ортақ «алшын» атауымен көрініс береді. Мысалы, «алшып» атауы туралы алғашқыдеректерде - ХУ-ХYІғғ. Дешті Қыпшақтағы тайпалардың құрылымын көрсететін «Маджмуат-тауарих» дерегінде[2] және «Насаб-наме-ийузбек» атты шығармада, «Асами-йи наваду ду фирка-йи - узбек»[3] дерегінде, «Тухфатат-тауарих-ихани»[4] атты шығармада жеке тайп аатауы ретінде беріледі.

Дегенмен де бұл деректерде «Маджмуат-тауарихтан» бастап алшындар жалайырлармен, арғындармен, қоңыраттармен, наймандармен, қыпшақтармен, каңлылармен және т.б. қатар берілетін болса, кейіннен Жетіруды құраған тайпалар, дәлірек атап айтар болсақ, керейіт, табын, тама, рамадан, телеу, кердері Алшын одағынан бөлек және онымен қатар жеке тайпалар ретінде көрсетілген. Мұның өзі Алшын одағын ашын мәнінде, алғашқы кезде Байұлымен Әлімұлы рулар бірлестігі мүше болған, ал Жетіру Тәукеханның тұсында ғана қалыптасып, бір тайпа бірлестігін құрап, Кіші жүз құрамына кірген деп көрсеткен М.Тевкелевтің дерегі дұрыс болып табылатынын байқатады. Дегенмен де бірте бірте Жетірудың алшынға кірме екені ұмытылып, бүкіл Кіші жүзр улары Алшын деген ортақ атаумен аталатын болып кетті. Бір сөз бен айтқанда, Алшын шежірелік деректсрде бүкіл Кішіжүздің түп атасы ретінде көрсетілсді. Тегінде, бұл атау тым ертеде Батыс Түрік қағанатының тұсында өмірге келсе керек және ол батыс Қазақстан территориясында біртіндеп орныққан тәрізді. Халықтың тарихи санасы ежелгі түркі дәуірінен кейінгі Қазақ хандығы тұсына дейін Алшын атауын әрқашанда құрметтеп, қастерлеп келді. Сондықтанда бұл этноним ел арасында аңызға айналған.

Мәселені аңызға айналдыруда қазақ шежіресі де өзіндік үлес *қосады.* Ол бойынша, Алшыннан жалғы зұл – Қыдуар есімді бала дүниеге келген. Қыдуардан Әлқожа, Асан қожа туады. Әлқо жадан-Нәдірқожа, Сәдір қожа туады. Асан қожадан - Еркожа, Қыдырқожа, Алтай, Естай, Ата, Қалпақтуады.

Нәдірқожадан алты аталы Әлім, Сәдір қожадан жеті аталы Жеті ру тарайды.Ерқожадан - Ожырай, Жаппас, Қыдырқожадан - Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақытсиық, Ысық, Мысық, Майсатуады.Елтайдан - Адай, Естайдан–БеріАтадан - Есентемір, ҚалпақтанГазтуады. Қыдырсиықтан –Шенеш, Шеркеш,Сұлгансиықтан - Алаша, Масқар, Байбақты, Тана, Қызылқұрттуады. Бақытсиықтанбалаболмай, інісікейшежіреде – қызының баласы делінеді Ысықты бала ретінде тәрбиелеп, одан Ысық Бақытсиық тантараған болып есептеледі.

Қыдырқожадан он екі бала туған. Осы Қыдырқожа тарихи деректерде Байұлы деген атпен белгілі. Бұл он екі ата Беріш, Байбақты. Адай, Есентемір, Алтын, Алаша, Қызылқұрт, Тама. Таз Жаппас, Ыстық, Серкеш (Шеркеш, Черкес) деп таралады. Сонымен бірге Қыдырқожадан Байсары. Әлім, Шемен *деген* баладар дүниеге келгсн. Осылардың үлкені Байсарыдан - Бозаншар, Майлыбай, ал екіншісі Әлімнен - Жаманақ (Шекті). Қарамашақ (Төртқара), Айнык, Ұланақ, Тегінболат, Тайқожа (Тоққожа) деген балалар тараған. Ал үшінші бала Шоменнен -Шөмекей, Дойт туған[5].

Әрине, қазақ шежіресі негізінен алғанда ХYI-ХYII ғғ. ауызша тарих айту дәстүрінің нәтижесі*болып* табылады. Сондықтан да онда түп атаға байланысты деректер бірнеше атадық буындарды тастап кету арқылы айтыла береді. Әңгіме бұл жерде «алшын» атауы туралы. Тарихшылардың және ататек шежіресімен айналысатын зерттеушілердің ғылыми еңбектері бұл атаудың тарихи тамырының шынында да тереңде жатқанын мойындайды. Осы тұрғыдан алғанда, «алшын» атауыныц шығуына байланысты әртүрлі көзқарастар бар. Олардыц ең көнесі тарихтың атасы аталган *Г*еродоттың пікірі. Ол б.з.б. V ғ. Қара теңіздің жағалауларында өмір сүрген алазон (алазонес) тайпасы туралы айтқан еді. Бұл тайпа оның түсіндіруінше скифтердің тайпалық одағына кірген[6].

Осы пікірді кейінігі зерттеушілер, дәлірек атап айтар болсақ М.Тынышпаев толық қолдап, өзінің «Қазақ халқының тарихына материалдар» деп аталатын еңбегінде алшын атты түрік тайпасының Алтай тауынан біздің жысанауымыздан бұрын V г. дейін батысқа жылжып, қоныс аударғанын атап көрсетеді. Бәлкім, бұл Геродоттың «алазоны» болар деген пікірге келеді ол. Сонымен бірге М.Тынышпасв ертедегі Плинийдің «асокий» атты тайпасын да осы алшын болар деген болжам айтады[7].

Бұл пікір назардан тыс қалған жоқ. Егер М.Тынышпаев алазондарды алшын болса керек деген тәрізді болжам жасаған болса, ад қазақтың әдебиетші ғалымдары осы алазонның алшын екеніндәлелдеуге тырысты. Мысалы, қазақ ономастикасын зерттеп жүрген белгілі ғалымымыз Т.Жанұзақов өзінің зерттеулерінде «бәлкім, «алшын» қазақ этнонимі, Геродот атап кететін алазонестің фонетикалық үлгісі болар, - дегенді айта келіп, томендегіше ой қорытады: «Оның бөлшектерін талдап көрейік. Ежелгі тайпа атауы алазон екі дербес бөліктерден тұрады. Алғашқы бөлік «аланы» Алтайдағы жәнеежелгі түрік тілдеріндегі көптеген этнонимдарда және топонимдарда анықтаушы ретінде кездестіреміз, мысалы: *ала* даг (шорлықтарда). ала яр (алтайлықтарда), ала шаһар (османдықтарда). ала чаам (округтың аты). Ала сөзі көптеген түркі тілдерінде үлкен, алып, ұлы мағынасында кездесе береді, мысалы: башк. оло, якут, улахан. каз. Ала (Алатау), қырг. ұлы «великий» Алатоо Екінші бөлік - зон моңғол және тұнғыс-манчжурлардың тілдерінде, сондай-ақ түрік тілінде халық, тайпа деген мағынаны білдіріп, әртүрлі (жоғарыда көрсетілгендей фонетикалық үлгілерде кездесе береді. Үшінші морфобөлік -с үндіеуропа тілдерінде көпшілік санның көрсеткіші болып табылады. Бұл жерде фонетикалық өзгеріс сызбасын төмендегі түрде көрсетуге болады: алазон < алйзон < алзон < алсын < алшын. Алғашқы бөліктің дауысты «о» сөзі үндіеуропа тілінде, оның ішінде орыс тіліндс лабиальды *и*-ге көшіп, соңынан гаплологияға ұшыраған.

Ұзын бөлігінің бастаушы дауыссыз з әрпі түрік тілінде дауыссыз с - ч —ш дауыссыздарына өзгерген. (с-ныц ш-ға кезектесуі түркі тіліндсгі заңды құбылыс). Айтылғандарды жинақтай келе, «алшын» этнонимі алғашқы алазон сөзінің тайпалар жиынтығы, көпсанды, үлкен тайпа деген тәрізді өзгеріске ұшыраған түрі болып табылады»[8].

Осы жерде мынандай ой келеді, алшындардан таралатын Қаракесек (Әлім) тайпасының аты да қара, яғни көп деген ұғымды береді деп жазатын зерттеушілер де бар. Мұны біз алдағы «қаракесек» этнониміне байланысты пікірдерімізде нақтырақ айтатын боламыз.Бұл айтылғандармен жалпы алғанда келісу қиын. Өйткені, алазон тайпасы географиялық

жағынан Геродотта Қара теңіз бойындағы тайпалар ретінде сипатталған. Егер де б.з.б. Ү ғ. АлазондаҚара теңіз бойында жүрген болса, ал батыс Қазақстан территориясындағы қаңлылар, одан соң печенегтер қоластына қараған тайпалар неге алазондар аталмаған. Тіптен олардың бұрынғы атауы алазон емес, алан екенін де білеміз. Аландардың керісінше. амалсыздан батысқа қарай ығысып, Каспийдің солтүстік-батысында өздерінің мемлекетік құрғаны белгілі. Егер алазопдарды емес,

аландарды бұрмаланқырап, «алын» деп алсақ, «алшын» этнониміне жақындай түсер едік. Алайда «аланның» «алын», ал «алышынның» «алшын» болып табылатынын дәлелдеу де оңай болмай тұр. Аныгы қазіргі алшындардың мекені бұрын аландардың тарихи отаны болғай. Оларға немсе олардың көршілері Хазар қағанатына алазондардыі билік жасағаны туралы тарихи деректер жоқ. бірақ оның есесіне, бұл аймақта дәл осы кезеңде түркілердің жаңа рулары баса көктеп кіріп, біртіндеп біздізаманымыздың алғашкы ғасырларында ашина руы үстемдік жасаған. Бәлкім әңгіме осы ашиналар туралы болар.

Екіншіден, Т.Жанұзақов алазон сөзін талдаған кезде, грамматикалық тұрғыдан оны екі бөлікке бөліп, «ала» сөзін ежелгі түрік тіліндегі ұғымдармен байланыстырады. Бірақ бұл жерде мынаны ескеру керек еді, алшын атауында «ала» деген түбір сөз жоқ, бірақ ол «алаша», «алаш» тәрізді атауларда шынында да бар. Ал енді қайталап айтарымыз, алшын атауында «ала» деген ұғым мүлде қолданылмаған. Сондықтан да «ал» деген ұғымды «ала» деген ұғыммен шатастырмау керек деп ойлаймыз. Сонымен бірге, зерттеуші ғалым осы атаудың «зон» дсп аталатын екінші бөлігін моңғол және тұңғыс-манчжүр тілдерінен іздестіреді. Ал, үшінші морфокомпонент «ес» ұғымын үндіеуропа тілінен қарастыру әрекеті байқатады. Сонда түсінгеніміз, «алазонның» алғашқы бөлігі ежелгі түркі тілінен алынса, қалған бөліктері үндіеуропа және моңғол, түңіғыс-манчжүр тілдерінен құралған екен. Мұның өзі шынын айтқанда, ешкімді сендіре қоймайтын түсініктеме. Оның үстіне. аталған тілдер батыс Қазақстан өңірінде әртүрлі кезеңдерде әрекет жасаған. «Алазон» деген этноним бірнеше тарихи дәуірлерді басынан өткізді дегенге ешкім илана қоймас. Өйткені, бұл атау бір ғана Геродотта қолданылған және басқа тарихи кезеңдердегі деректерде мүлде кездеспейді. «Ала», «алаш» атауларын «алшын» этнонимімен шатастыратып жалғыз Т.Жанұзақов емес. Қазақтың кейбір әдебиетшілері «ала» атауының мағынасына жүгініп, бұл сөздің «екі, қос, жұп» деген Мағынаны білдіретінін дәлелдемек болады. Сонымен бірге олар М.Қашқаридың сөздігіне де жүгініп, онда да «ала» этнонимі тек. тайпа ел деген мағынаны білдіретіні, яғни бұдан «қос ел», «одақтас т»айпа мағыналары шығатынын айтып жүр.

«Аланы» этноним ден аныл, оған «ажа» деген айқындаушы сөзді және қаған деген ұғымды қосақтап жазып, ала ажа қаған деген сөздің Алаша хан немесе екі елдің, одактас тайпалардың билеушісі деген мағынаны білдіретінін атап көрсететіндер де бар. Алайда мұндай ұсыныстардың логикалық тұрғыдан тарихи қисынға келе қоймайтынын байқаған авторлардың өздері де «бұл жорамалды ғылыми тұрғыдан дәлелдеу қиын» деген пікірді айтып жүр[9].

Тілдік тұрғыдан осылайша әртүрлі жалғаулар жалғап, «аладан» әрине, «алашаны» да, «алшынды» да шығара салу қиын емес. Бірақ, мұның бәрі қисынсыз болып шықпай ма? Оның үстіне, «ала» деген нақты ұғымның «алшын» атауына жақындығын ешкім де дәлелдеген жоқ. Солай бола тұрса да «Алат» атауынан да «Алаш» этнонимін шығаруға талаптанатын зерттеушілер баршылық. Мысалы, татар тарихшысы Дамир Исқақов осыған байланысты төмендегідей пікір айтқан еді: «... Несколько труднее трактовать вопрос о топониме Алат. Тут надо заметить, у этого топонима есть еще один вариант- Алатырь (Алат + ор-ыр). В данном случае ор-ыр го укреплсние, крепость. Опираясь на историка XYI в. Утемиша-хаджи, я уже высказывал предположение, что более ранее укрепленное поселение с названием «Алат» находилось южнее... Далее должен заметить, что топоним *«Алат»* имеет непосредственное отношение к этнониму «алат». Последиий известен по казахским материалам: согласно казахским легендам, один из легендарных предков этого народа - Алач ( алаш - Алац)...был родственным народу *сиіат*... Такой этноним (апат, аілат и арлат) известен и у узбеков... Пологаю, что этноним «алат» яняляется всего лишь вариантом этнонима «алаш» (алач - алац), возможно, возникнув на основе монгольского форманта «т», восходя, в свою очередь, к раннему кипчакскому этнониму «улаш» (отсюда - улаш-оглы, Улашеаичи), у которого могли быть и варианты «олаш» - «алаш» - «алач».[10] Мұнда татар зерттеушісінің «алатты» ешбір нақты дәлелсіз «алашқа» айналдырмақ болған әрекетін мақұлдай қою қиындау. Егер ұқсас сөздердің бәрін жақын варианттар ретінде қарастыра берер болсақ, олар тым көп болып шығады, және бұл тарихи шындықтан біздерді

алыстата түседі.

Бұл жерде әрине, «ала» атауы Кіші жүзден алаша, жағалбай (жағал) және телеу тәрізді іргелі тайпалардың және жалпы алғанда, Кіші жүздің көптеген тайпаларының қалыптастырушы бастауы болғанын теріске шығармаймыз. Алайда «ала» немссс «алаш» этпонимін «алшыч» этнониміменшатастыруға ешбір негіз жоқ деп ойлаймыз. Аталған рулардың ешқайсысының Кіші жүзде басқалартабынатындай, пір тұтатындай биік және біріктіруші этноним бола алмағаны белгілі. Ал, «алшын» этнонимі болса, өзінің қасиеттілігімен және барлық Кіші жүз ру-тайпаларын біріктіретін, олардың бәрі бірауыздан арғы тегіміз, ата-бабамыз деп мойындаған қастерлі атау. Сондықтан да алшын әрқашан да алашадан биік, бірақ барлық қазақтың алғашқы атауы «алаштан» темен болған. Өйткені Кіші жүздегі алаша руының өзі арғы тектерінің алшын екенін мойындайды. Осы тұрғыдан алғанда тағы да қайталап айтарымыз. «ала» түбірінен басталатын этнонимдерді «алшын» этнонимімен шатастырмағанымыз жөн.

Үшіншіден, Т.Жанұзақовтың және оның алдындағы М.Тынышпаевтың мына мәселені ескермегендері назар аудартады. Оларда «алазон» этнонимі скиф тайпалық одағының атауы, ал қазақтың дәстүрлі шежіреснде және алшынға байланысты тарихи аңыздарда Алшын скиф тайпасының емес, жеке тарихи тұлғаның аты болып табылады. Сондықтан да Кіші жүздің ру-тайпалары өздерінің бастапқы атасын Алшын аталап таратады. Біздің ойымызша, осы келтірілген деректер «алазон» атауының «алшын» атауына ешқандай қатысы жоқ екендігін дәлелдесе керек.

Зерттеушілердің екінші бір тобы «алшын» атауын «алақшын» атауымен байланыстырады. Бұл мәселені кезінде С.М. Абрамзон[11], Ю.А. Зуев[ 12"|, Н.В.Кюннер, Д.Г. Савинов, Әбілғазы, Г.Е.Грумм-Гржнмайло, Л.Н.Гумилев[ 13] және тағы басқалар арнайы зерттеген болатын. Өйткенен, «алақшын» атауы шынында да «алшын» атауына жақын естіледі. Олардың рулық таңбалары да ұқсас. Бірақ бұл сөздердің «ала» немесе «ал» деген сөздерден тұратын түбірлерідің мағыналары мүлдсм басқаш түсініктер беретінін де байқамау мүмкін емес.

Зерттеуші К.И. Петров «алақшын» атауын топо-этнонимдер тобына жатқызған еді. Мұнда ол сөздің түбірі «аладан» басталатынына назар аударады және XYI-XYП ғғ. Бёрюз жеріндегі Қырғыз облысының осылай аталғанына назар аударады. Рашид-ад-Дин алақшындарды Енисей мен Ангара өзенінің қиылысқан тұсына орналастырған еді. Бұл халықтың неліктен «алақшын» атағанын кезінде ол былай түсіндірген болатын: «Говорят. что лошади (жителей этой обласи) все пегие (ала), каждаялошадь сильная как четырехгодовалый верблюд: все ннструменты и утварь из серебра»[14[.

К.И.Петров дәл осындай топо-этнонимнің және аңыздың кытай жылнамаларында да кездесетініне назар аударған еді. Шынында да VIII ғасырдағы Ду Ю «Саяси жинағында» және «ЖаңаТаң тарихы» жылнамасында жылқыларының бәрі ала болып келетін бұл елдің қытай тілінде – «Бомалар елі» (созбе-соз аударганда - «ала аттар») аталатыны нақты атап көрсетілген[i5|. Осы сирек кездесетін тарихи деректі кейінгі зерттеушілердің бәрі өздерінің тұжырымдарына дәлел ретінде толықтыра және өрбіте жазып, пайдаланып келеді. Мысалы, XYI ғасырдың әйгілі авторы Әбілғазы өзінің «Түрік шежіресінде» былай деп жазады: «Олардың көптеген тайпалары елдің шығысындағы қырғыздар елінен еткенде көптеген майда өзендерді косып алып, суын молайтқан Ангара-Мурэнніжағалауларымен кешігі жүретін. Бұл өзеннің аңғарында теңіз жағалауында төңірегінде көптеген елді мекендер бар және көшпенді тайпалар орналасқан үлкен қала бар. Олардың жылқылары сондайтамаша... Олардың бәрінің түсі ала болып келеді. басқалар кездеспейді. Бұл қалаға жақын маңда

Алакчин деп аталатын күміс кен орны болды. Сондықтан да барлық қазандар, ыдыстар және вазаларкүмістен жасалған еді. Бұл ел туралы әңгімелегенде өзбектер былай дейді: «Барлық жылқылары ала, ал ошақтары алтыннан жасалған ел бар»[16].

А.Левшин Алакчиндер елі туралы мәліметті сібір татарларымсн байланыстырады. Тегіндеоның айтуынша, бұлар бір ел болған, кейіннен ішкі келісімнің болмауынан бөлініп кетсе керек[ 17] Ал атты алакчиндер туралы жоғарыда айтылған қытай деректері де бұл айтылғандарды толықтыра түседі.Олардың мәліметіне қарағанда, алакчиндер солтүстікке қарай теңіз жағасында киргуттармен қатарорналасқан. Осыған байланысты қытай жылнамаларынан Ю.А. Зусв мынадай мәліметті келтірген еді:«Жағал аттылардың шаруашылығын сипаттауға келер болсақ, Таншу төмендегіні мәлімдейді: «Ту цюэден солтүстікте тұрады; астанадан 14 000 ли қашықта орналасқан. Шөпті және суды қуалап жүреді (яғни көшеді), бірақ негізінен тауларды мекендейді. Сапқа тұратын әскері 30 000 адам, онда әрқаша қар басып жатады және ағаштар бүршік жармайды. Жерді жылқылармен жыртады, жылқылардыңбәрінің түсі ала.

Сондықтан мемлекетке де осындай атау берілген. Солтүстікте теңізге жақын өмір
сүреді. Жылқылары бар болса да, салт атпен жүрмейді. Олардың сүтін тағамға пайдаланады. Цзе-гумен жиі соғысады»[18].

Зерттеушілер алакчиндердің тағдырын ежелгі динлиндермен де байланыстырады. Осығанбайланысты оңтүстік Сібір халықтарының ежелгі түрік дәуірін зерттеген Д.Г. Савинов төмендегіде пікір айтқан болатын: «Егер динлиндер дегеніміз - бұл теле болса, онда олардың аясында ежелгі түрік дәуірінің ұйғыр, сеяньто және т.б. ірі халықтарының одан әрі қалыптасуы өзара байланыста көрсетілуі тиіс...»[19].

Қырғыз зерттеушілері алакчиндердің ежелгі қырғыздар мемлекетімеп көрші болғаны туралымәліметтер айтып жүр. Бұл белгілі қытайтанушы Н.В.Кюннердің еңбектерінде де көрсетілген дедік.Н.В. Кюпнер алакчиндердің қырғыөлкесінің және елінің құрамына кіргені туралы болжам айта келе, былай деген еді: «Байкал көлінің тұтас жерлерін мекендеген алакчындар қырғыздар мемлекетімен соғыс жағдайында болғандығы жөнінде мәліметтер бар»[20]. Д.Г. Савиновтың айтуына қарағанда,Ангара өзені арқылы жаңа қырғыздарға бас иген шығыстағы басқа руларменен (қыштындар) алақшындардың аралығында табиғи шекара еткен. - деп көрсетеді[21 ].

Қырғыз зерттеушілері осы мәліметтерге нақты назар аудара отырып, алақшындар солтүстік-батыс жағында қырғыздармен. шығыс. жағында құрыхандармен шектескен деген пікірді айтады, Олар бұрынғы құрыхандардан тараған сақа якуттардың «Олонхо» дастанында Аан Алакчын атты жердің кездесетініне назар аударған еді. Мұның өзі олардың ойынша, сақа якутгардың ата-бабалары болған құрыхандардың алақшындармен байланысын растай түседі. Алакчындар туралы пікірді Г.Г. Грумм-Гржимайло да талдай келе, оларды бома деген атпен белгілі динлин руларының бір бұтағы ретінд қарастырған болатын[22]. Сондай-ақ Л.Гумилев та осы бомаларды (алақшындарды) өз алдына мемлекеті болған ел ретінде қарастырады[23] Сонымен бірге Л.Н. Гумилевтің бомаларды екі жерге орналастыратыны бар. Олардың бір бөлігі Саяп-Алтайда «Ди» деген атпен белгілі болса, ал солтүстік Қытайдағы Ганьсу аймағында олардың екінші бөлігі орналасқан еді дегенді айтады. Бұл пікірд К.Шаниязов та мақұлдаған еді[24].

Сонымен бірге қырғыз зерттеушілері байырғы «алакчын» (қытайша - бома) этнонимінің балама атауы бүгінгі күнгі қырғыздарда ғана сақталып келе жатқанын атап көрсетеді. Оларды этникалық бөлік ретінде қырғыздар құрамына кіруі YII-YIII ғасырлардан бастап орын алған деген пікірқырғыз ғалымдары арасында орныққан. Сонымен бірге қазақтардағы, қарақалпақтардағы алшынатауының түп тамырын жоғарыда айтқанымыздай, алакчыннан іздестірегіндер бар. Дегенмен де қырғыз зерттеушілсрі алак+чын атауының бурят-моңғол тілдерінде жалғаулар негізінде адамдар өмір сүрген аймақтың аттарын білдіретініне назар аударған еді[25|. Осының нақты көрінісі Баргудажин Токум (баргулар омір сүрген аймақ) және тағы басқалар. Сонымен қатар қырғыз ғалымдары «алакчин» деген терминнің билік басындағылардың мансабын да көрсеткенін атап көрсетксн еді[26] Әйгілі зерттеуші С.М.Абрамзон Алакчынның қырғыздардағы сол қанаттағы саруу рулар бірлестігіндегі ірі рулар бірі екендігін атап көрсеткен еді|27]. Мұндағы назар аудартары - «алакчын» атауының қырғыздарда көне дәуірден-ақ ешбір өзгеріссіз қалып, бүгінгі күнге бұрмаланбай аман-сау жеткені ғана емес, қазақтарда дәл осындай тарихи атаудың жоқ екендігі де болса керек. Егер біздің «алшын» деп отырғанымыз байыргы «алакчын» атауы болса, ол неге бізде қатты өзгеріске ұшыраған? Ал қырғыздарда неге қаз-қалпында бұрмаланбай қалып қойғанИя, өкінішке орай бұл сауалдарға күні бүгінге дейін жауап жоқ.

Осы айтылғандардың барлығы әсіресе, қырғыз ғалымдарының пікірі «алакчин» атауының шын мәнінде қазақтарғаемес, қырғыздарға тән екендігін дәлелдей түседі. Жоғарыда айтылғандай, бұл атау қаз-қалпында қырғыздарда сақталып келеді екен. Олардағы саруу руында әлі күнге дейін алакчин атты ірі ру бар[28].

Н.Акеров осы мәселенің төңірегінде өз пікірін айта келе: «Ортағасырлық алакчиндердің тұкымдары қырғыздардың, қазақтардың құрылымдарында алакчин, алаш және алшын деген атаулармен сақталып қалған»[29] - дейді. Мұндай көзқараспен келісе қоймайтынымызды жоғарыда айтып кеттік. Шын мәнінде «Алаш» атауы «Алшын» атауынан әлдеқайда кең мағынада қолданылатыны, кейінгісінің қазақтың Кіші жүзінің аталары ретінде қолданылса, ал алғашқысының исі қазақ атаулының түп атасы түрінде бағаланатыны кез-келген қазақ зиялысына жақсы белгілі. Мұны біз жоғарыда да айтып кеттік.

Алайда бұл айтылғандарымыз байырғы алакчындарды қазақ алшындарынан мүлде

оқшаулауды көздеп отырған жоқ. Кейінгі қазақ Кіші жүзінің түп аталарының ежелгі Алтай-Саян өңірінде Алақшындармен аралас-құралас болып көшіп-қонып жүргендерін біз теріске шығармаймыз. Біз, кезінде өзіміздің «Телеу» тарихына арналған монографиялық еңбегімізде бұл мәселеге байланысты мынадай пікір айтқан болатынбыз: «Әсіресе, біз үшін алакчиндерді, боманы Кіші жүздеігі тайпалардың жинақы аты алшынмен туыстастыру аса маңызды, Ежелгі алакчин тайпасының қазақ тайпаларының және әсіресе, Кіші жүз тайпасының, оның ішінде ішінара Жетіру тайпаларының құрылуына белсене қатысқанына біз сенімдіміз. Осы орайда Н.Аристовтың Қалма Қадыр туралы қазақтар аңызын өзінің белгілі еңбегінде атап көрсеткені еске түседі. Бұл аңыздан алакчиндердің қазақ халқын және әсіресе, алшындарды қалыпастыруда маңызды рөл атқарғанын байқай аламыз. ...Енді Н.Аристовтың еңбегіндегі осы аңыздың нұсқасын келтірейік: «Үлкен Орданың аңызы бойынша, Сарыүйсіннің Қалша деген баласы болыпты, Илья Казанцевтің қырғыз қазақтарының Қалша Қадырдан тарайтындығы туралы келтірген аңызы сарыүйсіндерге тікелей қатысты екеніп көреміз: Қалша Қадыр белгісіз бір басқыншының қырғыз даласы арқылы өткен әскерінің қолбасшыларының бірі екен. Шөлден және аштықтан қаталаған ол әскерден қалып қойыпты және өлім аузында жатыпты. Бірақ осы аспаннан қалықтап түскен ақ қаз (қач-ақ) құтқарып алыпты. Ол өте мейірімді екен және Қалша Қадырмен жанасыпты олардың ұрпақтары қазақ атала бастапты. Қалшаның есімінен басқа ертегіде ешнәрсеге назар аударылмайды» [30],

Бұл жерде «калма» атауының «алшын» атауына ұқсастығы назар аудартады. Дегенмен де ежелгі алакчин тайпасының қазақтың кейінгі рулық-тайпалық құрылымына ықпалы туралы айтқанда кейбір зерттеушілеріміз «Алакчин» этнонимінің «Алаш» атауына ұқсас екендігін естен шығарып алатын тәрізді. Ал «Алаш» немесе «Алаша» атаулары шынында да қазақ ру-тайпаларынын біразының этнонимдерінің тарихи тұрғыдан қалыптасуларына айтарлықтай маңызды ықпал жасады. Бұл туралы біз, өзіміздің осыған дейін жарық көрген әйгілі монографиялық зерттеулерімізде, дәлірек айтсақ, «Телеу»[31] және «Жағалбайлы»[32], сондай-ақ «Дулат»[33] тәрізді іргелі ғылыми еңбектерде біршама нактырақ жазған болатынбыз. Мұнда аталған тайпалардың тарихи тағдырында «алаш» атауының үлкен рөл атқарғаны айтылған еді. Сондай-ақ Кіші жүзде алаша руының бар екені белгілі. Мұнда да біз, айтылған атауға байланысты тарихи тамырды айқын аңғарғандай боламыз. Осының бәрі «алакчин» атауының алшын емес, «алаш» этнониміне жақын екендігін дәлелдей түсетіндей. Бұдан шығатын қорытынды, «алшынды» «алашамен» салыстыру тарихи шындықты дәлме-дәл береді десек, қателікке ұрынуымыз мүмкін.

Бір сөзбен айтқанда, түбірі «ала» сезінен басталатын «алакчин» атауы қалай десск те, «алаш» немесе «алаша» этнонимдеріне жақын естіледі. Ал «ала» атауымсн басталатын этнонимдер жоғарыда атап көрсеткеніміздсй, қазақ ру-тайпаларының атауларында айқын байқалады. Бұдан шығатын қорытынды, «алакчин» дегеніміз «алшын» атауынан айтарлықтай алыс жатқан этноним болып табылады.

*(Жалғасы келесі санда)*

*1)Атырау:энциклопедия.- Алматы,2000.-63б*

2)МИКК.- Бишкек,2002.-217-220 бб

*3)Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. (Письменные памятники).-Ташкент ,1985 . -130-131бб.*

*4)Султанов Т.И Кочевые племена Приаралья в XV-XVIIвв (Вопросы этнической и социальной историй).-М.,1982.,-4б.*

*5)Атырау:энциклопедия .-63б*

*6)Герадот. История в девяти книгах. – М .,1972.-191 б.*

*7)Тынышпаев М.Материалы к истории киргиз казахского народа.- Ташкент.1925.-23б*

*8)Джанузаков Т.Очерк Казахской ономастик.- Алматы ,1982.-66 бб*

*9)Қошым Ноғай Б.,Ізімұлы М.Алшын ..// Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы,2002.-132 б.*

*10)Исхаков Д.О ранних кипчакских этнонимах среди Волго-Уральских татар (пр-материалов топонимов и другим данным)// Древнетюркский мир: история и традиции.-Казань,2002.-*

*11)Абрамзон С.М.Киргизы и их этногенетические и историко- културные связи .- Фрунзе ,1990*
*12)Зуев Ю.А Тамги лошадей из вассельных княжеств// Новые матреиалы по древней и средневековой истории Казахстана .- Алма-ата ,1960.-124б*
*13) Кюннер Н.В Китайские известия о народах Южной Сибири,Центральной Азии и Дальнего Востока .- М ., 1961 .- 52 -53 бб .;Савинов Д.Г*

Резюме

Статья посвящена истории происхождения, сущности и содержания «Алшын».
По мнению автора, этноним «Алшын» прошел сложный исторический путь в своем развитии. И этот путь можно обозначить следующим образом: Ашина —* Ашын (Ашин) —> Алшын —>> Қазақ.

Summery

Article is devoted history of an origin,essence and the maintenance этнонимаby “Alshyn”.
According to the auther , the name “Alshyn” there has passed a difficult historical way in the development . And this way can be designated as follows: Ашина–Ashyn (Ашин)--Alshyn—Казак

# МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВНЕ ЕВРОПОЦЕНТРИСТСКИХ КООРДИНАТ

**А.Д. Утегалиева -**
*к.и.н., доцент Алматинского университета энергетики и связи,*

Современый Казахстан демонстрирует мощное развитие во всех сферах жизни. Особенно зримо это проявляется в социокультурном плане. Обновление коснулось архитектуры городов, музыки, кино, индустрии туризма, спорта и развлечений, образовапия, традиций, языка, религиозных взглядов и многих других сторон жизни общсства. Однако все еще сложно говорить о полноценном развитииказахской культуры и языка,

Молодому поколению казахстанцев - ровесников Независимости нашей республики - особенно близко все новое, передовое. Расширяющийся круг общения молодежи, интернет, выезды за пределы государства по туристическим маршрутам, на языковые курсы или различные конкурсы, соревпования (часто уже с детского возраста), всс это значителано расшнряет кругозор и эрудицию молодежи, дает почву для размышлений, сравнений выбора своего пуги в жизни. И в то же время, молодое поколение казахов-антох гонов сгремится утвердить свою национальвую самобытнно, оригинальность культуры и вострсбованность родного языка. Все эти тенденции и стремления ярко проявляются в образовании, особенно в сфере преподавания отечественной истории как опоры, истоков и корней любого автохтонпого народа. Поэтому на преподавателей истории возложйна высокая ответственность - формировать не безликих и социально пассивных профессиопалов-гехнократов. а иастоящих граждан- патриотов.

Преподавательский опыт показывает, что студенчество искренне, патриотичпо верит в большос будущее нашсго молодого государства. И это выдвигает особые требования к прсподаванию истории Казахстана в вузе. .Ясно, что знание истории своего народа и свосй страны у молодых должно быть осознаниым, не формальным (ради сдачи тестов в рамках ГНТ). Только тогда мы сможем говорить о преемственности традиций и поколений, формировании гражданского общества ответственных личностей, поднhмаiъ реальные проблемы казахстанского общества и обсуждать пути их решсния, говорить и строительстве достойного будущего страны.

Сейчас сама отечественная история находится в развитии, уходит от догм и стереотипов колониального прошлого. Историки поднимиют новые вопросы и проблемы, концептуально нересматривают различные периоды прошлого и современности и т.д. Тут имеются свои болезни роста, дискуссионные темы, например, «мифологи.зация» истории, вопросы генезиса казахского этиоса, исгорических личностей (Атгила, Чингизхан, казахские ханы, батыры и т.д.), возвсличивание родоплеменных батыров и героев и т.д.

История покинула кабинеты и архиры, она встречает неподдельный ингерес у широких слоев Казахстанского общества, ибо впервые потомки кочевников получили шанс OCMhICЛИЗЬ и оценить свою историю и культуру не с европоцентрисгских позиций оседлых западных народов, воспринимающих номадов как варваров-разрушителей, а с собственной суверснной точки зрения. Отсюда и острые дебаты на гелевидении, в прессе, интернете и т.д., где припимают участие далеко не только профессирнальные ученыс, историки, а представителй разных страт н возрастов.

У еовременной аудитории, интересующейся историей, есть большое разнообразие исгочников от учебников и книг, теле и радиолередач, статей в газетах и журналах до необъятного пространства интернета, гдс каждый находит нужную информацию, участвуют в форумах и т.д. Даже меняющиеся облики наших городов, изменения в их топономике, новые архитектурные памятиики и меморнальные комнлексы, чаще всего связанные с историсй родного края, прославлепными имепами казахской земли, дают дополнитсльную историческую информацию. Таким образом, история как бы незримо постоянно окружаст нас.

Поэтому преподавание гуманитариого цикла, и в частности, отечественной истории, прямо и непосредствекто влияет на формирование мировоззрсния личносги, уровень сс национапальиого самосознания и самооценку (отсюда тсзис об «истории как служанке политики» или о соседней России как стране с непредсказуемым прошлым»). Использование интерактивных методов в процессе изучения акгивизирует интерес и творческий подход студентов, которые самп создают электронные версии ссминаров, самостоятедьных семестровых работ и дажс сайты, собирают видеотеку, фотоальбомы исторических личпостсй, памятпиков культуры в рамках учсбной программы по истории Казахстана, м все это не может нс радоватъ.

Но вместе с тем возрастает актуальность вонросов *методологгш отечественной истории.* Необходимо признать, что в исторической науке остается доминируюіцим европоцептризм, с позицнй которого номадические общества не получили глубокого и многомерного рассмотрення и, как слсдствие, объективного признания и достойной оценки их роли в равитии человечества.

В то же врсмя мы должны прязнать, что потомкам номадов будет тяжело излечиться от синдрома культурпо-исторической вторичности и неполноцеппости. Казахи, обретя суверенитет и пытаясь возродить родную культуру и язык, столкнулись с рядом трудностей . которые носят совершенно объективный харакгер и имеют исторнчсские корни,

Всли рассматривать в сравнительном аспекте, то генезис казахского народа резко отличается от остальных оседлых народов. Предки казахов в силу есчественно-географичсского фактора сложились как помады, и формироваиис самого казахского народа происходпт в стихпи кочевой цивилизации и устной культуры. В этом проявляется основное отличие от оседлой, земледельчсской цивииизацией. Но безусловно, эти два мира пересекались: и стшікивались в битвах, п соединялись в единое пространс-тво мира и торговли.

Но колонизация казахских земель, политика форсировапной коллективизации 1920-30-х гг. привели к полному оседанию вчерашних кочевннков, которыс потеряли свои кочевой мир. Произошла хозяйственная, демографическая и культурно-историческая катастрофа, их массовое вымирание. Таким образом, деградация номадов, потерявших свое естество, привела их к необходимости приспосабливаться, заимствовать новый осед.тый способ хозяйствования и жизни в цеиом. И как следствие, проявлениеМ культурно-историчсской отсталости казахов на фопе русского *и* других европейскмх народов воспринимается наша история 19-20 вв.

Вместе с тем нсобходимо отметигь ряд достижений привнесенных кочсвниками в мировое наследие. История не статична, и казахи-кочевникм. и их предки имслп яркис страницы свосй истории. Ими созданы ряд мощных мировых империй, заложены основы государственного и административпого управления, дсмократические принципы самоорганизации воеино-демократического общества, коллективные решсния вопросов на общих собрания.ч, выборы и инаугурации ханов, тапаптливо организовапы армии воииов-победителей. Миогие и.х образцы воснного и государственного строи гстьства (например. конфедеративного союза) былп заимсгвованы другими, в том числе и оседлыми пародами. А сами воины-номады не только опекали торговые маршруты и глобальные коммупикации, но и сами выступали активными синтезаторами и переводчиками различных цивилизацпй и культур. По суди, Центральпая Азия была местом равноправного общения мировых религий и культур, их «плавильным котлом».

Еще одним важным признаком, актуальность которого возрастает в наши дни, являстся экономичность и экологичпость кочевого способа производства (при всей ее бесперспективности с исторической точки зрения). Он полностью и на практически безотходной основе удовлетворял все текущие потребности общества в продуктах питания, товарах для обмеиа или продажи, сырье для дальнсйшей обработки и изготовления одежды, обуви, предметов быта.

Вообще природа и экосистема имели огромное значение для кочевника, они пропитывали насквозь его жизнь. Мировоззренческие основы жизни кочевников заключались в единстве и гармонии человека с природой, животным миром и окружающей экологией. Это не только алгоритм способа производства. Такова по своей сути вера номадов-тэпгрианцев, или их юрта как модель мира с

высшим, средним и низишм мирами, правой (мужской) и левой (женской) половинами и т.д. Все эти признаки глубоко пропитали казахскую кулътуру и нашли свое выражение в музыке, прикладном искусстве и т.д.

То есть кочевники создалн свою цивилнзацию, которая занимала свою сстсственную «нишу». Организация государства и общоства. хозяйство и куяьтурно-мировоззренческий комплекс были полностью подчивены закономсрностям космоса, иомадического способа производства, вмсстимости экосистемы и окружающего ареала. В связи с чем можно утверждать о перспективности основ этой системы в политичсском, экономическом, экологическом и культурно-мировоззренческом аспектах в дальнсйшем развитии мировой цивилизации, переживающей сейчас глобальный экологический, гуманитарный и моральный кризис.

Түйін

Осы мақалада автор Отан тарихыньгн әртурлі методологнялық мәселслерін қарастырып, тарихтағы свропацсntристік көзқарас көшпелі халықтарды обьективті бағаламағанын айта ксліп, қазақ халқының этноөркениеттік ерекшеліктерінің дамуына талдау жасайды.

Summary

The article«Methodological issues of history teaching in Kazakhstan outside eurosentrist coordinetes » Theaauthor discuses some methodological issues of natural history ,the need to move away from Eurosentris views and the study of the history,revealed the main ethnic and civilisathional development of the Kazakh people

# САЯСИ ТАРИХ
# ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

## И. СТАЛИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

**М.Қ. Қойгелдиев-**
*Абай атындағы ҚазҰПУ-дын Магистратура және PhD институты гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор*

Жаңа ғана саяси билікке келген большевиктер партиясының алып империядағы ұлтаралық катынастарды шешу әрекетін келген балташының күйімен салыстыруға болар еді. «Лес рубят - щепки летят»*. «Ағашты шапқанда, жаңқасы ұшады» деген. Кеңес Үкімстінің құрамында Ұлт істері бойынша комиссариаттың белгіленіп, оның басшылығына грузин И. 15. Джуі ашвили - Сталйнніц тағаЙыидалуы большевиктердің копұлтты мешекегіеи ұлтаралық қатынасты игеріп, бір ізге салуға ұмтылысының болатын көрінісі. В.И. Ленин енді ғана Ұлтхалкомдағы Комиссарлық қызметін бастаған И. Сталинді ауыстыра алатын басқа адам жоқ деп білді. Сөйтіп Кенестер Үкіметінің ұлт саясатының мазмұны мен бағыт - бағдарын, жұмыс механизмін анықтау көзінде ұлт істері бойынша комиссар И. Сталин тұрды. Кейінірек бұл комиссариат оның ұсынысымен жойылғанымен, И, Сталин өмірінің соңына дейін бұл саясатты бағыттауды өз қолынан шығарған емес.

Басқаша айтқанда, кеңес үкіметінің ұлт ісіндегі саясатының «архитекторы», яғни теориялық негіздері мен практикалық мазмұнын анықтаушы И. Сталин болды деп айтуға негіз жеткілікті.

Большевиктср партиясы билікке империядағы ұлт азаттық қозғалыстың өрлеу сәтті келді, Ал қазақ қоғамындағы бұл қозғалыстың негізінде жер үшін күрес, яғни орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы қазақтарды құнарлы жерлерінен ығыстыруды тоқтату және ұлтқа өзін - өзі басқару мүмкіндігін беру сияқты іргелі талап- тілектер жатты. Анығырақ айтқанда, мұндағы азаттық қозғалыс таптық мазмұн емес, ұлттық сипат алды.

Билікке келген большевиктер партиясының ұлт мәселесінде нанымды бағдарламалық ұстанымы болған емес. Партия көсемі В.И. Ленин билік үшін күрес барысында Ресейді «халықтар абақтысына» теңей отарлық тәуелділіктегі аз ұлттардын. өздерін - өздері билеу құқын мойындайтындықтарын ашық мәлімдеді. Өмірлік тәжірибе көрсетіп бергендей бұл саяси билікті алғанға дейін айтылған уәде еді. ал билікті алғаннан соң ұлттардың өздерін - өздері билеу құқы оның тек еңбекші бұқара бөлігіне ғана тиесілі «құқық» болып шықты.

Сонымен бірге большевитік басшылықтың империя құрамындағы ұлттардың өз мемлекеттігін құра алу құқына қатынасы да біркелкі болған жоқ. Мәселен, ол октябрь революциясы жеңген бетте Польша пен Финляндияныц мемлекеттік тәуелсіздігін бірден мойындады. 1922 жылы Кеңестік Республикалар Одағы құрылғанда Украина, Белоруссия және Кавказ сырты ресиубликаларына федеративтік негізде одақ құрамына ену құқы берілсе, мұндай құқық татар, башқұрт, Орта Азия халықтарына берілмеді. Олар автономиялық құрылымдар түрінде Ресей Федерациясының құрамына енуге тиіс болды. И. Сталин тікелей В. И. Лениннің қолдауымен осы саяси курсты теориялық тұрғыдан негіздеуші және оны практикалық жағынан өмірлік шындыққа айналдыру ісін тікелей жүргізуші тұлға міндетін өз мойнына алды.

Кеңес үкіметінің ұлт істері бойынша комиссары қызметіндегі И. Сталиннің Қазақ қоғамына қатысты істермен жақынырақ таныса бастауы 1918 жылдың наурыз айынан басталады. Осы жылдың наурыз айының ортасында Алашорда үкіметінің тапсырмасымен Кеңес үкіметі басшыларына 2-ші жалпықазақ съезінің шешімдерін жеткізу үшін Оралдан Мәскеуге Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар келеді. Азамат соғысының босағасында тұрған Кецес Үкіметіне қазақ автономияшыларымен ымыраға келу аса маңызды еді. В.И. Лениннің тапсыруы бойынша И. Сталин 19 ңаурыз күні Семеймен (Алашорда) телеграф арқылы хабарласып, Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Халел Ғаббасовпен келіссөз жүргізеді. Кеңес Үкіметінің атынан сөйлеген И. Сталин 2-ші жалпықазақ съезі қабылдаған шешіммен «Ресей халыктарының құқығы туралы Декларацияның»

(1917ж. 3 қарашада қабылданған) өзара үндес екендігін мәлімдеп, осы жағдай Кеңес өкіметіне Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіріп. өз ретінде Алашорданың Кеңес өкіметін мойындауын талап етеді. Алашорда Кеңесі Сталиннің ұсынысын талқылап, 1918 жылы 21 наурызда «Совет өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі» ретінде мойындайтындығын білдіріп, өз ретнде «жалпықазақ - қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш авгономиясын» жариялайтындығын мәлімдейді [1].

Міне осы берген жауабында Алашорда Кеңесі Алаш автономиясы құрамына енгін облыстар мен уездерді атайды. Қазақ мемлекетінің территориялық ауқымын анықтау ісінде бұл құжаттың маңызы зор еді. Сондай - ақ жауап тексінде Алашорда өкіметі тек қазақ ұлтының ғана емес, барлық қазақстандықтардың өкіметі болатындығы, соған байланысты оның құрамына «қазақтан басқа халықтардан, көбінен көп, азынан аз он кісі» сайланып кіретіндігі, ал «Алаш автономиясында заң шығаратын һәм» ел билейтін үкімет Алашорда» болатындығы, құрылтай жиналысы шақырылып биліктің сипаты анықталғаға дейін советтер Алашордаға «жәрдемші» есебінде міндет атқаратындығы айтылады [2].

Кеңес Өкіметі Алашорданың бұл аталған және басқа саяси ұстанымдарына байланысты ұсыныстарына алғашында түсінгендік танытқанымен, ал іс жүзінде оларды қабыл алды ма? Әрине, қабыл алған жоқ. Өйткені Алашорда ұсыныстарын қабыл алу шын мәнінде қазақ елінің ұлттық мемлекеттілік құру құқын мойындаумен бірдей еді. Осы жылдың 28 науырызы күні Мәскеуден Семейдегі Қазақ комитетіне И. Сталнн мен мұсылмандар ісі бойынна комиссар М. Вахитов қол қойған жеделхат кекліп жетеді. Хатта Мәскеудегі Ұлт істері Халық Комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылатындығы, міне бөлімдс қызмет атқаруға өкілдер жіберу ісі алғашында Алашорда үкіметіне жүктелгендігін 29 наурыз күні Семейге Х. және Ж.Досмұхамедовтар да растайды [3].

Тарихи деректер Кеңес өкіметіне Алашорда әкіметімен ара қатынасын араға 5-6 күн салып-ақ түбегейлі езгеріске ұшырағандығын айғақтайды. Мұндай бетбұрыстың себебін түсінуге болады. В.Ленин мен И. Сталин басқарған билікке қазақ еліндегі басшылыкты «буржуазиялық - ұлтшылдарга» беруге болмайтыи еді. Үлт істсрі бойынша комиссар И. Сталиннің ендігі уақытта ықыласы қазақ ұлт-азаттық шынайы қозғалысының еркін білдіруші Алашорда өкіметіне емес, азаттық козғалыстан мүлдем алыстағы, тіптен оның басшыларымен дүрдараз Ә. Жанкелдин, К. Тоғысов, М. Тұнғачин сияқты кісілерге ауды.

И. Сталин 1918 жьшы 7 сәуірде Кеңес өкіметінің Торғай облысындағы комиссары Ә.Жанкелдинге жолдаған жеделхатында орталық биліктің бұл ұстанымын былайша негіздеді: «Буржуазиялық - ұлтшылдық ұстанымындағы топтар автономияны өз бұқарасын қанау құралына айналдыру үшін талап етіп отыр. Сондықтан да олар орталық кеңестің билікті мойындаумен бір мезгілде жергілікті советтерді мойындағылары жоқ және ішкі істеріне араласуға қарсы»[4].

Орталық билікке Қазақстанды басқару ісіне кімдердің керек екендігін жақсы түсіне қойған Ә.Жанкелдин алаштық топқа қарсы күресте өзіне одақтас бола алады деген үмітпен бұрынғы Торғай облыстық губернаторы жанындағы татар және қазақ басылымдары бойынша цензор қызметін атқарған Мұхамедияр Түнтинді Мәскеудегі қазақ бөлімінің меңгерушісі қызметіне ұсынған еді. Бұл ұсынысты қабыл алған И. Сталин 1918 ж. 11 мамырдағы бұйрығымен М. Тұнғачинді Ұлт істері бойынша Халық Комиссариаты жанындагы Қазақ бөліміне меңгеруші етіп тағайындады [5].Бұл арада И. Сталин М, Тұнғачиннің сұлтандық шыққан тегі, атқарған шенеуніктің қызметі соншалықты қызықтыра қойған жоқ еді.

И. Сталиннің қазақ азаттық қозғалысына қарсы ұстанымын тағы да бір мынадай фактіге байпанысты айтып өткен артық емес. Қазақ арасында өзінің күмәнды әрекеттерімен аты шыққан Келбай Тоғысов 1918 жылы 21 сәуірде В. Ленин мен И. Сталин атына жолдаған жеделхатында «Совет үкіметінің платформасында тұрған және онымен қол ұстасып келе жатқан» «Үш жүз» деген социалисгік бағыттағы партия құрғандығын, оның «кадет Бөкейханов басқаратын буржуазиялық «Алаш» партиясына қарсы» екендігін білдіреді» [6].

И. Сталин тез арада Ә. Жанкелдинді телефонға шақырып: «Менімен Колбай Тоғысов сөйлесті, ол «Үш жүз» газетінің редакторы, сонымен бірге алашордашылар партиясына қарсы «Үш жүз» партиясын құрушы. Осы партия бізге жақынырақ деп ойлаймын. Онымен байланысып, бұл өзі қандай

партия жэне Тоғысовтың кім екенін білген жөн. Егер бұл партия шынымен, де Алашордаға қарсы әрекет жасап, бізге жақындығын танытып отырса, онда оны өзімізге тарту керек» деген ұсыныс жасайды [7].

Ал шын мәнінде қазақ қоғамы мойындаған «Үш жүз» партиясы туралы айту қиын еді. 1917 жылдың соңында болып өткен Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар сайлау барысында «Үш жүз» атынан түскен кандидаттар Алаш партиясы атынан ұсынылғандардан анағұрлым аз дауыс жинап, ойсырай жеңілген еді.

Қорыта айтқанда, кенестік орталық билік, оның ұлт істері бойынша комиссары 1918 жылдан бастап-ақ «буржуазиялық - ұлтшылдармен» күрес ұранын жамылғы етіп, шын мәнінде қазақ ұлт - азаттық қозғалысын басып жаншу жолына түсті. Ал бұл жолда олар «шайтанмен» болса да тіл табысуға даярлықтарын байқатты.

В.И. Ленин мсн Сталин өкіметінің бұл ашық жүргізіп отырған ұстанымының әділетсіздігін тура түсініп, оған қарсылығын ашық білдірген тұлғалар орыс демократиясының арасында да аз емес-тін. Сондай билік үшін қолайсыз тұлғалардың бірі Тимофей Иванович Седельников (1876-1930) болды. Шыққан тегі - Орынбор қазағы, мамандығы - жер өлшеуші Т. И. Седельников 1905 жылы «Борьба за землю в Киргизской степи и колизацтоная политика правительства» аталатын еңбек жазып, онда өкіметтің қоныстандыру саясатын ымырасыз сынға алып, сол үшін «сенімсіз» ретіндс танылып, артын ала Мемлекеттік думаға депутат болып сайланып, думада ол сібірлік депутаттардың қолдауымен қазақ жерін қарқынды отарлауға байланысты жергілікті халықтың жер тапшылығына ұшырап отырғандығын баяндап, 53 депутаттың қолы қойған мәлімдемені Дума төрағасына тапсырады[8_|.

Г. Седельников орыс отаршыларына ұнай қоймайтын бұл ымырасыз мінезін кеңестік билік тұсында да байқатады. 1920 жылы Қазақстандағы жоғарғы билік Қазақ әскери - революцнялық комитетінің мүшесі бола жүрігі ол орыс «бонапартизміне»' ымырасыздық танытып, нақты іс-әрекеттерімен көзге түседі. Түрлі басқосулар мен ресми жиындарда сөз алган ол жергілікті халықты «ұлы орыс шовинизмі мен империализміне» төзбеуге, оларға қарсы соққы беруге шақырады.

Мұнымен шектелмей Т.И. Седельников 1920 жылы сәуірде В. И. Ленинге «қазақ Республикасы жәнс қазақ кедейі жөнінде» аталатын атақты хатын жолдайды. Хатында ол «бұрын әрбір губернатор немесе крестьян начальнигінің жергілікті халықтың атынан өкіметтің үстанымы шеңберінен шықпайтын» арыз-тілектер жолдайтын «өз башқұрттары» мен «өз қырғыздары» болушы еді. Осы «үйреншікті құбылыс» сәл өзгерістермен енді біздің де жергілікті партиялық және советтік мекемелерімізге жаңғыра бастады. Ал «сенімсіздср» бұрын да қудаланатын қазір де қудалануда. Егер сен иитернационалист болсаң онда орысша ойлап, орысша жазуға міндеттісің ал партияда жоқ ұлтшылдармен достық құруға ешқандай да құқық жоқ [9]. Міне, осы Т.Седельников В.И.Ленинді Қазақстандағы билікке халыққа және атқарылып жатқан іске жаны ашымайтып «алаяқтарды» тартпай, «халықты тонамайтын интеллигенттерге жол ашуға» шақырды[Ю]. Өзі А. Байтұрсыновпен бірігіп Қазәскерревкомының қызметіндегі Қазақ ісіне қатысты кемшіліктермен ымырасыз күрес жүргізді.

Т. Седельниковтың мұндай ұлыорыстық шовинизмге қарсы әрекетін Қазақ өлкелік РКП (б) бюросының пренидиумы өз отырысында арнайы талқыға салып, мынадай баға береді:

1. «Өзінің барлық сөйлеген сөздеріндс Седельников таза қазақ ұлтшылдығы тұрғысынан коммунистерге қарсы демократтық үгіт жүргізуде».

2.Партия екілдері мен жергілікті партия ұйымдарына ұлы орыстық шовинизм мен империалистік ұстанымда тұрсыңдар деген айып тағып қазақтарды орыстарға қарсы қойып, сол арқылы ұлттық сезімді қоздырып, тіптен кейбір коммунистер «қазақ өшу жолында тұрған ұлт», - деп айтты-мыс деген сөз таратуда.

3.Міне, осы үгітті жүргізу ісінде ол қазақ ұлтшылдарына және Алашорда өкілдеріне сүйенеді, олармен тұрақты түрде кеңестер өткізеді... Қазіргі уақыттта осы мазмұндағы фактілер біраз жиналған

*Т.Седельников орыс «бонапартизмі» деп кеше ғана азамат соғысында революция жеңісін қорғап, енді бейбіт құрылысқа өзінің кәсіби даярлығын танытудың орнына «революционср» атағын жамылып, қазақ қоғамын ықтыруға тырысқан кеудемсоқтардың ұстанымын атаған.*

және оның Алашордалық *ұлтшыл* - казақ тобының жетекшісі ретінде коммунистік ұйымдарға

қатынасы біржола анықталып отыр [111.

Қазақ өлкелік партия ұйымының бюросы Т.Седельниковтың бұл қазақшыл ұстанымын айыптап, мынадай мазмұндағы қаулы қабылдайды: «1. Т.Седельниковтың үстінен партиялық бақылау орнату қажет деп танылсын. 2.Орынбор губкомы мен өлкелік партия комитеті бюросы президмумының бірлескен Мәжілісі шақырылып, онда Седельниковтан түсінік беру талап етілсін.
3.Седельниковке губком бюросының және ұйымдастыру бюросы президиумының рұқсатынсыз өз бетінше партия және жалпы саяси жиналыстарда сөйлеуге тиым салынсын»[12|.

Т. СедельниковтыңҚазәскерревком құрамындағы қызметін біржақты қазақ ұлтшылдығы тұрғысынан қарауға негіз жоқ-тын. Мәселен, ол 1920 жылы 26 сәуір күні «жалпы қазақ съезін шақыру туралы» мәселе қараған. Қазревком отырысында Бакытжан Қаратаевқа байланысты сот ісін қозғап, оны тұтқынға алып, соттан және жер аударуды» талап етеді.| 13] Б. Қаратаевтың Қазрсвком құрамында қалу-қалмауы шешілгенге дейін бұл билік орнының жұмысына қатынаса алмайтындығын мәлімдейді.

Т. Седельниковтың бұл ұсынысын А. Байтұрсынов қолдайды. Осы мәселеге байланысты РКП (б) Қазақ өлкелік ұйымдастыру бюросы өз қаулысында Б. Қаратаев ісі туралы төтеннен **мәселе** көтергені үшін Т. Седельниковқа қатаң ескерту жасап, оны Қолдағаны үшін А. Байтұрсыновты да тәртіпке шақырады[I4_|.жылы 26 сәуір кешіндегі Б. Қаратаевқа байланысты Қазревком отырысындағы жанжал кеңестік биліктің **қазақ** қоғамына байланысты өзара қайшы екіжақты ұстанымының бетпе-бет келуінің көрінісі еді. Оның бір жағында орталықтың «сенімді» өкілдері А. Авдеев, Н. Кулаков сондай-ақ жеке бас мүддесі үшін ревком құрамындағы коммунистер мен ымыраға келуге азір Б. Қаратаев тұрса, екінші жағында жалпы **қазақ ұ**станымын соңына дейін қорғап, сол үшін де ревкомның құрамынан кетуге әзір Т. Седельников пен А. Байтұрсынов тұрды. Осы арада көңіл аударуға лайық нәрсс басында И. Сталин тұрған орталық билік Қазревкомдағы А. Байтұрсынов пен оның патшалық кезеңнен бергі қарсыласы Б. Қаратаев арасындағы егесте соңғысы жағын қолдады. Қазәскерревкомның 1920 жылы 4 мамырдағы (№ 24 хаттама) шешімі мен Т. Седельников бұі билік орнының құрамындағы қызметінен босатылды.[15] Қазәскерревкомының бұл шешімі Мәскеудегі халком кеңесі бекітті[ 16]. Сонымен бірге, Т. Седельниковтың Қазревкомның мүшесі Б. Қаратаевты «пара алғандығы және қызметін асыра пайдаланғандығы үшін» жауапқа тарту туралы ұсынысы кешігіңкірсп болса да орындалған еді. Осы жылғы 28 шілдеде Жымпиты ревкомының шешімімен Б. Қаратаев тұтқынға алынды[17].Сонымен азамат соғысы жағдайында қазақ ұлт-азаттық қозғалысымен ымыраға баруға мәжбүр болған. Кеңес үкіметі Қазәскерревкомының құрамына А.Байтұрсыновты төрағаның орынбасары ретінде енгізе отырып, сонымен бірге мүшелікке кезінде қозғалысқа қарсы ұстанымымен танылған М.Тұнғачин және Б. Қаратаев сияқты кісілерді алуы әрине кездейсоқ емес-тін, Мұндай шешімнің арғы жағында қазақ ұлт-азаттық қозғалысын біртіндеп әлсіретіп, ең ақыры біржола сөкндіру мұраты жатты. Сонымен бірге, осы мезгілде-ақ ұлттық мүддеге қарсы түрлі ағым және күштердің өзара мақсаты жұмыс істеу әдіс-таласы да калыптаса бастаған еді. Мәселен Б. Қаратаев 1. Седельниковтың жалпы қазақ съезін шақыруға байланысты ережесін «ұлтшылдық сипатта жазылған, советтік биліктің ұстанымына қайшы келетін» құжат ретінде бағаласа[!8], өз кезегінде Қазәскерревкомының мүшелері А. Авдеев псн Н. Кулаков Мәскеудегі С. Пестковскийге жолдаған хаттарында Т. Седельников пен А.Байтұрсыновқа қарсы ұстанымдағы Б. Қаратаевты «сенімді» коммунист ретінде мінездеме берді[19].

Кеңестік биліктің ұстанымын ымырасыз сынға алған А. Байтұрсыновтың хатында Т.Седельниковтың В.И. Ленинге жолдаған хатымен бір мезгілде жазылып, сондай-ақ мазмұн жағынан онымен үндес еді 1. А. Байтұрсынов хатында Қазақстанға байланысты орталық биліктің принциптік мәні бар екі кемшілігін көрсетті: 1) Қазақстанды басқару үшін жіберілген орталықтың өкілдігінің белгілі бір көзқарасы, соған сәйкес жұмыс жоспары жоқ, мұндай жағдай қазақ шындығына қатысты ұстаным мен жоспардың орталықтын өзінде болмауына байланысты; 2) орталықтың жіберген өкілдігі мен жергілікті халықтың арасында өзара сенім жоқ.

Осы жағдайды баяндай келін, ол қазақгарды бұрынгы гіатшалық билік тұсындағыдай орталық тагайындаган генерал-губернаторлар арқылы емес, өз елінің мүддссін жеке басының қаммна айырбастамайтын, сл сеніміидегі шынайы коммунистер мен үтп іиялылары арқылы басқаруды ұсьщды [20].Т. Седельниковтың айтылган сын-ескертпелері сияқты, А. Байтұрсыновгың да бұп ұсыныстары

ескерусіз қалды.

Алғашқы жылдардан бастап-ақ Мәскеулік Орталық Қачақс ганды ерекиіе назарда ұстады. Оған себепші болган қазақ жерінің аса зор экономикалық потенциалы еді. КСРО-ның экономикалық мүмкіндігі өскен сайын одақтағы Ресей Федерациясы Украина республикапары сиякты Қазақстанның да үлес салмаҕи артатүсті. Соҕаи байланысты Орталық Қазақстандағы саяси биліктің ұшын жергілікті халықтың окілінс емес, езі тағайындаған наместниктері арқылы қолыида ұстады. Ал кеңестік ксзенде саяси билік Республикадагы коммунистік ұйымның бірінші хатшысына тиесілі болды.

Кеңестік жетпіс жылдан астам мезгілде Қазақстандаі ы саяси биліктің басында казақ үлтының өкілдері (М. Мырзағалиев, Ж. Шаяхметов, Д. Қонаеа, Н. Назарбасн) 34 жыл шамасында отырған. Қазақсгапды осы уақытга басқарған жиырма басшының тортеуі гана қазақ халқының өкілдері болды.

Міне, осы кеиестік кезеңде Қазақстанды басқарган төрт қазақ басшыларының біреуінің ғана, яғни Жұмабай Шаяхметовтың басшылық қызметі И, Сталин бнлігіне тұс келеді екен. Бүл арада әрине, Ж. Шаяхметонгьщ біраз уақыт (1928-1938) ОГПУ - НКВД жүйесінде белсенді қызмет агқарғандыгы есепке алымгандквгы ақиқат. Ондай болмаған күнде И. Сгалин Ж. Шаяхмстовты Қазақстандағы ен жоғарғы саясн басшылыққа жібермеген болар еді.

Ж;шпы И. Сталин билігі түсында қазақ саяси басқарушы тобы арасында ресгіубликадағы ең жогарғы саяси билік басында болуға лайық қайраткерлер аз болған жоқ, олар сандық тұрғыдан да, сапагтық тұргыдан да жеткілікті деңгейде еді. Қазақ ұлтының үлттық жаңгыру кезеңін басынан кешіргендігі оның бүтіндей бір саяси қайраткерлер шогырын т.чрих сахпасында шыгаргандығынан анық байқалды.

Империя көлемінде қазақ интеллектуалдары кеңестік кезсңгс деііін-ақ поляк. татар, грузин сиякты ұлттардың зиялылары қатарында жүрді, үлтгың күн тяртібінде тұргап ең озекті мәселелерін теориялық гүрғыдан қорытып, мемлекеттік дума сияқты саяси билік мінбсрінен қоя білді. Жоғаргы саясагга жүрген И. Сталинніі қазақ зиялыларының мұндай саяси белсенді қызметінен хабарсыз болуы әрине, мүмкін емес-тін. Осы ретте оның алаштық үхтанымдагы Ә. Ьөкейханов, А. Ьайтүрсынов, Досмұхамедовтармен гүрлі себептерге байланысты жуздескендігін, кеңестік үстаиымдаі ы Т. Рысқүлов. С. Қожанов, С. Сейфуллин, Н. Нұрмақоп, С. Асфеидияров Ж. Мыңбаев сияқты қайраткерлерді қызмет бабында қабылдагі, түрлі мэселелерге байланысты пікір алысып тұрғандыгын ескерген жөн. Яғни, И.Сталин Октябрь револгоциясы жеңісі қарсаңындагы империядағы жалпытүркілік және жалпымұсылмандық қозгалысгар арпасындагы қазақ азаггық қозгалысының қарым-қабілстінен жақсы хабардар болғандықтап да пассионарлық ұстанымдагы қазақ басшыларын тежеп үстауды, сондай-ақ олардың арасындагы ерекше ықпалдыларын тіптен Қазақстандагы саяси басшылыққа жібермеуге баса назар аударды дегі тұжырым жасауга негіз жеткілікті.

Татар тарихшысы Б.Сұлтанбеков 1023 жылы тікелей Сталиннің тапсырмасы бойынша басталып кетксн «Сүлтангалиевтыц ісіне» байланысты Орталыктағы «ец жогарғы билік Султанпшиев ісін ұлтгық республикалардың, ең алдымен мусылмандардың, жетекші гүлгаларды «ықтырып», «жуасытып» апу үшін пайдалану жонінде шешім қабылданга ұқсайды» [21] деген тұжырымы шындыққа жақып. Өйткені М. Сұдтангалиев «ісін» қарауға арнайьт шақырылған РКП ОК-ніц ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерінің төртіиші кеңесіне (Мзскеу, 1923, 9-12 маусым) одақтағы барлық үлттық республикалар мен облыстардан 58 адам (олардың 24 ОК-тің мушелері мен оган кандидатгар) сондай-ақ РКІТ (б) ОК Саяои бюорасының мүшелері мен огаи кандидат 11 адамның (сырқат Лениннен жэне Совнарком төрағасы Рыковтан басқа) 9-ы тугел қатынасады [22],

Кецесте Сүлтапгалиев ісі бойынша баяндама жасаған Қуйбышевтың айтуына қараганда Сұлтангалиевке таңылғап айып оныц басмашылар қозғалысына қосы.тып кеткен Закп Валидовпен байланыс орнагуға бағытталган әрекеті еді[ 23].

Кеңссте Сүлтанғалиев ісін талқылау барысында келтірілген материалдар ПІУ-дыц Х. Петерс басқаратын Шығыс бөлімінің барлық мұсылман республикалары басшылары үстінен (оныц ішінде ОК мүшелері, үкімет басшылары да бар құпия чекистік бақылау орнатылғанын анық байқатқан еді. И. Сталиннің тікелей тапсырмасы бойынша жүргізілген бұл операция «2-ші парламент» аталынды [24]. Құпия «тыңшылар» арқылы алынып ең жоғарғы басшылыққа беріліп отырған бұл мәлеметтердің

ішінде бақылаудағы қайраткерлердің жеке адами қатынастары. басқа жағдайда айтылмайтын сөздері, интимдік фактілер де молынан табылатын еді. Баяндамашыдан соң бірінші болып сөз алған Т.Рысқұлов кезінде М. Сұлтанғалиевтен бір емес екі бірдей хат алғанын жасырған жоқ, айтты. Ол хаттарда соншалықты көңіл аударарлық та ештеңе жоқ екендігін баяндады [25]. Сонымен бірге ол саясатшылдыққа салынып шығыс республикаларында қалыптасқан нақты жағдайдан жалтарып,З.Валидов пен М. Сұлтанғалиевті айыптауға көшкен жоқ, қайта ол өзіне тән турашылдықпен бұл екі қайраткердің көңіл-күйіне негіз боларлық өмірлік себептердің бар екендігіне назар аударды: «Елдің шығыс бөлігіндегі жағдайға келсек, біз қоғамның шаруалар бөлігін өзімізге біржола қарата алған жоқпыз, өйткені оған жер бермедік. Теміржолда істетін шығыстық бұқара халық орыс жұмысшыларымен тең жағдайда емес». «Жетісу облысындағы қырғыз кедейлері жерсіз күйдс қалып, олардың үстінен 125 десятина жері бар және 15 **батрақ** жұмсап отырған орыс кулагының жұдырығы төніп тұрғанда ол қырғызға интернационализм деген жақсы нәрсе сондықтан да совст өкіметіне жақын болған жөн деп қанша айтсам да ол бәрі бір совет билігін әлгі кулактың билігі ретінде қабылдайды» [26].

Қазақстан сияқты республикада ұлтаралық қатынастың шиеленісуіне негіз болып отырған шынайы жағдайға көңіл аударуды талап еткен. Т. Рысқуловтың бұл пікіріне И. Сталин бастаған орталықтағы басшылық құлақ аспады, Керісінше И. Сталин Т. Рысқұловтың «жіберілген қателіктері үшін» кешірім сұрайтындығына сенімді болды.

И. Сталин жауап сөзінде «Мен Рысқұловты тыңдадым, оған байланысты мынаны айтуым қажет. Оның сөзі жүректен шыққан сөз емес, шындықтан жалтарудың көрінісі, жалпы оның сөзі ауыр әсер қалдырады... Сөз сұлтанғалиевшылдықпен идеялық, идеологиялық байланыс жөнінде болып отыр. Ал Рысқұловтың Сұлтангалиевпен ондай байланысы болды, бұл анық, оны Рысқұловтың өзі де жоққа шығара алмайды». - деді [27],

И. Сталиннің түсінігінше Түркістан республикасында Т. Рысқұлов сияқты ұлтшылдық ұстанымында тұрған қайраткерлер қатарында С. Қожанов пен А. Икрамов та бар еді. Сондықтан да сөзінде олардың атына арнап «бұлардың екеуі де бүгінгі Түркістан мен патшалық Түркістанның арасында ешкандай да айырмашылық жоқ, тек мандайшадағы жазу ғана өзгерген, ол Түркістан сол патша тұсында қандай болса қазір де сол күйінде деген пікірде.

Ал егер Түркістан шынымен де патшалық тұсындагғдай отарлық тәуелділікте қалса, онда басшылардыкі тура олай болса, Сұлтанғалиевті біз соттамауымыз керек, керісінше, совет жағдайында отарлық тәртіпке ымырашылдық танытқанымыз үшін ол бізді соттауы керек. Егер осының бәрі де рас болса, онда сіздердің өздеріңіздің басшыларға неге қосылып кетпегендіктеріңізді түсіне алмадым?», - деген ойын айтты [28].

Бұл 1923 жыл болатын. Енді ғана орнаған саяси тәртіп жағдайында өз елінің мүддесін қорғай алмайтындығын дәл түсінген Зәки Валиди Тоған ендігі уақытта Әнуар Пашамен [20] бірігіп әрекет жасау үшін басмашылар қозғалысына кетті. Кеңестік орталықтың ұстанымына наразы М.Сұлтанғалиевөз көңіл күйін ашық білдіргені үшін ГПУ-дің Лубянкадағы абақтысына түсті [30]. М.Сұлтангалиевтің абақтыға жабылуы, кейін зерттеушілер бір ауыздан мойындағандай, кеңестік саяси элитаға қарсы жүргізілген репрессиялық шаралардың басы еді. М. Сұлтағалиевпен жеңіл «есеп айырысқан» И. Сталин өз «күшін» сезіне бастаған еді. Сұлтанғалиевті көпе-көрнеу «құрбандыққа» бере салғандықтарын Троцкий, Каменев және олардың сыбайластары кешігіп түсінді. Ендігі кезек кеңестік шындыққа қатысты ашық сыни ұстанымдағы Тұрар Рысқұлов сияқты қайраткерлердікі еді.

Сонымен, жоғарыда баяндалған фактілер кеңестік биліктің бастапқы кезендс қазақ ұлт-азаттық қозғалысын ашықтан-ашық басып тастау ұстанымында болғандығынан жеткілікті дәрежеде түсінік береді. Биліктің осы ұстанымы кейінгі кезеңдерде өз жалғасын тапты.

*1.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы, 2008. - 460-461 б.б.*

*2.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы.Жауапты редакторы М.Қ.Қойгелдиев. - Алматы, 2004. - 1т. - 4 72-482 б.б.*

*3.«Сарыарқа» газеті. -1918. -А^Г у35.*

*4.Голощекин Ф.И. Десятъ лет пройденных и предстоящие задачы. - Алма-Ата, 1930. - С.8.*

*5.Зиманов С., Даулетови С, Исмагулов М. Казахский революционный комитет. -Ататы, 1981. - С. 28.*

*6.Қараңыз: 1917 год. в Казахстане. - Алма-Ата, 1977. - С.201.*

*7.Әліби Жаикелоии. Документтер мен материалдар.- Алма-Ата, 1975. - 47-48 6.6.*
*8.Қойгелдиев М. Аталған еңбек, 117-150 6.6.*
*9.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар,3 т., 1-кітап, 40 6.*
*11.Сонда, 45-47 66*
*12.Сонда, 46 б.*
*13.Протолы революционного комитета по управлению казахским краем (1919-1920 . ■:■.). Сборник документов. - Алматы, 1993. - 96 98 6.6.*
*14.Алаш қоғалысы. Құжаттармен материалдар, 3 т., 1-кітап, 46-47 б.б.*
*15.Пратолы революционного комитета ..., С.104.*
*16.Сонда, 106 б.*
*17.Сонда, 118-119 6.6.*
*18.Сонда, 99 6.*
*19.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар, 3 т., 1-кітап, 48 6.*
*20.ҚРПА., 811 ц... 20 т., 568 іс, 46-48 п.п.; Истария казахстана. Хрестоматия/Сост.: И.Козыбаев, М. Козыбаев. - Алматы, 1994. - С. 103-107; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар, 3 т., 1-кітап, 59-64 6.6.*
*21.Тайны национальной политики ЦК РКГІ. «четвертое совещание ЦК РКП с ответственными работникачи националъных республик и областей в г.Москве 9-12 июня 1923 г.». Этнографический отчет. -М, 1992. -С.6-8.*
*22. Сонда, С.8.*
*23. Сонда, С.5.*
*24. Сонда, С.6.*
*25. ('онда, 23-26 б.б.*
*26. Сонда, 26 б.*
*27. Сталин И. Сочинения, - Т.5. - С. 304-305.*
*28. Сонда, с.306-307.*
*29. Онуар Паша - Исмаш Әнуар (1881-1922), 1921-1922 жылдары өз еркімен келіп,*
*30. М.Сұлтанғалиев алғаш рет 1923 жылы 2 мамырда (>ГПУ абақтысына жабылды.*

Резюме

Статья посвящена мероприятиям, проведенным «архитектором» национальной политики советской власти И. Сталиным в Казахстане. В ней рассматривается на примере «дела Султангалиева» история подавления национально-освободительного движения советской властью.

Summery

Article isdevotedthe actionsspentby "architect" of the national policy of the Soveit power by I.Stalin in Kazakhstan. In it the history of suppression of national-liberition movement by the Soviet power is considered on an example of «business of  Sultangalieva».

# ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ

**А.И. Шалтыков**
профессор КазНПУ им. Абая. д. полит. н.

Энергетическая безопасность является неотьемлемой частью всей системы национальной безопасности Республики Казахстан. Сегодня перед нашей страной стоит ряд проблем, требующих пристального внимания в силу их воздействия на национальную безопасность государства. Важнейшими из них являются: сохранение внутренней стабильности государства и общества укрепление вертикали власти, сохранение целостности страны. И каждая из них связана с проблемой всестороннего обеспечения безопасности Республики Казахстан по многим направлениям, одним из важнейших при этом является проблемаобеспсчения энергетической безопасности страны.

Обеспечение энергетической безопасности предполагает гарантированную защиту личности, общества и государства от дефицита топливно- энергетических ресурсов, обеспечение стабильности поставок энергоносителей для внутреннего потребления, адаптацию национальной экономики к новым мировым ценам, обеспечение безопасности энергетической инфраструктуры, атомных станций, нефтяных и газовых трубопроводов и других жизненно важных обьектов. Презядент Республики Казахстан Н.А.Пазарбаев в Послании «Новый Казахстан в повом мире» в качестве одного из важнейших прииритетов в развитии Казахстана обозначил развитие электроэнергстических ресурсов и создание основ атомной энергетики. Данное направление, по мнению Главы государства, требует разрешения следующих задач:

«Во-первых, необходимо сбалансированно решать проблему распределення электроэнергии между энергоизбыточными и эпергодефицитными регионами с привлечением мощностей стран-соседей и переходить на энергосберегающие технологии.

Во-вторых, необходимо последовательно модернизировать элеороэнергетическую отрасль, решать проблемы износа и нехватки мощностей, создать условия дпя развития новых производств, расширения и реконстирукции действующего оборудования и сетей передачи электроэнергии.

В-третьих диверсификация источников энергии требует развития атомной энергетики с целью обеспечения ресурсов для устойчивого развития всей территории страны. Необходимо осуществить разработку технико-экономического обоснования строи гельства атомной электросганции в Казахстане

В-четвертых, необходимо рассмотреть возможность создания энергетической биржи, по примеру Норвегии и Швеции, с сопредельными государствами в рамках энергетического союза 1].

Кроме того, была поставлена задача разработать комплекс мер по наращиванию мощностей сущесвующих электростанций, строительству новых генерирующих мощностей и оптимизации электропроводной сети, с тем, чтобы решить энергетические потребности регионов, предпринять конкретные шаги и системность в решении проблемы энергообеспеченности юга сртаны.

К важнейшим направлениям обеспечения энергетической безопасности Казахстана относятся: государственное и рыночное регулирование, структурные преобразования электроэнергетики, рациональное использование энергетических ресурсов, стратегическое управлснне энергетической сферой.

Идущие процессы глобализации мировой энергетики, взаимопронекнование и взаимодополнение энергетических комплексов отделтуых страп, объединение региональных энергетических рынков - все эти факторы обусловливают повышенное внимание к проблеме обеспечения энергетической безопасности. Достаточность экономической безопасности любой страны, а следовательно, и ее пациональюй безопасности будет определяться уровнем ее энергетической безопасности. Сегодня становится все более очевидным, что без энергетической безопасности нельзя обеспечить ни устойчивое производство ни потреблесние энергии, а последнее является непременным условием выживания, функционирования и развития любой социально-экономической системы[2] Следовательно, без энергетической безопасности не могут поддерживаться и все другие виды безопасности сколь бы то ни было продолжительное время.

В современном мире вопрос энергетической безопасности приобретает серьезную актуальность, так как надежные и гарантированные поставки энергии, произведенной экологически

приемлемыми способоми, выступают основой для предпосылок гармоничного развития современной экономикиСтраны-промышленные лидеры - рассматривают стабильное энергообеспечение отраслей национальной промышленности как основу своего устойчивого экономического развития и поддержания должного уровня обороноспособности.

В структуре мировой потребительской корзины основной удельный вес до сих пор приходится на невозобновляемые исчочники энергии - нефть, газ, уголь. Многие развитые страны, прежде всего США, обладающие большими занасами невозобновляемых энергоносителей, не интенсифицируют их добычу на своей территории, предпочитая сберегать их для будущего своей безопасности. Свои текущие потребности в энергопотреблении и в энергетической безопасности эти страны удовлетворяют за счет импорта ресурсов по заниженным ценам из экономически слабых государств, лишая их гарантии энергетической безопасности на будущее. Общими тенденциями и перспективами развития мировой энергетики является рост потребления энергии, возрастание доли новых технологий в производстве жергий. Так, по данным экспертов Администрации по информации Министерства энергетики СIIIА, представлепные в «Обзоре мнровой эиергстиiси 2005г.», мировое потрсбление энергии к 2025 году увеличится более чем п 1,5 раза. Практически во всех регионах мира прогнозирустся рост потребления энергии, но наиболее заметным он будет у развивающихся стран, которые к 2025 году по суммарным объемам потребления энергии смогут вплотную приблизиться к индустриальным странам. В свою очередь, развивающиеся страны Азии удвоят потребление энергии, на них придется 40% мирового прироста потребления[3 ]. К тому же в структуре мирового потребления энергии по-прежнему будут доминироваrь углеводородные виды топлива.

А существенными игроками энергетического рынка являются Китай и Индия. В значительной степени рост абсолютных объемов мирового потребления угля обеспечат именно эти страны. 'Это может составить до 70% мирового прироста потребления энергоресурсов.

Еще одной закономерной тенденцией является существснное повышение мировмх цен на энергоносители. Конечно, это вынуждает крупнейших потребителей энергоресурсов как США, страны Евросоюза, Китай, Индию оказывать планомерное давление на страны ОПВК для увеличения объемов добычи нефти.

Топливно-энергетический комплекс играет важнейшую роль в экономике Республики Казахстан. Ресурсный потенциал невозобновляемых природных видов энергоносителей Казахстана является основой энергетической безопасности страны. Природные богагства республики привлекают пристальное внимание большинства развитых стран. Казахстан экспортирует большое количество природных энергоносителей н это ставит под угрозу будущее своей энергетической безопаспости.

Сегодня доказанные запасы нефти Казахстана как континентальные, так и шельфовые, колеблются на уровне 1,2 - 2,4 млрд. тонн ($^{С}$М7,6 млрд. баррелей). На территории республики разведено 210 месторождений углеводородов в т.ч. 100 нефтяных и 70 нефтегазовых. Нефтегазоносные районы заннмают 1,7 млн. кв.. или 62% территории республики[4].

Сегодня Казахстан наладил экспорт своей нефти сразу по нескольким направлениям. Значительная часть нефти паправлялась *по* маршрутам «Транснефти»: Атырау - Самара, Махачкала - Тихорецк с шельфового месторождения «Тенгиз», а также Кенкияк - Орск.

До 2030 года политика увеличения эффективности использования энергоресурсов в Казахстане должна развиваться путем изменения системы управления, введения повых технологии, реорганизации казахстанской экономики. Кроме того, в Казахстане имеется 35 млрд. тонн запасов угля. В 2006 году Казахстан добыл 86 млн. тонн угля, потребив при этом лишь 58 млн. тонн этого ресурса. Оставшиеся 28 млн. тонн угля были направлены на экспорт - в основном в Россию и Украину[5].

В Казахстане уголь обеспечивает 80% энергии, тогда как гидроэнергетика дает 12%, и газ- 8%. Сейчас. на мировом рынке прослеживаются тенденции, оказывающие благоприятные влияние на перспективы работы угольных кампаний Казахстана- это увеличение мирового спроса на уголь. Поэтому республике следует всемерно повышать уровень добычи этого вида энергии. Для эффективного функционирования электроэнергетической отрасли необходимо не только техническое

перевооружение существующих генерирующих мощностей, но и ввод в эксплуатацию новых,

Стратегия «Казахстан -2030» ставит энергетические ресурсы важнейшим приоритетом и отводит им весьма важное значение в деле устойчивого экономического роста и улучшения жизни народа, для этого лишь необходимо «эффективно использовать энергетические ресурсы Казахстана путем быстрого увеличения добычи нефти газа»[6].

Одним из основных направлений государственной стратегии энергетической безопасности является ускорение развития альтернативных энергоресурсов и передовых технологий, Это предполагает ускорение расширения потребления газа, атомной энергии, чистого угля, твердых бытовых отходов, а также возобновляемых источников энергии.

Газ в мире считают самым чистым топливом, расширение исиользования газа может улучшать окружающую среду и снизить дисбаланс между потребностью и добычей нефти в"Казахстане. По прогнозам экспертов. после 2020 года использование газа имеет возможность прекысить долю нефти и угля в структуре мирового энергопотреблсния.

Сейчас в Казахстане газовый сектор находится на низком уровне, но при внедрении передовых технологии быстрое расширение газа будет реально в развитии экономики Казахстана.

При внедрении передовых технологий атомная энергетика является более чистой **и** недорогой энергией, поэтому в Казахстанс необходимо ускорить развитие атомной энергетики, Атомная энергетика является одним из ключевых моментов энергетичсской безопасности Казахстана в следующем столетии.

Во всем мире особый интерес наблюдается к непользованию в различных отраслях экономики альтернативных источников энергии. Конечно, это, прежде всего, связано с растущей потребностыо охраны окружающей среды и ограниченностью ископаемых энергоресурсов. Нам необходимо принять меры по использованию новых ң возобновляемых видов энергии, в том числе гидроэнергии, ветровой и солнечной энергии. Это должно быть важным стратегическим направлением в развитии энергоресурсов Казахстана. Однако, использование этих источников тормозится высокой осбенноимостью производимой с их помощью электроэнергии, которая значительно превосходит себестоимость электроэнергии, вырабатываемой на традициоиных энергоносителях.

Таким образом, внедрение энергосберегающих технологий является еще одним важным условием обеспечения энергетической безопасности Казахстана.

Не менее важным направлением государственной энергетической стратегии является диверсификация источников поставки энергоресурсов и усиление международного энергетического сотрудничества. При этом имеется ввиду, в первую очерсдь, диверсификацию источников поставки имнорта нефти и диверсификацию видов энергоресурсов, которая кроме нефти, Казахстан может еще импортировать нефтепродукты.

Следующим направленнем государственной энергетической стратегии является создание стратегичсских резервов и ускорение развития транспортной инфраструктуры.

Стратегия энергетической безопасности Казахстана на период до 2030 года является основным направлением долгосрочной энергетической политики Республики Казахстан.

Будущее Казахстана в мировом энергетическом пространстве призвана определить целенаправленная государственная полигика, отвечающая потребностям поддержания потенциала казахстанской энергетической отрасли.

*1.Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана, 28 февраля 2007 г.//Казахстанския правда - 2007.- 1 марта.*

*2.Прокофьев И. Три сценария развития мировой энергетики// Мировая энергетика. - 2004. -№ 7-8. - С.19.*

*3.World energy Reviem. – Washington D.C -2005.*

*4.Kazakhstan Country Analysis Brief \\ US Energy Information Administration. -2005.Iuiy. - (www. Eia. Doc. goy).*

*5.Гильдт Н. Бороться с энергодефицитом? ГІара пустяков //Известия. -2007. - 22февраля.*

*6.Назарбаев Н.А. Казахстан -2030//Казахстанская правда,- 1997.-11 октября*

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатын жүзегс асыру оның қазіргі жағдайы мен болшағы туралы мәселелер талдайады.

Summery

В статье анализируется государственная политика Республики Казахстан по обеспечению

энергетической безопасности страны, современном состояноии и перспективных этой отрасли.

## ХХ ҒАСЫР БАСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПЕН ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ

**А.Ө. Раджапов -**
т. ғ. к., Алматы энергетика және байланыс университеті

Патшалық билік өз отарындағы бұратана халыққа ұстанған езгінің әдіс-тәсілдері, бірінші дүииежүзілік соғыс. 1916 жылғы көтеріліс оның мәселелері мен оған катысы бар жайттар, переселендер мен жергілікті халық арасындағы теке тірес, жер мәселесі оны жергілікті халықтан тартып алуда түрлі айла-шара, қонысаудару мекемелері оның қызметі т.б.с.с. дүниелерге талдау жасауды өзімізге мақсат етіп койғанымыз жоқ. Бұл ізденісте біз аталмыш кезеңдегі Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы бұрын айтылмаған қоғамдық-саяси өміріне жаңа көзқарастың деректер негізінде оларға талдау жасап өз пікірімізді түйіндейміз.

Біз қарастырып отырған кезеңде Сырдария және Жетісу облыстарында жоғарыда аталған жылдардан бастап қоныстапдыру мекемелері ашылып. қызмет ете бастауы, кейін 1909 жылдагы 9 маусымдағы нұсқау негізінде осы облыстардағы қоныс аудару мекемелерінің қазақ пен қырғыздарды жаппай және тез “отырықшылыққа” көшіріп, олардың иелігіндегі ең шұрайлы және құнарлы жерді жөнсіз тартып ала бастауы тек қазақ пен қырғыздар тарапынан ғана емес, осы облыстарды мекендеген татар, өзбек, ұйғыр және дунген сияқты түбі бір түркі халықтары мен діндес мұсылман жұртының тарапынан да наразылықты күшейте түскен болатын. Өйткені, бұл кезеңде патша үкіметі Қазақстан мен Түркістандағы мұсылман халықтарын да "отырықшы нормаға" көшіріп, иеліктерімдегі жерді қоныс аудару мекемелері арқылы жаппай жөнсіз тартып ала бастаған болатын. Бірақ патша үкіметінің Түркістандағы жер саясатына және оны жүзеге асырушы қоныс аудару мекемелеріне қарсы түрлі сипатта жүргізген күресте осы облыстарды мекендеген діндес мұсылман халықтар бірге отырып қимыл ете алған жоқ.

Патша өкіметінің жандарм бөлімінің іс-қағаздарындағы “Мұсылмандық қозғалыс”, "панисламизм” деп аталатып құжаттарына сенсек, бұл кезеңдегі Сырдария және Жетісу облыстарындағы мұсылмандық қозғалыстың бағыты негізінен әсіресе, жер мәселесіне тікелей байланысты болған. Дін мәселесіне келсек Түркістанда, оның ішінде осы облыстарда діни орталықтарды көптеп құрып, қазақтар мен кырғыздардың арасында дін істерін дұрыс жолға қою болатын. Жер мәселесінде осы облыстардағы қоныс аудару мекемелерін жаптыру еді.[1| Қозғалыс бұл бағытта осы облыстарды мекендеген мұсылман жұртының басын бір орталыққа біріктіру жолында ұмтылыстар жасады. Бұл қозғалыстың қатарында Б.Сырттанов, З.Тазегдинов, О.Әліжанов, Х.В.Рафиков, М.Қари, Ә.Бехбуди, Ы.Жайнақов, С.Ақаев, Ә.Оразаев, Ы.Сардыбеков, Д.(Саурамбаев. Ш.Жантаев, Булар. Құтұқов (Кутукои), У.Ходжаев, М. Сулейменов, Ә.Кенесарин, А.Мангелдин, Ә.Стамбеков сияқты ел арасында есімдері белгілі қазақ, қырғыз, езбек, татар, үйғыр және дүнген халықтарының өкілдері үйытқы тұлғалар еді.

Жетісу облысындағы мұсылмандық қозғалыс жөнінде Жандарм бөліміне хабар беріп тұрған жандарм бөлімінің “Сегізінші нөмірлі” қызметкері 1911 жылғы мәліметі бойынша Жетісудағы мұсылмандық қозғалыстың белсенді ұйытқы тұлғалары Б.Сыртанов, О.Әлімжанов (Лепсі уезі), Ы.Сардыбеков (Сыртановтың жақын досы. Верный уезі, Үлкен Алматы болысы), Х.В.Рафиков (татар, саудагер, Лепсі уезі), Ы.Жайнақов (облыстық губернатор басқармасының аудармашысы),

Д.Сауранбаев (қырғыз, Пішпек уезі, Танаев болыстығы), Құтұқов (Кутуков, қыргыз, Пішпек уезі, Тоқмақ бөлімшесінің приставы), Бұлар (Булар, дүнген. Пішпек уезі), Ш.Жантаев (қыргыз, бұрынгы полковник, “Манап” Пішпек усзі. Сарабағаш болыстыгы) болған[2].

Қозғалыстың басты мақсаты облысты мекендеген мұсылман жұртының басын біріктіріп (бұл бағытта Б. Сыртанов, Х. В. Рафиков, О. Әліжанов бірнеше рет нақты қимыл жасаған), қазақ пен қырғыздың иелігіндегі жерді жөнсіз тартып алып отырған қоныс аудару мекемелерінің қызметіне шек қою еді|'3]. Осы бағытта олар түрлі жағдайда және мазмұнда өздерінің шағын басқосуларын өткізді. Мәселен, 1910 жылдың 21 қазан айында Ұзынағаш болысына қарасты Казанск-Богородск1селосында Б.Сыртановтың басшылығымен облыстағы ел арасында есімдері құрметпен белгілі қазақ және қырғыз өкілдерінің бас қосуы болды[4]. Онда облыстағы қоныс аудару мекемелерінің жөнсіз әрекеттеріне шек қою жөнінде қаулы қабылданып (тексін Б.Сыртанов жазган) оны Петроградтағы Мемлекеттік Думаға апарып тапсыруды Б. Сыртановқа. Ташкенттсгі Түркістан генерал- губернаторына тапсыруды ІІІ Жантаевқа жүктеген. Осы жиында Б. Сыртановтың Петроградқа бару жол шығынына Жстісу облысының Верный, Лепсі, Іішпек, Пржевальск уездеріне қарасты мұсылман болыстықтарынай 5000 сом жидырып беру ісін Д.Саурамбасв өз міндетіне алған[5]. Бірақ Петроградта да Ташкентте де қазақ пен қырғыздардың наразылық талаптарына құлақ аспағандары түсінікті жай. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей, осы облыстардағы қазақ пен қырғыздардың иелігіндегі “артық” деп аталатын жерді алу мәселесі Орталық үкіметтің ұстанған өз саясаты болатын. Жалпы Ақпан революциясына дейін Сырдария және Жетісу облыстарында мұсылмандардың бір орталыққа біріккен ұйымы болған жоқ. Патша өкіметінің жандарм бөлімінің қатаң бақылауында болған мұсылмандық қозғалыс және оның басшыларының іс-әрекеттері дер кезінде бақылауға алынып, олардың бастарының бірігуіне мүмкіндік бермей отырды.

Осы мәселеге байланысты тағы бір айта кететін жай - осы облыстардағы қазақтардың және тағы да басқа халықтар мен ұлт өкілдерінің әртүрлі әлеуметтік күштері, топтары, қоғамдық және саяси ұйымдары туралы мәселе. Бұл ретте: "Мұнда 1917 жылдың Ақпан революциясына шейін қазақ қоғамының арасында ешқандай да, бірде-бір саяси ұйым, одақ және партия болған жоқ”[6] деуі орынды айтылған пікір. Түркістан өлкесіндегі қазақтардың Ташкент каласында бір ғана «Алаш» қоғамдық мәдени-ағартушылық ұйымы болды. Бұл қоғамдық ұйымның алған бағыты мен алға қойған мақсатын осы ұйым туралы Түркістан генерал-губернаторлығы кеңсесінің 1916 жылдың 19 желтоқсанында Түркістан генерал-губернаторының атына құпия түрде жолдаған К$^{т}$5459-шы Мағлұматынан байқауға болады. Онда былай деп жазды: "...Общество '‘Алаш прогрсссивного направления, членами коего принимаются лица, внесящие не менее 25 рублей в год... целыо сего общества поставлено издание собственного печатного органа и растрострапения исключительно среди киргизского населения произведении печати:газеты, журналов и книг на киргизском языке.

Обществу не чуждо нанисламйстических идей. Задаваясь желанием пробудить косное киргизское население Туркестаною края от вековой спячки... представляется необходимым пробудить их к культурной работе и объединению, чтобы в конечном результате добиться автономии, как для совершенно отдельной национальности” [7]. 1916 жылдың 26-шы қараша айынан бастап “Алаш” атты қоғамдық мәдени-ағартушылық ұйым өздерінің “Алаш” атты орталық баспа газетін шығара бастады[8].

“Алаш” газеті өзінің N12 саны шыққанға дейін отаршыл әкімшілік мекемелердің қатаң бақылауында болды.[9] Бұл туралы 1916 жылдын 30 желтоқсанында Сырдария облысының әскери- губернатор атына құпия түрде нұсқау берген N1308 ші қатынас хатында былай делінген: “...Издания газеты “Алаш” главный начальник края всказан мнение о необходимости не только следить, что в газете не было ничего противного интересом русского правительства, но и воспользоваться ею как средством проведения в туземную среду взглядов полезных русскому делу края”[ 10].Мұндай саяси ұйымдар мен партиялар переселен орыстардың және тағы да басқа халықтар мен ұлттардың арасында да болмаған. Осы мәселеге қатысты пікірлер 20-шы жылдары жарық көрген еңбектерде де көрініс тапқан. Мәселен. “Колониальная революция” (опыт Туркестана) деген еңбекте бұл мәселе жөнінде: “1917 жылғы революцияға дейін Түркістандағы жағдайды есепке алған ешқандай да революциялық идеология орыс жұртының арасында революциялық қозғалыста бірлікке ұмтылушылықты аңғартатын кішкене де ыңғай, ешқандайда революциялық дәстүр болған емес. Қанаудағы ұлттар мен қоныс аударып келген орыс жұртының арасында ұлттық теңсіздіктен бастау алатын, өзара түсінбеушіліктің қалың қабырғасы тұрды”[11]- деп жазды.

Сонымен, патша үкіметі қазақ жерін отарлау саясатын жургізгенде отарлаудың ең тағылық жолын таңдап алып еді, яғни қоныстандырын отарлау саясатының әскерлік-феодалдық іздісін қолданды. Патша үкіметінің қазақ жерін қоныстандырып отарлау саясаты үш дәуірге бөлінді: әскерлік отарлау, қара шаруалардың отарлауы және 1905 жылдан кейінгі переселен саясаты[12]. Патша үкіметінің қазқастанда отарлаудың үшінші кезеңі ол, тарихта «П.А.Столыпиннің аграрлық реформасы» деген атаумен белгілі. Бұл реформа бойынша Түркістанға (Жетісу, Сырдария обл.) көшіп келген переселендерге қоныстандыру мекемелері біз қарастырып отырған облыстардағы қазақ пен қырғыздардың иелігіндегі жерлерді «қоныстанушыларға» тартып алып беруден олар еш аянған жоқ. Ал, орыс отаршыл әкімшілік-билік мекемелері «қоныстанушыларға» қазақ пен қырғыздық пайдалануындағы жерлерін тартып алуын мақұлдап отырды және оларды осы облыстардағы өздерінің «әлеуметтік тірегі» мен әскери күш ретінде бағалап, оларға түрлі кеңшіліктер мен жеңілдіктер берді. Қажет жағдай әскери күш те, қару да үлестіріп отырды. Бұл саясат өзінің нәтижесін біз қарастырған облыстарда 1916 жылғы көтеріліс кезінде өз мақсатын толық орындады. Басқа сөзбен айтсақ 1916 жылгы көтеріліске дейін переселендер мен қазақ пен қырғыз арасындағы теке тірес қанды қақтығысқа жалғасқан болатын. Оған аштық, соғыс, жоқшылық т.б. қосылып қазақтың жағдайы әбден мүшкіл күйде болатын.

Міне, осы жағдайлардың бәрі - 1917 жылғы Сырдария және Жетісу облыстарының қоғамдық өмір-тіршілігіне өз ықпалын тигізбей коймады. Сондықтан да біз қарастырып отырған облыстардағы мұсылман халықтары, әсіресе, қазақ пен қырғыз жұрты Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясын қандай жылы қарсы алғанын А. Байтұрсынов көрсеткендей, “патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтылдық па деген ескі үмітін нығайта түскен еді".

1.Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві. И 461 - қ., 1 - т., 102 - іс, 26 -18- 18'"\ 19-19'"’, 50-п.
2.Сонда. 7б*\ 79-79°'°, 80-80°'°, 87-п.
3.Сонда. *1 8 7 6* ' -п.
4.Сонда. 26-26",Г\ 76-п.
5.Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві. И-461-қ., 1-т., 1026-іс 22,45'"'-п
6.Зиманов С.З. В.И. Леин и Советская национальная государственностъ в Казахстане. - Алма-Ата, 1970. —С.49.
7.ӨР. ОМА И-17-қ 1-т., 17654-іс, 1-2-п.
8.Субхабердина У. Қазақ, Алаш, Сарыарқа Алматы, 1903. 14-6.
9.Нұрпейісов. К. Алаш Алашорда. - Алматы, 1995. - 127-6.
10.ӨР. ОМА. И-17-қ., 1-т, 17654-іс,5-п.
11.Сафаров. Г. «Колониальнаяреволюция» (опытТуркестана). - М., 1921. С. 54.
12.Асфандиаров С. История Казахстан. - Алма-Ата, 1993. -С. 186-241.

Резюме

В статье исследованы степень активности участтия в общественно-политической жизни мусульман Сырдаринской и Жетысуйской областей накануне 1917 года и история создания общественно-политических. Организаций, союзыразныхсоциальныхсил.

Summary

In labour explored level-degree to activities of the participation in public-political life мусульман Syrdarinskoy and Zhetysuskoy areas on the eve 1917 and history of the longing to create public-political organizations,alliances their different social power.

# ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН КЕҢЕСТІК РЕФОРМАЛАУ ТҰСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

**С.А.Есқалиев -**
*т.ғ.к., Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті*

Қазақ жеріне отаршылдардың ұстанған саясаты, қолданған ебі тұтынған әдісі, жасаған зорлығы – қазақ тұрмысын көп өзгеріске ұшыратты. Көшпелілерді бірте-бірте жерсіз қалдырып, татырмен шөлгем иіріп тастап, егін саларлық, отырарлық жерден құралакан қалдырды. Арқадағы аудандарда қазақ қан орманы қайта-қайта пішіп бұларды дақысандыққа түсірді. Қазақ жерінің ауданын қысқартып, жерді пайдалану ісіне де зиянын тигізіп кетті [1, 200-б.],- деп, сол заманнын көзі ашық азаматы, Шонанұлының айтқанындай, *XX* ғасырдың 20-30 жылдарының аралығы қазақ халқының бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын өзгерту кезеңі болып тарихқа енді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес үкіметінің енгізген саяси-экономикалық «жаңалықтары» ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи жолмен дамуына мүмкіндік қалдырмады. Аграрлық қатынастардың шиеленісуі жергілікті билік органдарын қиын жағдайға қалдырды. Мал шаруашылығының дағдарысы жергілікті тұрғын қырғыздар мен (қазақтар - авт.) қоныс аударып келген орыс мұжықтары арасындағы қатынастардың шиеленілсуі мен ушығатүсті[2, 17-п.]. 1925 жылы Қазақстанға Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы болып келген Ф.П.Голощекин қазақ халқының күн көріп келген көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, орта ғасырлық, күні өткен мәденистсіз, кеңестік құрылыспен үйдеспейтін сала ретінде сипаттап, оны түбірімен өзгертетін «социалистік» қайта құру бағытын ұсынды. Мұндай бағыттың қазақ халқы үшін қатерлілігін түсінген қазақ зиялылары, ғалымдар, мамандар дәстүрлі мал шаруашылығының эволюциялық даму жолын күйретпей сақтау жөнінде өз көзқарастарын солкезеңде-ақ көрсетеалды. Бірақ, ғылыми тұрғыдан негізделген құнды ұсыныс, пікірлерді Орталық Комитетіне, Ф.И.Голощекиннің өзі де есепке алмады. Осылайша жергілікті халықтың текөзіне тән ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді [3, 3-б.].

Сөйтіп, «Кеңестік құрылыстың алғашқы кезеңінде-ақ басты міндет билікті қолға алу және нығайту [4, 7-п.]»,-деген В.И. Лениннің сөзін мүлтіксіз орындауға кіріскен большевиктер 1920- жылдардың ортасынан кейін-ақ Қазақстандағы «асырасілтеу» саясатын бастап кетті. Қазақстанда жүрігізілген бір-бірімен сабақтас саяси төтенше науқандар атапа йтқанда тәркілеу, ет, астық дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаты дәстүрлі мал шаруашылығын біржолата күйретті. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының өзіндік ерекшелігін, табиғи-тарихи жағдайын көзге де ілмей жүргізген саясаттың нәтижесінде халық қырғынға ұшырады. Дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің ауыр зардабы, қасіретті қорытындысы — орны толмас адам шығыны еді. Ақиқатын айтқанда, большевиктер өкіметі мен оның кейінгі ізбасарлары социализм орнату жолында өз халқын күшпен бақытқа жеткіземіз деп мастанды. Алайда, қорлық пен зорлық қыспағында жүріп, бақытты өмірге қол жеткізу мүмкін емес еді. Мұның өзі дүние жүзі алдында адамзаттың ұлы ойшылдары армандаған халықты орны толмас апатқа ұрындырып , орасан зор, орасанзорқасіреткедушаретті. Шын мәнінде, Кеңес қоғамындағы өзгерістер 20-30 жылдары қалыптасқан тоталитарлық режимнің қыспағымен, халықгың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл әсіресе, жер мәселесінде, ауылшаруашылығын ұжымдық негізде қайта құру саясатында айқын көрінді. Сөйтіп, ауылшаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын «Ұлыбетбұрыс» шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғышартын жасады |5. 4-б.]. Бұл жерде жаңадан құрылып жатқан ауылшаруашылығы артельдерімен колхоздар тез арада қалыпты жолға түсіп, экономикалық жағынан тиімді пайда келтіре қоятындығы күмән тудыратындығы даусыз мәселе болып табылады, Оның үстіне 20-жылдары пайда болган кооперацияның қарапайым да тиімді түрлерінен бастартып, ұжымдық шаруашылықтың жоғарғы түрлеріне бірден секіріс жасаудың өзі экономикалық тұрғыдан алған да қателіке ендігі белгілі. Ауыл шаруашылығындағы жеке меншік қожалықтарды экономикалық реформалар арқылы ретке келтіріп, ешкімді шығынға ұшыратпай-ақ, үкімет үшін де, халық үшін де тиімді жолдардың барлығын білдірген пікірлерде көп болды.

Осы тұста, нақты айтсақ, қазақтардың шаруашылығын кеңестік реформалауға байланысты қазақ қоғамының зиялы қауымы, соның ішінде Алаш қозғалысының қайраткерлері, қазақтың асыл ұлдары өздерінің позицияларын айқын көрсеткендігін біз бөліп айта отырып, аталған мәселеге осы мақаламыз арқылы баса көңіл аударуды қажет деп таптық. Мысалы, Алаш козғалысының көрнекті қайраткері М.Шоқай «20 жылдардағы Қазақстандағы жер мәселесі «қарулы күштердің қауіптөндіруі мен шешілді»,-деп атап көрсетеді [6, 62-б]. Өлкелік партия конференциясы (1925 ж.) қарарында «Жерге орналастыру саласында ең алдымен байырғы халық, әсіресе олардың отырықшылыққа жатқандары жөнінде міндет қойылатын болсын» деп көрсетіп, қаза қшаруаларын жермен қамтамасыз етіп алғанға дейін ішкі Ресейден Қазақстанға өз бетінше қоныс аударушылар легін шектейтін шаралар белгілсді [7. 191-б.]. Патша үкіметі тұсында қоныс аудару қозғалысы лек-легі мен ұйымдастырылды. Соның салдарынан жайылымдық жерлер тарыла бастады. Алайда Кеңес үкімегі орнағаннан кейін де, карашекпенділердің қазақ жеріне қоныс аудару тоқтамады. Осы жөнінде Торғай облысының атқару комитетінің төрағасы, төтенше комиссар О.Жанкелдин қоныс аударуды тоқтату керек екеніннегіз деп, орталыққа хат жолдайды. [8, 4-п.]. Бұл жөніндс, 20 жылдардағы жер мәселесінің шешілуі тағыда Қазаққстанға орыс қоныстанушыларының келуімен одан әрі шиеленісе түскендігін айта келіп, М.Шоқай: «Ф.И.Голощекиннің құйтырқы саясатының нәтжесінде қазақтардан қарулы күштердің қаупімен, өз еріктерімен көшіп келген орыс шаруалары есебіне жер тартып алынуда»,-деп мәселенің көшіп келушілер пайдасын аөзгеруін еөз қарсылғын білдіреді. Сөйтіп, Қазақстандағы кеңес үкіметінің саясатын М.Шоқай «құлаған патша үкіметінің саясатын еске түсіреді. Мәскеу большевиктері өздерінің қаулыларын бұза отырып, Ресей империясындағы Қазақ жеріне қоныс аудару мәселесін жалғастырды»,-деп қалыптасқан жағдайды анық көрсетеді [9, 45-46-66.].

Осы бір республиканың экономикалық-саяси өміріндегі күрделі мәселе жөнінде жүрген қызу айтыста Алашорданың тағы бір белгілі қайраткері Ә.Бөкейхановтың пікірлері мен ғылыми ойлары, тұжырымдарымаңызды орыналады. Бұл адамның қазақ жерінің жағдайын жақсы білетіндігі көптеген деректерде анықайтылған. Әлихан Бөкейханов – қазақтың малшаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған энциклопедист-ғалым деп есептелінгендіктен, қайраткер азамат қазақ шаруашылығын реформалау мәселесіне байланысты өз көзқарасын білдіруді туған халқы алдында перзентік борышы деп ұққан деп нық сеніммен айтуға болады. 1899 жылы ол Омбының алдыңғы қатарлы Зиялыларымен ауылшаруашылық мамандарымен бірге Мәскеудің ауылшаруашылық қоғамының Омбылық бөлімін ашуға ат салысады. Қоғамның атға қойған негізгі мақсаты – Сібірдегі және қазақ облыстарындағы ауылшаруашылық саласын мәдени-насихаттау жолымен дамытуға мүмкіндік туғызу болатын, "Щербина экспедиңиясынан" /1896-1901/ кейін 1903 жылы ол С.П.Швецос бастаған Сібір темір жолы бойында орналасқан ЧелябіменТом /Томск/ қалалары аралығыш мекендеген қазақтардың малшаруашылығын зерттеуге бағытталған экономикалық экспедициясының құрамында болды. Сол тұста Ә.Бөкейханов қақазақтың қой малын және қой шаруашылығын зерттеу тапсырылады. Сол өңірдегі қой шаруашылығымен қоса ол бүкіл қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі, атай айтсақ, Жетісу, Сырдария бойындағы қазақтардың қойтұқымдарын, шаруашылықтарын түгел қамтып, бір-бірімен өзара салыстыра отырып зерттеді. Соның нәтижесінде Ә.Бөкейхан қазақтың қой тұқымдары және қазақтың қой шаруашылығы жайында бұрын-соңды ғылымда болмаған монографияны жазып, өмірге келтірді [3, 20-21-б]. Оның ғылыми қызметі жөнінде кейіннен белгілі орыс ғалымы С.П.Швецов «Ә. Бөкейханов қазіргі заманғы қазақ халқының өмірін зерттеген санаулы адамдардың қатарына енеді»,-деп пікір білдіреді. Осындай білімі бар, әрі қазақ шаруашылығын терең білген ғалым КСРО ҒылымАкадемиясының (әріқарайГА-авт.) Президиумы тарапынан «Одақтас және автон 23 томды республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитеттің» құрамына Қазақстан бойынша сарапшы ретінде шақырылды. Бұл ұсыныс қакеліскен Ә.Бөкейханов сол жылы КСРОҒА-ң Ерекше комитеті ұйымдастырған, С.П.Швецовтың жетекшілігімен жұмыс жасауға тиісті экспедицияның құрамында Қазақстанды зерттеуге шығады. Алайда оның аталған экспедиция құрамындағы сапары мерзімінен бұрын аяқталады. Адай уезін зерттеуді аяқтап болғанғалым, жолда Қызылордаға досы А.Байтұрсынұлына қонаққа барған сапарында тұтқынға алынып, Мәскеуге жіберіледі. Осы оқиғадан кейін оның экспедиция құрамында болуы билік тарапынан мақұлданбады және бұлкісінің 1927 жылдан 1937 жылдың тамызына дейін, өмірден өткенше биліктің үздіксіз бақылауында болды [10, 115- 116-б]

Тағы бір Алашорда да қызмететкен, заманының белгілі азаматы Ә.Ермековтің де қазақ шаруашылығының жай-күйіне заманының ызғарынан қорықпай, араласып жүргендігі сол заманда үлкен ерлікке теңдеп бағалауға болатындай. Себебі, кезіндегі Алашорданың бұрынғы вице-премьері Ә.Ермеков 1920 жылы Қырғыз (қазақ-авт.) Революциялық комитетінің мүшесі болып сайланады және осы жылы Мәскеуде пролетариат көсемі В.И.Лениннің алдында «Қазақ өлкесінің жағдайы және оның шекарасын белгілеу» тақырыбында баяндама жасайды. Осы баяндама барысында Каспий теңізінің жағалауындағы бірша қырымдық жерді РСФСР-ге қосу жөнін деп пікір көтеріліп, Ә.Ермековтың бұған қарсы сөйлеп, ол жерді «қазақтар көп мекендейтін жер» деген секілді дәлелдер келтіріп, наразылықтан туының нәтижесінде ғана жағалаудағы алқап Астрахан губериияcының иелігінен алынып, Қазақ Автономиясы республикасының қарамағына берілетін болып шешіледі [11, 88-90-66].

Қазақстанда жургізіліп отырған қатерлі аграрлық саясатты батылсынғаалған, оған ашық қарсы тұрған көрнекті мемлекет қайраткері С.Сәдуақасовтың еңбектерінің біздің тақырыпты зерттеудегі маңызында айрықшаа атап өтуіміз кcрек. С.Сәдуақасов "адамшылықтың ілгері басуы мал бағуды жоюға тірелмейтіндігін" атап көрсете келіп, Қазақстан жағдайын Дания, Австралия елдерімен қатар койып, республика экономикасының негізгіс аласы мал шаруашылығын жергілікгі қазақ халқының мүддесін ескере отырып дамытудың ғылыми тұрғыдан негізделген бағдарламасын ұсынды [3, 7-6.]. Алайда кейіннен қазақтың дәстүрлі шаруашылығы күйзеліске ұшырап, малдың саны азайып кеткенеді. Қазақстан шаруасының жылдап-жылға өзгеріп отырғандығын белгілі қайраткер Смағул Сәдуақасұлы "Қазақстаи шаруасының беталысы" атты мақаласында: "...Қазақ шаруасы қанша күйзелгенімен қазақ жұртының іргесі аман қалып отыр. Бірен-саран жерлерде болмай жалпы калың ел сау. Қазақ кедейленді, бірақ жер жүзінен өшіп кеткен жоқ. Қазақта баяғыдай мыңдаған жылқы, жүздегсн сиыр жоқ, әйткенімен ендігі шаруасын ілгері бастыруға жететін қорықалды. Жұқа болсада жұрнағы бар. ...Бұрын он сиырды мал деп есептемейтін қазақ енді бір сиырды мал етті", - дей келе сол кездегі шешімін таппайтұрған өзекті мәселенің бірі ауылшаруашылығы қандай бағытта дамиды деген сауалға "... қазақ отырықшы болу керек дегенді айтып жүр, қазақ фабрика зауыт салуға айналу керек дейді, бұның бәрі өз заманында болажататын нәрселер. Қазіргі алдымызда тұрған сауал ауылшаруашылығының жайы. Болашақ та ауылшаруашылығына тіреледі. Ауылшаруасының жолы көбінесе табиғи заңдармен жүреді. Бір жағы адамның күш еңбегі болса, екінші жағы жаратылыстың жасалуы. ...Сондықтан біз шаруаны айтқан кезде Қазақстанныц табиғи-тарихи, климаттық жағдайын еске алуымыз керек" – деп жауап берді [12].

Сол Кезеңдегі қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қазақ шаруашылығын реформалаудың халық үшін қиын тиетіндігін айтқан ескертулерімен ұсыныстары тың далмағандығы былай тұрсын, кейіннен олардың барлығы да осы көзқарастары үшін «халық жауы» ретінде жазықсыз жазаланып кетті. Нәтижесінде қазақ халқы бұрын тарихта болып көрмеген апатқа ұшырап, өз жеріндегі аз санды ұлтқа айналып шыға келді. 1930 жылдардан кейін аштық, көтерілістер, елден үдере қашу секілді оқиғалар белең алғандығы соншалық, қазақ халқының қаншасы өлген деген деректі анықтаудың өзі қазіргі таңда қиындық тудыруда. Нақты айтсақ, 1932-1933 жылдардағы Қазақстандағы аштықтың қорытындысы бойынша болған адамшығыны туралы кеңестік тарихнамада әртүрлі баға беріледі. Кейбір еңбектерде (екі сана карасындагы қазақ этносының айырмашылығын есепке ала отырып) халық саны бір миллнон адам деп айтылса, белгілі кеңестанушы М.Олкоттың «Фабрикация социального прошлого: Казахи Средней Азии» атты жұмысында «екі миллион адам құрбан болды»,- депайтылады [13, 130-6.],

ЕлбасымызН. Әбішұлы аталған мәселе жөнінде кейіннен: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдырыда қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігермен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ.Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіреті мен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық әрі адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес»- деп, өз бағасын береді [14, 175-176-6.]. Бұл пікір. Шындығында да, кеңестік саясатта халқының намысын биік қойған азаматтардың еңбегіне әділ берілген баға екендігі анық.

*1. Шонанұпымұралары (шығармалар, зерттеулержәнемақалалар). - Алматы, 2007. 368 б.*
*2.Ресей Федерациясының Мемлекеттік экономикалық мұрағаты. 478-қ, 3-т, 147-іс*

*3.Сантаева К.Т. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және оның ауыр салдарлары (Оңтүстік Қазақстан материалдары негізінде. 1925-1935 жж.). Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2001. - 178-б.*
*4.Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. 30-қ, І-т, 1060-іс.*
*5.М.Қ.Қозыбаев, Қ.С.Алдажуманов, Ж.Б.Әбілқожин. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алма-Ата, 1992. - 36-б.*
*6.Мустафа Чокай-оглы. Туркестан под властыо Советов (К харикteристике диктатуры пролетариата). - Алматы, 1993. -160-б.*
*7.Қойгелдиев М. «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.)». Зерттеулер. - Алматы, 2004,- 400-бет.*
*РФМЭА. 478-қ, 3-ш, 529-іс.*
*8.Мұхатова О. Қазақстандағы XX-ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). - Алматы, 1998. - 119-б.*
*9.Асылбеков М.Х., Сейтов М.Т. Алихан Букейхан - общестеснно-политический деятель и ученый. - Алматы, 2003. - 148с.*
*10.Ермеков Ә. Мен Ленинмен неге сөз жарыстырдым?»//Егемен Қазақстан. - 2000. - 31 мая. //Жұз тұңғыш. Жинақ. 2-кітап. Құраст. Б.Нұржекеұлы. -Алматы, 2005. - 352 б.*
*11.Сәдуақасұлы С. Қазақстан шаруасының бет алысы // Еңбекші қазақ. - 1924. - І- қаңтар. -№154.*
*12.Абылхожин Ж.Б. «Сталинизм и номадизм:к вопросу силовой политикеседентаризации в Казахстане в конце 1920-х - начале 1930-х годов.» // Феномен кочевничества в истории Евразии. Номадизм и развитие государст: Сб. материалов Международной научной конференции/Подред. И.В. Ерофеевой и Л.Е.Масановой,- Алматы, 2007. - 204 с.*
*13.Назарбаев Н. «Тарих толқынында». - Алматы. 1999. -296 бегп.*

Рсзюмс

В этой статье освещаются взгляды передовой национальной интеллигенции на изменение казахского уклада жизни 20-30 гг. XX века.

Summery

In this article are illuminated glances to leading national intellectuals on change the kazakh mode to lifes 20-30gg. XX age.

## ҚАЗАҚ АКСР-ІНДЕГІ САЯСИ БИЛІК ЖЕКЕ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

**С.Шілдсбай –**

т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

Біз бұл мақалада Қазақ АКСР-індегі саяси биліктің жеке құрамы мен ондағы өзгерістерге тоқталуды жөн көрдік. Қазақ халқының мемлекеттілік дамуының бір сатысы болып табылатын автономиялық кезең тарихындағы зерттелмеген мәселелердің бірі - мемлекеттік билік тарихы. Қазақ АКСР-індегі мемлекеттік билік - кеңіннен одақтас республикаға айналған Қазақ КСР-інің мемлекеттік билік аппаратына негіз болғанын ескерсек, оның автономиялық кезеңдегі қалыптасуы мен даму тарихын арнайы қарастыру аса маңызды тарихнамалық мәселе болып табылады.

Ресей Коммунистік партиясы большевиктерінің (бұдан ары - РК(б)П) ұлт саясатына тікелей тәуелді болған Қазақ АКСР-індегі мемлекеттік құрылыс тарихын жүйелі жазу ісі - Қазақстандағы саяси биліктің жеке құрамын толық анықтауға тікелей тәуелді. Себебі, мәртебесі бойынша қоғамдық-саяси ұйым болып табылатын Коммунистік партияның Қазақстандық бөлімі қолына іс жүзінде бүкіл саяси және мемлекеттік билік шоғырландырды, мемлекеттік мекемелердің барлығына бақылау жасады және басқару органдары мен олардың аппаратын жасақтады, қызметі барысында Мәскеуге тікелей

бағынды. РК(б)П ОК-нің Қазақстанға қатысты жоспары мен саясатын жүзсге асыруда Қазақстанды басқарған саяси топ - партиялық-кеңестік номенклатура үлкен рол атқарды. Орталықтың Қазақстанда жүргізген саяси, шаруашылық және экономикалық іс-шараларының қаншалықты жүзеге асырылуы - саяси билік құрамының пиғылы мен біліктілігіне байланысты болды Сондықтан, саяси биліктің жеке құрамы мен ондағы өзгерістерді анықтау, жеке құрамның сандық, сапалық, ұлттық құрамына талдау жасау аса қажет.

Қазақ АКСР Коммунистік партиясының тарихы бірнеше кезеңдерден тұрады. Қазақстанда біртұтас партиялық ұйым құру мәселесі алғаш рет 1920 жылы 12 сәуірде өткен РК(б)П Қырғыз өлкелік Ұйымдастыру бюросының (Қырұйымбюро) бірінші мәжілісінде қаралды. Оған Қазревкомның комфракциясының мүшелері А.Авдеев, О.Ойтиев, Ә.Әлібеков. Бөкей губкомының өкілі Т.Седельников, В.Лежава-Мюра және кеңесші дауыс құқығымен А.Кулаков пен Г.Әлібеков қатысты. Осы жиында Қазұйымбюро туралы уақытша ереже қабылданып, оның құрамына Қазревкомнын коммунистік фракциясынан - С.Пестковский, А.Авдеев, Ә.Әлібеков, Т.Седельников, Ә.Әйтиев, С.Арганчеев, Ақтөбе губерниясы коммунистерінің фракциясынаи - Сидорон, ТАКСР құрамына кіретін қазақ коммунистерінсн О.Жандосов пен Капсалямов кірді. Сонымен қатар, Орал және Орынбор губернияларының өкілдері үшін екі орын қалдырылып, С.Меңдешсв пен Б.Қаратаевтың Қырұйымбюроға кіруі туралы мәселе кейінге қалдырылды. Қырұйымбюросының 14 сәуірде өткен мәжілісінде 1 Президиум А.Авдеевті төраға, С.М.Штыбты хатшы егіп сайлады. [1]

1920 жылы 30 сәуірде РК(б)П ОК-нің Ұйымдастыру бюросы Қазақстанда партиялық жұмыс жүргізудің тиімділігін арттыру үшін жеті адамнан тұратын РК(б)І І ОК-нің Қырғыз облыстық бюросын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. РК(б)П Қыроблбюросының құрамына С-С.Пестковский,О.Өйтиев, А.Авдеев, Ә.Жангельдин, С.Арғанчеев. М.Мырзағалиев жэне Ә.Әлібеков кірді. Осылайша, алғаш рет бүкіл Қазақстандағы партиялық жұмысты үйлестіретін және басқаратын біртұтас ұйым құрылды. [2]жылы 14 мамырда өтксн РК(б)П ОК-нің Қыроблбюросының мәжілісінде Қырұйымбюроны жойып, оның барлық жұмысын Қыроблбюрога беру жөнінде шешім қабылдады. Президиум сайланғаига дейін Уақытша хатшы болып А.Авдеев сайланды. 1920 жылы 24 мамырда Қыроблбюро 3 мүше (С.ГІсстковский, И.Мартыиов, М.Мырзаға.чиев) жәнс 2 кандидаттан (А.Авдеев, С.Арғанчеев) тұратын уақытша президиумды сайлады *[2.* 192.].

Құжаттарға қарағанда, 1920 жьшы 8 шілдеде Мәскеуге кеткен С.Пестковский қайтып Қазақстанға оралмаған. Оның орнына орынбасар С.Арганчеев тағайындалып, И.Акулов бюро құрамына кіргізілді. 1920 жылы 26 шілдеде РК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросы Қыроблбюро мүшелері И.МартыНов пен Покровскийдің орнына И.Акулов пен Г.Коростелевті енгізу туралы шешімді бекітті. Ал 25 тамызда РК(б)П ОК Саяси бюросы Қыроблпартбюроның жаңа құрамын бекітті. Оған В.Радус-Зенькович, А.Ладеев, А.Коростелев. А.Кулаков, И.Акулов. Ә.Жангельдин, М.Мырзағалиев, САрғанчеев, С.Меңдешев кірді [2. 194-196.].жылы 1 қыркүйекте өткен Қыроблбюро Саяси бюросының алғашқы мәжілісінде И.Акуловсаяси хатшы, А.Авдеев пен С.Арғанчеев Саяси бюро мүшелері болып бекітілді.жылы 15 қазанда өткен Қыроблбюро пленумы Қыроблбюроның өз канцеляриясы мен ұйымдастыру-нұсқау бөлімін құра отырып, оның аппаратын бөлу туралы қаулы кабылдады. Сонымен қатар, Қыроблбюро Саяси бюросын жойып, орнына Президиум құру туралы шсшім қабылданды. Президиум кұрамына В.Радус-Зенькович, И.Акулов, В.Киров сайланды.

жылы 10 қаңтарда РК(б)П Қыроблбюросы хатшы И.Акуловты қызметінен босатып, оның орнынан президиумға М.Мырзағалиевті кіргізді. 1921 жылы 27 қаңтарда М.Мырзағалиев Қыроблбюросының хатшысы болып бекітіліп, Президиум құрамына С.Мендешсв, В.Радус-Зенькович кірді [2. 204].

жылы 21 наурызда РК(б)П ОК құрамы В.Радус-Зенькович, А.Авдеев, А.Анохин, П.Журевскпй, М.Мырзағалиев, М.Саматов, С.Меңдешев және Ә.Жангельдипдердеи тұратын Қырпартбюроны бекітті.

жылы 21 сәуірде Қазпартбюро пленумы Обл бюро Президиумын төмендегідей құрамда бекітті: В.Радус-Зенькович, А.Анохин, Ә.Жангельдин.

жылы 3 мамырда Қырпартбюро Пленумы М.Мырзағалисвті Қырпартбюро хатшысы етігі тағайындады. В.Радус-Зенькович, М.Мырзағалиев, А.Анохиндер Президиум мүшелсрі болып бекітілді.

1921 жылы 11-18 маусым күндері Орынбор қаласында бірінші бүкілқазақстандық партиялық конференция болып өтті. Конференцияға 147 депутат шешуші дауыспен және 15 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференция 11 адамнан тұратын РК(б)П Қыробкомын (С.Мендсшев, Г.Коростелев, М.Мырчағапиев, С.К.Саблин, М.Костс ювская, А.Авдсев, П.Г.Струппе, Н.А.Радус-Зенькович, А.Асылбеков, Петров. Ә.Жангельдин) жәнс оған 3 кандидатты (Пгоров, С.Аргапчесв және П.В.Журевский) сайлады. [3]

жылы 19 маусымда өткен Қыробкомның 1 пленумы М.Мырзагалнев псн М.Костеловскаяны Қыробком хатшылары етіп сайлады. Президиум құрамы 5 адамнан (М.Мырзағалиев, М.Костеловская, С.Меңдешев, А.Авдеев, Г.Коростелев) құрылып, П.Струппе мен

А.Радус-Зсنькович мүшелікке кандидат болып сайланды [4].

жылы 5 тамызда РК(б)П Қыробкомы хатшылары М.Мырзағалиев пеп М.Костеловская өзара міндеттерін бөлісті. 13 тамыз күні өткен Қыробком Президиумыныц мәжілісінде .Мырзағалисв жұрттың көзінше М.Костеловскаяға қарсы шығып оны шешім қабылдауға тырысады деп айыптады. Осыдан кейін, 27 тамызда өткен Қыробкомның кеңейтілген пленумы М.Костеловскаяны РК(б)П ОК қарауына жіберу туралы шешім қабылдап, ҚАКСР ХКК төрағасы және Ішкі істер халкомы қызметтерін атқарып жүрген М.Мырзағалиевті орнынан босатып, Г.Коростелев пен С.Меңдешевті хатшылар етіп сайлады [4. Ю-п.]

жылы 19-27 ақпан күндсрі Орынбор қаласында екінші бүкілқазакстандық партиялык конференция болып өтті. Конференцияға 106 депутат шешуші дауыспен және 30 делегат кецесші дауыспен қатысты. Қыробком құрамына 15 адам - А.Марьин, Ф.Григорьев, С.Меңдешев, Г.Коростелев, М.Мырзағалиев. А.Асылбеков, П.Пұрмақов, С.Полозов, В.Юдовский, А.Горкин, Ә.Әлібеков, А.Оразбаева, А.Кенжин, М.Атаниязов, Ә.Жангельдии сайланды. Н.Калашников, Д.Теміралиев, А.Нахнмжан, Г.Даншюв, Ф.Апанченко, П.Челышевтар Қыробком мүшелігіне кандидат болып сайланды. Бақылау комиссиясының мүшелері болып М.Яковлев, С.Арганчеев, А.Каулин сайланса. Ревизиялық комиссияға С.Гонсрачов, П.Струппс, А.Почаговтар сайланды [5].

жылы 27 акпап күні өткен Қыробком пленумында Презндиум мүшелері (А.Асылбеков. Г.Коростолев, С.Меңдешев, М.Мырзагалисв, С.Полозов) мсн кандидаттары (Ә.Жангельдин,Н.Нұрмақов) және хатшылары (Г.Коростелев, А.Асылбеков) сайданды \6\.

жылы 17-22 наурыз күндері Орынбор қаласында ушінші бүкілқазақстандық партиялыкконференция болып өтті. Конференцияға 68 делегат шешуші дауыспен және 30 делегат кецесші дауыспен қатысты. РК(б)П Қыробком мүшелігіне Г.Коростелев, С.Меңдешев, Н.Нұрмақов, М.Атаниязов, А.Оразбаева, М.Саматов, Н.Байсапықов, Г.Дунаев, М.Леопинок, П.Журевский, И.Каширин, мүшелікке кандидат болыи Н.Мутнов, С.Сейфуллин, О.Жангельдин, Ф.Григорьев, И.Чернядьев сайланды. М.Яковлев, М.Озол, А.Абрамович Ьақы.іау комиссиясының мүшелсрі болып,

Пнлявский мен Г.Дапнлов кандидаттары болып сайланды. Ал А.Кочагов, Ә.Әлібекон, Н.Паниевгер Ревизиялық комиссияның мүшелері болып сайланды \1\.

жылы 22 наурызда өткен Қыробком пленумы бірауыздан Г.Коростелевті Обком хатшысы етіп сайлап, президиумды 5 адамнан (Г.Дуиаев, Г.Коросгедев, М.Леонипок, С.Меңдешсв, Н.Нұрмақов) құру туралы қаулы қабылдады [8].

жылы 11-16 мамыр күндері Орынбор қаласында төртінші бүкілқазақстандық партиялық конференция болып өтті. Конференцияға 1 17 делегат шешуші дауыспен және 8 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференция Т.Алиев, Я.ГТ.Бак, Г.М.Дунаев, Н.И.Сжов, П.Б.Журезский, Г.А.Коросгелев, Кулубаев, І.Құрамысов, П.Г.Кусмарцев, С.Меңдешев. Н.Е.Мутнов, Н.Нұрмақов, Нурумов, М.Тәтімов, С.П.Терехов, А.Оразбаева, Я.А.Чубин, Юсекеев. Х.Жүсіпбековтерді РК(б)П Қыробком мүшелігіне, К.А.Ахмедгалиев, Ә.Жангельдин. Т.Д.Долбин, П.Катков, И.Д.Каширин, Короков, М.Путинцевтерді мүшелікке кандидат етіп сайлады. Облыстық бақылау комиссиясы А.М.Абрамович, А.Д.Авдеев, П.Байсалықов, А.И.Данилов, Н.К.Ильин, У.Д.Исаев, Исмухамедов. Ж.Мухтанов, М.И.Озол, Н.Панин, Черняков, Ж.Т.Шанин, Юнусовтардан сайланса. Ревизиялық комиссия Әлму.хамедов, Ф.И.Карилин, О.Кодак, Коркин, Черниконтардан сайланды. Пугачевская, Ф.К.Тюрин Ревкомиссия мүшелігіне кандидат болып сайланды [9].

Қыробком пленумының 16 мамыр күні өткен мәжілісінде 7 адамнан тұратын Қыробком сайланды:

Г.А.Коростелев (хатшы), І.Құпатмысов (хатшы), С.Меңдешев, Н.Нұрмақов, Н.Ежов

Г.Дунаев, П.Журевский. Ал Н.Мутнов пен А.Оразбаева президиум мүшелігіне кандидат болып сайланды [10].

1924 жылы 12 қыркүйекте РК(б)П Қыробком президиумы Г.Коростелевтің орнына партияның бірінші хатшысы етіп В.Панейшвилиді бекітті. 26 қыркүйекте өткен Қыробком пленумы осы шешімді бекіті [2. 236.].

жылы 28 қыркүйекте өткен РК(б)П Қыробком пленумы В.Пацейшвилиді Қыробком мүшелігіне енгізу және Путинцев пен Каширинді кандидаттан мүшелікке ауыстыру туралы қаулы қабылдады. Қазақстанға қосылған Түркістан партия ұйымынан С.Қожанов, Қ.Күлетов, А.Сергазиев, Ж.бәрібаев, А.Розыбакиев, П.Ерохиндерді Қыробком құрамына мүшелікке, ал С.Ысқараев,Тоқтыбаев,Ы-Көшкінов, С.Есоваларды мүшелікке кандидат етіп енгізу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, И.Д.Каширин мен А.Оразбаева Қыробком президиумының мүшелігіне кандидат болып енгізілді. Бұрынғы түркістандық облыстардан Қыробком президиумының құрамына С.Қожанов Қ.Күлетов және А.Серғазиев енгізілсе, П.Ерохин президиум мүшелігіне кандидат болып енгізілді [2. 236.].

жылы 19 ақпанда РК(б)П ОК Саяси бюросы Қыробкомды Қырөлкеком етіп өзгерту туралы қаулы қабылдады [11].

1925 жылы 27 наурызда Қырөлкеком бюросы РК(б)П ОК қаулысын орындай отырып, хатшылықтың барлық мүшелерін Қырөлкеком хатшылары деп есептеу туралы қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес В.Напейшвили - бірінші хатшы, С.Қожапов - екінші хатшы, Н.Ежов ушінші хатшы болын есептелді [2. 244.]. С.Қожанов шілде-қыркүйек айларында Қазөлкеком бірінші хатшысынын міндетін атқарды. 1925 жылы 30 тамызда өткен РК(б)11 Қазөлкеком бюросының мәжілісі Ф.И.Голощекинді Қазөлкекомының жауапты хатшысы етіп бекітті.

1925 жылы 13 қыркүйек күні Ф.И.Голощекин бірінші хатшьшың міндетіп атқарушы С.Қожановты ауыстырып, өз қызметіне кірісті.

1925 жылы 1-7 желтоқсан күндері Кызылорда каласында бесінші бүкілқазақстандық партиялык конференция болып өтті. Конференцияға 172 делегат шешуші дауыспен жәнс 55 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференция 39 адамнан тұратын РК(б)П Қазөлкекомын сайлады:
А.П.Азволинский, Ә.М.Әлібеков. Н.Ы.Арықова, Ж.Бәрібаев, И.М.Беккер, Я.Е.Бондарев, Я.И.Боярский, А.И.Ворожеева, Ф.И.Голощекин, О.Қ.Жандосов. П.Ф.Дынников, П.И.Ежов, О.Есибаев, И.С.Игенов, О.Ж.Исаев, М.Қайып-Назаров, И.Д.Каширин, И.Ф.Киселев, ВЛі.Кочетов. Ә.Е.Құдабаев, М.Құрамысов, И.В.Лотиков, А.И.Лямцев, И.Ь.Маймин, Ж.Мыңбаев, Г.Г.Мусин, Т.Н.І Іапесов, Н.Нүрмақов, Тұяк Нүрмүхамедов, А.И.Равдель. Разықұлов, В.И.Рябоконь, С.Садуақасов, А.С.Серғазиев, Х.Ю.Сулейманов, М.ҚТәтімов, Ғ.Т.Төлсіенов, О.Түрдиев, В.Фомин. Ал сайланған РК(б)П ҚазолкекомЫ мүшелігіне кандидаттардың саны 12 адам болды: М.Әлібаев, Ф.К.Базинский, С.С.Есова, Г.И.Жаркенов, Завгороднев, А.К.Кенжин, Б.Б.Кульджамбаев, М.Мырзағалиев, А.О.Рахлин, К.Садулаев, Б.О.Черный, И.П.Шелыхманов. Ревизиялық комнссия төмендегідсй қурамда сайланды: Ө.Д.Бекимбсгов, К.Д.Дюсекеев, С.Қаратілеуов, И.Я.Карро, О.А.Крист. Өлкелік Бақылау комиссиясы мына құрамда сайланды: Т.Н.Әлисв, С.Атырауов, Байтұралиева, Байсашев, Бакиров, Бергалиев (Ыдырыс пен Қалқайдың қайсысы екенін анықтай алмдық - С.Ш.), М.И.Голубцов, Доброхотов, Дрейман, Х.Измухамедов, Итемгенов, Капасов, Кальментьев, А.В.Киреев, О.Я.Кодак, Маканов, Ф.А.Межусв, Д.А.Михайлов, И.Н.Морозов, Пазаров (екі Назаровтың қайсысы екенін анықтай алмадық -С.Ш.), С.Нұрпейісов, М.И.Озол, И.М.Таиров, А.Ф.Титов, Туралисв, Юльмухамедов, Х.Ж.Жүсіпбеков [12].

жылы 7 желтоқсанда өткен Қазөлкекомның Пленумында Ф.И.Голощекин - жауапты хатшы, Н.Ежов пен О.Жандосов - онын орынбасарлары болып сайланды. Бюро мүшелері болып Ф.Голощекин, Н.Ежов. О.Жандосов, Н.Нұрмақов, Ж.Мыңбаев, Я.Боярский, С.Сәдуақасов, И.Каширин, М.Тәтімов, О.Исаев, А.Серғазиев сайланса, мүшелікке кандидаттар болып И.Киселев, И.Игенов, Н.Арықова, І.Құрамысов сайланды [13],

жылы 10 сәуірде Т.Рысқұлов БК(б)П Қазөлкекомы Баспасөз бөлімінің меңгерушісі болып бекітіліп, артынан оның бюросының құрамына енгізілді [14].

1926жылы 30 сәуір-3 мамыр аралығында еткен Қазөлкекомының ІІ пленумында оның құрамынан шығып кеткен Н.И.Ежов, Кочетов, Равдельдердің орнына М.Мырзағалиевті, А.Кенжинді және И.Шелыхмановты кіргізді. БК(б)П ОК қарауына шақырылған Я.О.Боярскийдің орнына Қазелкеком құрамына және бюросына М.И.Литвин кіргізілді

1926жылы 25-30 қараша аралығында өткен Қазөлкекомы мен Қазөлкеком БК біріккен пленумында Бюро құрамына В.И.Рябоконь, Н.Ы.Арықова енгізіліп, А.Кенжин бюро мүшелігіне кандидат болып ауыстырылды. Қазөлкеком құрамына И.Л.Райтср, Ғ.С.Сұлтанғалиев, И.Манаев, Ф.Ф.Холковскийлер мүше болып енгізілді.

1927жылы 15-23 қараша күндері Қызылорда қаласында болып өтті. Конференцияға 224 делегат шешуші дауыспен және 62 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференция 47 адамнан тұратын БК(б)I I Қазөлкекомын сайлады:

Ы.Арықова, Қ.Алдабергенов (КДО), Ақшатеев (болыстық партия хатшысы), И.М.Беккер Семей губерниясынан), Ш.Бектұрганов (Ақмола губерниясынан), Х.Бекболатов (болыстық партия хатшысы), Т.Борамбасв (Семейдегі Түріксіб жұмысшысы), Б.Беков (Сырдария губерниясының ж.үмысшысы), Й.И.Варламов, М.А.Волков (Орап губсрниясынан), П.А.Еіласов (Орал губерниясының жұмысшысы). Ф.И.Голощекин, Х.Гринблат, О.Жандосов, Доманин (Ақтөбе губерниясының жұмысшысы),

В.Ерназаров, О.Исаев И.Игенов, С.Есенбергенов (Доссор мұнай кенішінің жұмысшысы), Хасанов (шаруа), И.Д.Каширин, А.Кенжип, В.Комиссаренко (Қызылорда уездік-қалалық комитетінен),

Құрамысов, Ұ.Құлымбегов, Б.Құндақбаев (Семей губерниясынан), М.Құрбанов, М.И.Литвин, М.Д.Лшіатов (Қызылорда депосы паравозының машинисі), И.Н.Морозои, Н.Манаев (Жетісу губерниясынан), Н.Нұрмақов, С.Нүрпейісов (БЛКЖО), Я.Г.Наготович, Никитенко (Ақмола губерниясыныц жұмысшы әйелі), С.Сафарбеков, Г.С.Сұлтангалиев, Стеблевский (шаруа), М.Тәтімов, Ғ.Тоғжанов, Н.Тимофеев, В.К Фомин (Сырдария губерннясынан). Б.О.Черный, В.Н.Шилов (Риддер комбинатының жұмысшысы), И.Н.Шелыхманов. Ш.Жармұхамедов, З.Жамұмұратова (ҚАО).

БК(б)П Қазөлкекомы мүшелігіне кандидаттардың саны 17 адам болды: Швер, Тоқтабаев, О.Истемисов, Юнусов, Ө.Атығаева, И.К.Бродский, Қ,Сағындықов, Ж.Сарсеков, А.М.Михайлов, А.Айтешов, Е.А.Попова, Ғ.Искаков, М.Мырзагалиев, Дмитриев. Ә.Байдильдин, Қ.Балғасв [15].

Өлкелік Бақылау комиссиясы 53 адамнан құрылды:Б.Әбдірахманов, Ағафонов, Р.Олышанский, Т.Ақдәулетов, Т.Әлиев, А.Асылбеков, Байбосынов, Бакирок, С.Кекбатыров. О.Беков, Я.Беляков, П.Г.Богданов, А.Гетпер, Городецкий, Дауренов, Ә.Жангельдин, И.И.Дедеко, Жамбуріиин, Жәлелов, Х.Жұматай, Долгов, Домбровский, Х.Ізмұхамсдов, Исабеков, Колтун, Кувашев, Кульмухамсдов, Құрманқалиев, Лебедсв, Личкун, И.Т.Морозок, Нүрмүхамедов, С.Нүрпейісов, М.И.Озол, М.Орымбаев, Парпов, Петровский, Потапов, Пронипа, А.Розыбакиев, Сагандыков, Смирнягин, Солдатов, А.Ф.Титов, Уманбаева. А.Оразбаева. Оразбеков, Черняков, Чирков, С.ІМорінов. Шукуров, Шулаков, Х.Жүсіпбеков.

Қазөлкекомынын Ревизиялық комиссиясының мүшелері болып Н.Ф.Носов, Қ.Сарымолдаев, Ә.Кульшурин, Идельсон, М.Апдижановтар, мүшелікке кандидат болып Х.К.Макин меп Жучмев сайланды.

жылы 23 қарашада откен Қазөлкекомның 1-ші ІІленумында 13 мүшеден және 6 кандидаттан тұратын Қазөлкском бюросы сайланды. ІУІушелері: Ф.И.Голощекин, О.Исасв, Сафарбеков, Ноготович, Н.Нүрмақов, Е.Ерназаров, О.Жандосов, М.Татімов, І.Құрамысов, И.Д.Каширин, М.И.Литвин, Беков, М.Д.Липатов. Кандидатгары: Н.Арықова, С.Нұрпейісов, В.Комиссаренко, Ұ.Күлымбетов, Р.С.Тогжанов, Тимофеев. Қазөлкеком хатшылығы: Ф.И.Голошекин (жауапты хатшы), О.Исаев, С.Сафарбеков, Н.Нұрмақов, Я.Ноготович [16].

1928жылы 25-29 сәуір аралығында откен БК(б)П Қазолкекомының II пленумында Қазөлкеком құрамынан шығып кеткен А.Кенжин мен Б.Черныйдың орнына кандидаттар А.Швер мен Ғ.Токтабаев ауыстырылды.

1928жылы 2-7 желтоқсан аралығында өткен БК(б)П Қазөлкекомының III пленумында Қазақстаннан кеткен И.Д.Кашириннің орнына Ұ.Құлымбетовты бюро мүшелігіне кандидатетіп енгізді. Сонымен қатар, пленум О.Исаевты екінші хатшы, *Я.*Ноготовичті Ұйымдастыру бөліміне меңгеруші етіп сайлады.

1929жылы 9 сәуірде БК(б)П Қазолкекомының IV пленумы болып өтті. Пленум БК(б)П Қазөлкекомы құрамына Ю.М.Лисс, А.М.Поволоцкий, П.Волленберг, Н.Манаевтарды кооптация жасады (сайлаусыз енгізді - С.Ш.). Бюро құрамы 15 адамга дейін ұлғайтылып, жоғарыда айтылған 4 адам оның құрамына енгізілді. Пленум қазөлкекомның екінші хатшысы деген лауазым енгізіп, бұл орынға І.Құрамысовты бекітті. Пленум Ф.Голощекин, І.Құрамысов, С.Сафарбеков, С.Г.Голюдов,

О. Исаевтардан тұратын Хатшылықтың жаңа құрамын бекітті. Пленум Ерназаровтың орнына Ұ.Құлымбетовты ұсыну туралы бюроның шешімін мақұлдады.

1930 жылы 30 мамыр - 6 маусым күндері аралығында Алматы қаласында жетінші бүкілқазакстандық партиялык конференцня болып өтті. Конференцияға 296 делегат шешуші дауыспен және 70 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференция 65 адамнан тұратын БК(б)П Қазөлкекомын жэне мушелікке 31 кандидатты, 5 муше, 2 кандидаттан тұратын Ревізиялық комиссияны, 75 адамнан тұратыл Бақылау комиссиясын сайлады [17].

БК(б)ПҚазөлкекомының мушелеріне мына адамдар сайланды: Б.Айтмағамбетов, Н.Арықова, М.Абрамчук, М.Атаниязов, А.Алифбаев, С.Атырауов, Амурзаков, А.Абдулин, Қ.Алабергенов, Аул-Қасымова, Ә.Буркітбаев, Т.Борамбаев, Л.Борзов, Б.Барнбейм, Байтрсұнова, Қ.Болғаев, Р.Восканов, П.Варламов, Ф.Голощекин. С.Голюдов, Е.Гурінi, Горюнова, Т.Жұмабаев, И.Датиловский, О.Жандосов, Л.Дисконтов, Д.Дуйсембеков, Е.Брназаров, П.Жигаров, Н.Заюгмн, Засканова, О.Исаев, Ф.Иемагилов,Құрамысов, Ү.Құлұмбетов, Құрманалин, Қошқаров, Ю.Лисс, Лаврентьев, Н.Манаев. И.Н.Морозов,Н.Л.Морозов, Мусина, Мигалин, Майлыбаев, Нурұмова, М.Орымбаев, А.Поднек, А.Попков, Л.Рошаль,Розыбакиев, Ж.Сэдуақасов, С.Сафарбеков, Е.Сарин, Ғ.Тоғжаңрв, М.Тэтімов, Тұяқбаев, Ташметов,Фомии, Т.Чурбанов, Ж.Чукенова, И.Шелыхманов, Ш.Жүсіпов, А.Жармұхамедов, Ш.Жармұхамедов. БК(б)П Қазолкеком мүшелігіне кандидат болып сайланғандар: Қ.Авезов, С.Асфендимров,Будрейко. М.Батраков, У.Бисембаев, Туринов, Х.Домурзаева, Ершов, А.Жанбулов, И.Зибров. И.Кустов, Криммель, Кошелев. Ғ.Куватов, Колееников, Колесников, М.Нұрғалиев, Орлов, В.Навлов, Петрова, Т.Рыжов, Қ.Сарымолдаев, Ғ-К. Д.Т оқтабаев, С.Толегелов, Гохтарсв, П.П.Териовая, Е.С.Хлыновская, Д.Шермергорн, Арзиев, М.С.Пуғачев, ҚТ.Болғаев. Ал Ревизиялық комиссияның мүшелері болып Х.Сулейманов, М.Андижанов. В.Н.Матвеев, Жантықбаев, Андреевтер, мушелікке кандидаттар болып Грибов пен Рада сайланды.

Қазақ өлкелік Бақылау комиссиясының мүшлелері: А.Асылбеков, Н.Ашамаев, А.Айкенев, Х.Ақботин, І.Ажийбеков, Аянов, О.Беков, И.А.Ьогданов, Я.11.Беликон. Б.Байдаков, Байдалин, Бақтырова, И.А.Бобков, А.И.Ворожеева. Л.А.Вандыш, А.Х.Гетнер, П.С.Григорьев, О.Жангельдин, И.И.Дедеко, Жүнісов, Добель, К.Д.Дмитриев, Жұбатыров, Жаңабаев, Л.М.Женко, Н.П.Жапнин, М.А.Живаневский, К.М.Железов, III.З.Забиров. Т.Искаков, Илиева, И.Ипмағамбетов, В.И.Иванов, Ж.Кэрпебаев. Ы.Көшкінов, И.К.Кузьмин, К.К.Кильмухамедов, Қ.Құбашев, Қасымов. А.И.Калинин,Н.А.Кадочкин, Катуков, Х.Құрманбаев, Қалабаева, Кескаленбаев, Колбычева, Қоңыршин, А .Қаспақбаев, Кусингалиев, К.Мерапиев, Мельникова, Мэмбеев, С.Машурупов, Малышев, Накупов, Нұрпейісов, А.Р.Альшанский, И.Т.Павленко, Парфильева, А.Л.Раздобреев, Ф.Л.Ровбо, Н.Сырғабеков, П.Е.Саломатина, И.Серекбаев, М.П.Тюрин, Тогызбаев, Оразымбетов (Урузамбетов), К.Оразбаев, И.А Филимонов, Қалымбетов, Н.С.Царев, Чебурин, Г.И.IIIевелев, Шардин, Х.Жүсіпбеков [18].

1930 жылы 6 маусымда өткен БК(б)П Қазөлкекомының I пленумыпда бюро мүшелері болып Ф.Голощекин (бірініпі хатшы), І.Құрамысов (екінші хатшы), Л.Рошаль (үшінші хатшы), О.Исаев, Е.Ерназаров, Ю.Лисс, С.Голюдов (Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі), Ж.Сэдуақасов (мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі), Ұ. Құлымбетов, А.Поднек, Н.Залогин, Т.Жұмабаев, БАйтмағамбетов, Ш.Жармұхамедов, Н.Морозовтар сайланды. Кандидаттары болып И.Даниловский, Р.Восканов, Ф.Исмагилов, П.Варонамов, Ө.Бүркітбаев, И.Шелыхманов, Т.Борамбаев, Ғ.Тоғжанов, Ж.Чукековалар сайланды. Хатиылыққа Голоіцекин, Қурамысов, Рошаль, Исаев, Голюдов сайланды.

1932жылы 13-18 қантар күндері БК(б)П Қазөлкекомының III Плснумы болып өтгті. Пленум Қазөлкеком құрамына Жүсіпбеков, Иванов (Южцветмет), Каруцкий, И.Маймин, Горбачев. Звонарсв, Ғ.Куватон, Грегайтис, Савин, Израилович, С.И.Иванов (Түріксіб), Құрманғалиевті кооптация жасады. Сонымсн қатар, Қазөлкеком Бюросы қайта сайланды. Мүшелері: Ф.Голощекин, Кахнани, І.Құрамысов, Голюдов, Жүсіпбеков, Дискантов, Ж.Сэдуақасов, Исаев, Маймин, Құлымбстов, Каруцкий, Ерназаров, **Залогин,** Айтмағамбегов, Ш.Жармұхамедов, Жұмабаев, кандидаттары: Восканов, Израилович, Исмагилов, Варламов, Тоғжанов, Шелыхманов, Куватов, Савин. Хатшылық Голощекин, Кахиани, Қурамысов, Голюдов, Жүсіпбековтерден сайланды.

1932жылы 20-29 маусым кундері БК(б)П Қазөлкекомының IV пленумында Қазөлкеком пленумы құрамына В.Случак, Розенцвсйг, Беккер, Сгакун, Аммосов, Муснн, П.Тубанов, Құпсартов,Нұрпейісов, Морозов (Алматы), Хабаровтар кооптация жасалды. В.Случак пен Мусин Қазөлкеком бюросының мүшесі болып сайланды.

1932жылы 15-18 желтоқсан күндері өткен БК(б)П Қазөлкекомынын V пленумында Х.Акботин Қазөлкекомның Көлік жөніндегі хатшысы болып бекітіліп, бюро мен хатшылық құрамына енгізілді. Қазөлкеком құрамынан шығып кеткен Залогин, Жигарев және кандидат Балғаевтардың орнына Пленум құрамына Ильинский, Максимов жәнс Саналиек коонтация жасалды.

1933жылы 21 қаңтарда БК(б)П ОК (саяси бюросы сұрау салу жолымен Ф.Голощекиннің жұмыстан босату туралы өтінішін қабыл алды [19]. 1933 жылы 2 ақпанда өткен БК(б)П Қазөлкекомы пленумының жиналысында Ф.Голощекин орнынан «босатылып», БК(б)П ОК-І Қазөлкеком қарауына жіберген Л.И.Мирзоян бірінші хатшы болып сайланып, бюро мен хатшылық құрамына енгізілді [2. 345.]. 1933жылы 10-16 шілде күндері өткен БК(6)П Қазөлкекомының VI пленумы Ф.Голощекинді пленум құрамынан шығарды. Х.Ақботин Гурьев округкомының хатшысы қызметіне ауысуына байланысты Қазөлкекомның Көлік жөніндегі хатшысы қызметінсн босатылып, онда Ж.Садуақасов бекітілді.

1930жылы 8-16 қаңтар күндері аралығында Алматы қаласында сегізінші бүкілқазақстандык партиялық конференция болып өтті. Конференцняға 566 делегат шешуші және 225 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Конференция 148 адамнан тұратын БК(б)П Қазөлкекомын және мүшелікке 51 кандидатты, 11 мүше, 5 кандидаттан тұратын Ревизиялық комиссияны сайлады [20]. Мұның барлығының жеке құрамын көрсету мақала көлеміне жүк болатындықтан, тек қана БК(б)!1 Қазөлкеком Бюросының мүшелерін көрсетуді жөн санадық: Мирзоян, Гусев, Құрамысов, Пимхасик, Ж.Сәдуақасов,О.Исаев, С.Сегізбаев, Асрисв, Дәулетқалиев, Ұ,Құлымбетов, Андронников, Каруцкий, Ерназаров, Жүсіпбеков, Иванов, Литгенбрандт, А.Киселев, Костенко, Таболов, Саакян, Таштигов, кандидаттары болып: Сырғабеков, Алиев, Верхонский, Грушевский, Корчагин. Мусин, Случак сайланды. 1935жылы 16-20 наурыз күндері өткен БК(б)ГІ Қазөлкекомының ПІ пленумы Қазөлкеком құрамынан шығып кетксн мүшелер - Грушевский, А.Н.Гусев, Беккер, Борева, Кгоров, Ковалев, Корчагии, Морозов, Стакун, Тоболов, Царев, Шохов, Шелыхманов, Усачев, Станкин, Кригөцов, Васютин, Каруцкий, Литтенбрандттардың жоне кандидаттарм - Собесский, Исесв, Нарский, Ильичев, Леушин, Жамановтардың орныпа Свердлов, Курицин, Троицкий, Кулисв, Смирнов, Желсзов, Сахат- Муратов, Гуссв, Гаврилов, Боровой, Стецюраларды кооптация жасады. Е.Ерназаров, Каруцкий, Литтенбрандтгар Бюро құрамынан шығарылды. 1936жылы 26-30 қаңтар күндері өткен БК(б)П Қазөлкекомының V пленумы Қазақстан аумағынан кетуіне байданысты Бидерманды, Бейлимді, Ф.Н.Заузолковты, Кристті, Морозовты (Орал),В.И.Инановты, Бронаусты, Зиминді, Одыиьді, Араб-оглын, Унгурды, Гусевті, Бочагов пен Майлыбаевты пленум құрамынан шығарды. Партиялық құжаттарды тексеру барысында партиядан шығарылуына байланысты Яровая, Х.Мустафин, Майжолов, Корягин, Исмаиловтар да пленум құраммынан шығарылды. Ревизиялық комиссия құрамынан Қазақстаннан кетуіне байланысты Уманская шығарылса, басқа жұмысқа ауысуына байланысты Ғ.Мүсірепов Бюро мүшелігіне кандидаттықтан және «Социалды Қазақстан» газетінің редакторы міндетін атқарушыдан босатылды. Ал Рафатьсккй, Жүргенев, Сафарбековтер бюро мүшелігіне кандидат болып енгізілді.

1936ылы 21-25 маусым аралығында өткен БК(б)П Қазөлкекомының VI пленумы басқа жұмысқа ауысуына байланысты Х.Жүсіпбековты бюро мүшелігінен, ал С.Сафарбековты бюро мүшелігіне кандидаттықтан босатты. Ал Түріксіб бастығы Михайленко пленум құрамына кооптация жасалды.

1937жылы 16-23 қаңтар күндері өткен БК(б)П Қазөлкекомының VII пленумы «халық жауы» ретінде партиядан шығарылған А.И.Кельмансонды Пленум құрамынан шығарды.

Жоғарыда көрсетілген саяси биліктің жеке құрамындағы өзгерістср - Орталық пен аймақтың арасындағы саяси, шаруашылық-экономикалық және мәдени іс-шараларды жүзеге асыру барысындағы қажеттіліктер мен Мәскеудің Казақстанға қатысты мүддесінен туындады. Саяси билік құрамында болған әрбір өзгеріс пен қызметкерлердің ауысуының нақты себептерін көрсете талдау және осы өзгерістердің Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдеии-рухани өміріне, қарапайым халықтың күнделікті өмір тарихына тигізген әсері мен ықпалын анықтау алдағы еңбектерімізге жүк болмақ.

*1.ҚРПМ, 140-қ., 1-т., 2а-іс, 1-3-п.*

*2.Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власты. Опыт реконструкции. — Алматы; Credsos,, 2008. - 920 с. (С. 192.)*
*3.ҚРПМ, 139-ң., 1-т., 1-іс.; Протокопы первой областной киргизской конференции РКП(б) 11- 18 июня 1921 г. / Под ред.; У.Исаева, Д.Садвакасова, Ғ.Тимофеева. - Алма-Ата - Москва; Казкрайиздат, 1935. - 174 с.*
*4.ҚРПМ, 139-қ., 1 -т., 8-іс, 1-п.*
*5.ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 249-іс, 63-65-п.; 252-іс, 371-372-п.*
*6.ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 261-іс, 11-П-а.п.*
*7.ҚРПШ, 139-қ., 1-т., 541-іс, 278-282-п.*
*8 Қ Р П М , 139-қ., 1-т., 542-іс, 12-п.*
*9ҚРПМ, 139-қ., 1-т., 809-іс, 27-32, 217-218-п.; Сонда, 813-іс, 23-29-п.*
*10ҚРПМ, 139-қ., 1-т., оі6-іс, 52-п.*
*11.Политбюро ЦК РКП(б) - ВКП(б). Повестки дня шседаний. 1919-1952. Каталог Т. 1. 1919- 1929. - М.: РОССПЖ 2000. - 832 с. ( ( 3 6 3 . ) .*
*12.ҚРПМ, 141-қ., 1-т., 26-іс, 1-4, 35-п.; 316-іс, 207-208-п.; 277-іс, 1-2-п.*
*13. Қ Р П М 141-қ., 1-т., 14-іс, 4-п.*
*1 4 . Қ Р П М , 141-қ., 1-т., 486-іс. 109-п.*
*15.ҚРПМ, 141-қ., 1-т., 1127-іс, 250-258-п.; 2145-іс, 1-5-п.*
*16.ҚРПМ, 141-қ., 1-т., 1120-іс, 139-140-п.*
*17.Коммунистическая партия Казахстана в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов. Т. 2. 1928-1937. — Алма-Ата: Казахсшан, 1981. - 3 8 4 с. (С. 65.).*
*18.7 Всеказахская конференция ВКП(б). Стенографический отчет. — Алма Ата: Казкрайком ВКП(б), 1930. - 414 с. (С 400-405.).*
*19.Политбюро ЦК РКЛ(б) - ВКІ1(б). Повестки дня заседаний. 1919-1952: Каталог 7 Т. 2. 1930- 1939. -М.: РОССПЭН, 2001. - 1200. (С. 391.).*
*20.VIII Казахстанская Краевая конференция БКП(б) 8-16 января 1934 г. Стенографический отчет. - Алма-Ата: Казкрайиздат, 1934.- 4 0 3 с. (С. 342-34 і).*

Резюме

В статье рассматриваются персональный состав политической власти и изменения руководящих кадров к Казахской Автомомион Советской Соңиалистической Ресиублике. Фактически, вся политическая власть **в** государстве принадлсжала казахстанскоіі парторганнзации РКП(б), являвшеися по своему статусу общественно-политической оргаиизацией. на самом деле контролировавіией все государственные учрсждепия и формировавшей органы управлсния и и\ аппарат.

8иттагу

Thc таіп prоЬIетз оҒ Гhе йіаіе аиіhогііу оі' Ihе Кагакh АШопотоиз Зо^іеі Босіаііхііс ЯериЬІіс аге сопзісісгед іп !hе апісіе. ҒасШаIIу, Кагакhзіап рапу огцапі/аііоп ЯСР(Ь) hад аII оі"Чhе роііііcaі ро«/сг іп іhе 5Іа(е. ТҺІ8 ог^аиіraііоп цаіпесі Ihе зіаиз оҒ риЫіс роііііcaі ог§апI2аЙоп, \\'hich астаііу сопігоііесі аіі 5IаIе еяіаЫізhтепIз апсі (огтесі сопігоі Ьосііез апсі Theіг сепігаі Ьосіу

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

А.С. Абдираймова -
*М. Тынышбаев атындағы ҚазККА доценті, т. ғ. к.*

1991жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік туралы Декларация жариялады, сөйтіп дүниежүзілік қоғамдастыққа енуге мүмкіндік алды. 1992 жылы қаңтардан 9 шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Тәуелсіз Қазақстанды әлем мемлекеттерінің арасында бірінші болып бауырлас Түрік республикасы таныды. 1992 жылдың ортасына қарай республика тәуелсіздігін жер шарының 30-дан астам елі мойындады: АҚШ, Қытай, Иран, Пакістан, Канада, Швейцария т.б.

1999 жылдын басына қарай дүние жүзінің 150 мемлекеті танып, 106 мемлекеткен дипломатиялық қатынас орнатылды.

Қазіргі Қазақстан шет елдерде 30-дан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Алматы мен Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік жэне халықаралық, ұлтаралық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. Республикамыздың сыртқы саясат ведомствосы ұлттық мүддемен жалпы адамзаттық мүдделерді үйлестіріп жүргізетін дипломатиялық саясатқа кірісті.

1992жылы наурыздың 3-інде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) мүшесі болып қабылданды. Осы жылы откен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясының трибунасынан ОБСЕ. сияқты ұйымның Азияда да құрылуы туралы Н.Ә. Назарбаев өз ойын айтқан болатын [1]. Бірақ ол ксзде оның бұл сөзінс онша сене қоймаған еді. Міне, арада 10 жыл өткеннен кейін 2002 жылғы маусымда Алматыда сенім әрекеттестік шаралар туралы саммиті өтті. Саммит жұмысына 16 мемлекет басшылары қатысты. Оның ішінде 7 ірі державалар- Қытай, Индия, Ресей, Иран. Түркия т.б. болды.

Қазақстан сыртқы саясатында басты үш мәселеге ерекше назар аударады:

ТМД, Азия, **Европа** елдері, АҚШ, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы елдерімен хадықаралық байланысты өркендету.

Мәдени-экономнкалық байланысты күшейте отырып, аддыңғы қатарлы өркениетті елдердін қатарына қосылу.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударатын мәселе ең жақын және ірі көрші мемлекеттермен, солтүстікте Ресеймен, шығыста - Қытай халық Респубдикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату.

1992 жылғы 25 мамырда Қазақстан мен Ресей арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды. 1995 жылғы 20 қаңтарда - Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту туралы Декларация жариялады, ад 1996 жылғы 27 сәуірде Алматыда екі елдік бірлескен Декларациясына қол қойылды. Декларацияның маңызы:

Екі ел арсындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу.

Аумақтық тұтастық пен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау ұстанымдарын сақтау.

Жылғы 6 шілдеде Мәскеуде Ш ғасырға бағдарланған “Мәңгі достық пен ынтымақтастық туралы” Декларация жарияланды. Нәтижелері:

1Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі проблемасын шешуді алға жылжытты.

2.Қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеуді шешті.

3.Байқоңыр ғарыш орталығын бірлесіп пайдалану мәселесі қарастырылды.

жылғы тамызда Қазақстан Президентінің Қытай халық Республикасына алғаш сапары болды, нәтижесінде барлық байланыс жолдары ашылды. 1994 жылы сәуір айында Қазакстан мен Қытай арасында шекара аумағын заңдастырып белгілеу (делимитация) жөніндегі келісімге қол қойылды (1718 шақырымдық).

1996 жылғы сэуір айыпда алгашқы Шанхай келісімі жүргізілді. Бүл келісім барысына Ресей, Қытай, Қазақстан, Тожікстан. Қырғызстан қатысты. Мүнда негізінен - шекарадарды бүзбау, бейтарап аймақтық қашықтықты 100 шақырымға дейін жеткізу сияқты мәселедер қаралды. 1997 жылғы 25 қыркүйекте Алматыда болған келіссөздің нәтижесінде - Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалгастыратын мүнай қүбырын жүргізу жоніндегі шартқа қол қойылды. Қытай үкіметі бұл жұмысқамлрд.доллар жұмсауға келісті [11]

1998-1999 жылдары Қазақстан-Қытай арасында келісімдер нәтижесінде, шекараны нақтылау негізінен аяқталды. Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынастың маңызы өте зор. 1991 жылғы 25 желтоқсанда АҚШ Қазақсіан Республикасыңың мемлекеттік тәуелсіздігін таныды. Қазіргі кезде АҚІІ.1-Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы. 1997 жылы Қазақстан мен АҚШ арасында экономикалық әрінтестік багдарламасы жасалды.

Екі ел арасында Қарашығанақ кеніші жөнінде жэне Каспий қайранын бөлісу жөнінде келісімдерге қол қойылды.

жылғы желтоқсанда Қазақстан мен АҚШ арасындағы келісімде - екі ел арасындағы серіктестікті одан ары дамыту, АҚШ-тың Қазақстанға демократиялық, экономикалық өркендеуде қолдау көрсету, аймақтық, ғаламдық негізде тұрақтылықты қамтамасыз егу мақсатында ынтымактастық үшін бардық мүмкіндіктерді пайдалану сияқты мәселелер қаралды.

АҚШ Қазақстанға мәдениет пен білімді дамыту саласында үлкен қолдау керсетуде "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде қазақстандық студентгер АҚШ, Франция, Германия оқу орындарында оқиды.

КСРО тарапыннан кейін ядролық қару негізінен Ресей жерінде шоғырланды. Қазір жер жүзінде ядролық держава бар, АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания, Франция.

1993 жылы Президент Н.Ә. Назарбаев Лиссабон хаттамасына кол қойды. Қазақстан ядролық қарудан еркін аймақ болып жарияланды. Соғыс өнімдерін шығаратын кәсіпорындарды бейбіт заттар өңімдеріне айналдыру - (конверсия) жүзегс асырыла басталды.

1996 жылғы 31 қыркүйекте Қазақстан ВҰҰ-ға мүше 129 елдің қатарында ядролық қаруды таратпау жөнінде шартқа қол қойды. Қазақстан басшылығы әскери-саяси одақ НАТО-мен ынтымақтастыққа маңызды орын береді. Бұл ынтымақтастық “Бейбітшілік үшін әріптестік” бағдарламасы негізінде жүзеге асуда. 1997 *жылгы* 15-21 қыркүйекте Шымкент (Қазақстан) және Ширшық (Өзбекстан) жерінде НАТО әскери бөлімдерінің қатысуымен әскери жаттығу өткізілді.

2001 жылғы 29 тамызда Алматыда “ІІІ ғасыр ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды” атты халықаралық конференция ашылды.

Тәуелсіздік алғаннан бері халықаралық ұйымдарға мүше болын кіруге республикаға жол ашылды. 1997 жылдың басына қарай Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып кірді. Соның бірі ЮНЕСКО - ірі халықаралық ұйым. Ол - Білім, ғылым және Мәдениет, “Адам және биосфера”, “Адам табиғи ортада" т.б. бағдарламалар негізінде жұмыс жасайды.

ЮНЕСКО - Қазақстанда биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында елдің ерекше қорғайтын табиғи аймақтарын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұрасы және “Адам мен биосфера” бағдарламасы шеңберіндегі аймақтар тізіміне кіргізу туралы шараларды іске асыруда, бірлесіп жұмыс атқаруда. Бұнымен қатар. Қазақстан халықаралық ұйым ЮНИСЕФ - Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры. ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы өзінің жұмысын 1992 жылы бастады, негізінен, денсаулық сақтау саласында, шұғыл жәрдем көрсетуді насихаттайды.

ЮНИСЕФ-тің Арал аймағының халқын сауықтыру жөніндегі бағдарламасы - әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау, білім беру, балалардың тамағын жақсарту, сумен қамтамасыз ету, санитарлық қызметті жақсарту жөніндегі нақты шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен бірге Қазақстан 800-ге жуық мемлекетарааық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қойылды.

Егемен Қазақстанның жаңа мемлекет құрудағы философиялық тұжырымдарында көрсетілген бағыттары және елдің идеологиясы АҚШ. Франция, Ресейде белгіленген философиялық ұстанымдарды басшылыққа алады. Халықаралық тәжірибе тоталитаризмнен демократиялық бағыт жолына түскен елдердің өтпелі кезеңде идеологиялық дағдарысқа ұшырайтынын көрсетті. Сондықтан өркениетті елдердің өтпелі кезеңнен өту тәжірибесімен танысу өте маңызды.

Үстіміздегі жылдың 24 маусым күні ҚР Иrезиденгі Н.Ә.Назарбаев төрағалығымен ішкі саясат және идеологиялық жұмыс мәселелсрі бойынша жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында Президент қазіргі кезеңдегі ішкі саясаттың басымдықтарын белгіледі [2].

Жиналыс қортындысы бойынша Президент тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына тұрақтылық әлеуеті мен қазақстандық қоғамды біріктіруді нығайтуға бағытталған ішкі саясат саласындағы жұмыстарды жетілдіру және ішкі саясаттың жаңа тұжырымдамасы мен осы саладағы іс

әрекеттің үш жылдық жоспарын әзірлеу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Президенттің елдің ішкі саясатының басты бағыттарын анықтау бойынша конституттиялық өкілеттігі, мемлекеттік билік органдарының келісімді қызмет етуі мен өзара іс - әрекетін қамтамасыз ететін Президенттің Елбасылық мәртебесінен шығады. Президенттің бұл айрықша құзыретінің құқықтық аясы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының Конституция мен республика заңдарына сәйкестілігімен байланысты. Өйткені ҚР Конститутцияның 40 бабында «Қазақсган Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айкындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастары Қазақстанның атағын өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға» ретінде конститутциялық нормамамен бекітілген.

Сондай - ақ Конституция бойынша Президент қысқа, орта және ұзак мерзімді мақсаттар мен міндеттер кешенінің барлығып емес тек қана оның басты бағыттарын ғана анықтайды. Оны Президент қана емес, өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдардың барлығы жүзеге асырады.Президент әкімшілігі анықтаған ішкі саясат ережелерінің директивтілігі дәрежесі туралы мәселе биліктің заң шығару, атқарушы және сот тармақтарыиьщ бөліну мен дербестігі принциптерімен байланысты.

Осы себепті үстіміздегі жылдың 27 тамыз күні ішкі саясат саласындағы мемлекеттік органдардың іс - әрекеті мәселесі бойынша республикалық семинар - кеңес өткізіліп, онда Президенті берген тапсырмаларды орындау барысы талкыланды.

Президент әкімшілігі басшысы орталықта және жергілікті жерлердегі ішкі саяси профильдегі құрылымдардың жұмысын жеткілікті дәрежеде үйлестіру мен алқалығын күшейту туралы кесімді талап айтты. Сондай - ақ Президент Әкімшілігінің ішкі саяси бөліміне ішкі саясат саласындағы мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың жаңа жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Елбасы бүгінгі күнгі идеологиялық салада төрт шешуші басымдық деп - «Ұлттың тұрақты дамуы». «Мемлекеттілікті нығайту», «ұлттың бірлігі» және «Келешекке сенім» құндылыктарын негіздеді. Ішкі саясаттың және жаңа бір құндылығы «Ұлттың лидері» құндылығы. және де ол тек қана символ ретінде емес, сондай ак қоғамды бірлік пен даму идеаларында біріктірудің қажетті шарты ретінде де аталады.

Өткен 17 жыл бойы елдің ішкі саясатының дәстүрлік құндылықтары мен стратегиялық басымдықтары - ішкі саясн гұрақгылық, ұлтаралық келісім және конфессирарапық диалог болды Біз көптеген сынақтардан өтгітс, қателескен ксздер де болды, бірақ елді сақтап қалдық. Ол кезеңдегі азаматтық қоғамның және биліктің арқасы.

Біздің елдің дамуы үшін басты нәрсе ол тыныш және тұрақты даму.

Бүгінгі күнгі қоғам дамуындагы ішкі саясат үрдістері қазақстандық идеологемаларды басқаша қалыптастыру мәселесін қайта қарау қажеттілігін туғызып, жаңа тәсілдерді енгізу мен трансляциялауда талап етіп отыр.

Бұл проблеманы шешудің жолдарын айқындаудап алдын осы жаңа қазақстандық идеологемаларды қалыптастырудың көздерін анықтап алған жөн болар.

Негізінен қоғамның базалық құндылықтарын идеологтар арқылы жасанды жолмен немесе басқа өркснсиеттің тәжірибесінен механикалық түрде көшіріп алуға болмайды, ол тек қана аталған мемлекет пен халықтың тарихи және әлеуметтік - мәдени дамуының салдары. Базалық әлеуметтік идея нақты бір қоғамда калыптасып калған, қоғамды дамыту мен оның тіршілігін сақтауды қамтамасыз ету үшін іс - әрскеттердің қандай да бір формалары мен мақсаттарын білдіреді [2].

Алдын ала жоспарланған, мақсатты әлеуметтік өзгерістер, ол қашан маңызды болғанымен, қиындықпен келеді. Бұл жерде біз қоғамдық өзгерістердің жоспарлы, ойластырылған және тарихи қалыппен өтіп жатқан әлеуметтік өзгерісгер деп бөліп қарауымыз керек. Біріншісі ,саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері арқылы іске асса, екіншісі өзінен - өзі белгілі бір даму логикасына сай іске асып жатады. Барлық қоғамда өте үлкен өзгерістер болып жатқан. бірақ оның барлығы мемлекеттік саясаттың арқасы емес. Көбінесе олар ретсіз пайда болған қоғамдық қозғалыстардың қызметінің нәтижесі. Мойындау керек бүгінгі күнде жаңа біріктіруші идеологемалардың қоғамның ішінен табиғи жолмен дамуына елдегі азаматтық сананың жеткілікті дәрежеде дамымауы кедергі болып отыр. Сондықтан бұндай жағдайда шешуші рөлді құндылық нормативтк функциясы зор мемлекет ойнауы қажет. Сондай-ақ мемлекет халқының санасында өзінің даму бағыттары мен перспективалары, геосаяси және экономикалық мәртебесі туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға жауапты. Кез келген

мемлекет өзінің институттары арқылы қоғамдық сананы қалыптастырады, мемлекеттің идеалдары мен мақсаттарына сәйкестендіріп баулиды. Тек қана қоғамға білім беру, ағарту, азаматтық сананы калыптастыру арқылы ғана мемлекет батыл қадамдар меи міндеттерге дайын одақтас, серіктесті тәрбиелейді. К. Юнгтың сөзімсн айтқанда, «Ұлы құбылыстар ешқашан жоғарыдан келмейді, олар әрқашан ағаш сияқты талтырдан жоғары қарап өседі. Бірақ тұқымның жоғарыдан түсетіні ақиқат».

Мемлекеттен - дәстүрлер, тәртіптер, нормаларға қатысты билік пен халықтың қарым - қатынас жүйесі. Нормалар, идеялар, дәстүрлер өз кезегінде идеологиялық құратын жүйені құрайды. Мемлекеттік құрылым халықтың басым бөлігі мойындайтын түсінікті идеологиялық құраушысыз өмір сүре алмайды. Осылайша мемлекет пен идеология арасынан жіпөткізе алмайтын біріңғай, мызғымас жүйе, әлсіз идеологиямен күшті ел болмас, бұған тарих куә.

Әр ұлттың бір елде тұрып жатқан адамдарды біріктіретін түсінікті принциптер мен мақсаттар тізбесі болуы шарт. Осы шарттар міне бүгін айкындалып отыр.

«Ұлттың тұрақты дамуы» - аталған идеолотемалардыц ішіндегі негізгісі және байланыстырушы қасиетке ие түрі. Ол «ішкі саяси тұрақтылық» түсінігін кеңейтеді және оған даму элементін енгізеді.

«Мемлекетті нығайту» - құндылығы қоғамның беріктілігін арттыратын бастау болып қала бермек. Ол ұлттық санаңың өзегі.

атауы «қазақтың» қайтып оралуына осы ұлт зиялыларының да тигізген үлесі зор. Патша отаршылары зорлап танған, тарихи теріс «қырғызды» «қазақпен» өзгертуде қазақ интеллигенция өкілдері XX ғасырдың басында қолға алған болатын. Еліміздің бірден-бір басылымы болған «Қазақ» газетінде бұл мәселені бірнеше рет көтеріп, өз ойларын айқын түрде айтып, осы мәселе төңірегінде пікір де ұйымдастырған еді, Мәселен, 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің алғы санында жарияланған Түрік баласының «Қазақ тарихы» деп аталған мақаласында осы қазақ пен қырғыз атауының арасындағы айырмашылықтардың барлығы, орыс үкіметінің қазақты қырғыз атауының себебін «казактардан» айыру мақсатында деп көрсеткен. «Орыстардың әсіресе үкіметтің, қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас, бірақ олар өздерінің аты «казачи» әскерінен айыру үшін, жаңылыс болсадағы қазақты қырғыз атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының, қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешпестік айып», - дей келе, қазақ атауын қайтару қажеттігін көтерген. «Қияметке шейін қазақ - қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығындағы қазақ көзін ашып, бетін түзесе өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық әдетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениеті» құрып, бір жағынан қазақ әдебиеті (казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамашы», - деп, қазақ халқы орыстар көрсетіп жүрген қырғыз нәсілінен еместігін, қазақ халқының руларының ішіндегі қыпшақ, арғын, керейт, найман, қоңырат қырғыздармен қатар жүріп, қатар түрган елдер екендігін, қырғызбен қатар жүрген найманды қалай бұрынгы қыргыздың нәсілінен деуге болатындығын дәлелдей келе, ол барлық мекемелерде «қырғыз» деген атаудың орнына «қазақ» деп жазуды ұсынған [1]. Газеттіц келесі санында ол «қазақ» сөзінің түп-төркіні қайдан шыққамдығын талдап берді. «Қазаққа» қатысты кейбір тарихи деректерде жаңылыс айтылған бірнеше қателіктерді мысалдармсн айқындады. Мәселен, орыстың тарихында «қазақ» деген сөзді жазбай, «киргиз» деген бір жаңылыс сөзге малданып, сонымен бүкіл тарихын былықтырып отырғандығын, арабша және түріктің тарихи кітаптарында да «қазақ» сөзінің түп-төркіні туралы нақты айтылмай, әртүрлі ұйғарылып жүргендігін, мәсслсн, кейбіреуі «кязақ» «қашақ» дегсн сөзден өзгерілген» деген тұжырым жасауын, «Мустафад алахбар» кітабында «қазақ» атауы ноғайлармен арадағы келіспеушіліктерден жаңылыс жазылуын келтірген. Ол қазақ сөзі «хайсақ» - «қайсақ» сөзінен өзгеріліпті дегенге де қарсы шықты. «Халисақ» сөзі қалмақша да граница күзетшісі (погранич. стражъ) мағынасында-мыс, орыс тарихының кейбіреуі қазақ сөзі осы хайсақ дегеннсн алынған деп өтірікті жазады. Осындай өтірікті милданып, орыс жазушыларының көбі қазақты (киргиз-кайсак) деп жазып жүр. Мұның өтірік екендігі сөз ретінде кейін айтылар. Осы күнде қалмақ-қытай қазақты қайсақ- хасақ деп сөйлейді екен - онысы тілі келмегеннен. Онымен казақ сөзі хайсақтан езгерілгендігі білінбейді. Осы күнде мишер халқы арабтан алынған «салам» сөзи «ссйлам» деп сөйлейтіні бар. Сол секілді, қалмақта қазақ сөзін «хайсақ» деп бұзып айтады деуге болады», - дей отырып, халықты шатастыратын кейбір аңыз, шежірелерге де сақтықпен карауды талап еткен [2].

«Қазақ» сөзінің төркініндегі айтыстар кеңес өкіметі орнағаннан кейін де яғни 20-жылдары тағы да көтерілді. М. Тынышбаев «Қырғыз-қазақ халқының тарихынан материалдар» деген кітабында түрлі деректерді келтіре отырып, оның түп негізін ашуға тырысты. Ол да қазақтың шығу тегіне келгендс аңызға сүйенді. Еңбектің «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі және Қазақ хандығының құрылу тарихы» дөп аталған қосымшасында «қазақ-қырғыз» атауына тұжырым жасаған. Ол араб, орыс және тағы басқа зерттеушілердің жазғандарын саралай отырып, «қазақ» сөзінің ежелден бері қолданылып келе жатқандығын айқындай керсетті. Мәселен, Н.М. Кара орыс жылнамасында «қазақ» сөзінің ұшырасатындығын, сондай-ақ осындай мәліметтер араб жазушылары Ибн Әл-Варди мен Масудидің еңбектерінде де аталатындығын нақты түрде дәлелдеп берді [3].

М. Тынышпаев жалпы «қазақ» ежелден келе жатқан атау екендігін, патша үкіметінің отарлық саясаты тұсындағы «қырғыз» болып кемсітіліп, «қазақ» атауын жоққа шығармақ болғандардың әрекетгеріне осылайша дәйекті түрде соққы беруге тырысты. Сөйтіп, «қырғыз-қайсақ» болып кемсітіліп келген еліміздің ұлт зиялыларының талап етуімен «Қырғыз» республикасынан «Қазақ» деп аталуы Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылы 15-19 сәуірде болған V съезінде қалпына келтірілді.

Кеңестік билік тұсында ұлт зиялылары үкімет ісіне белсене араласты. Әсіресе, оқу-ағарту, баспасөз саласында қызмет етіп, мектеп, жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар мен әдістемслік құралдары жазды. Тарих, әдебиет, математика, география және тағы басқа салаларды зерттеулер

жүргізіп, ғылымға елеулі үлес қосты. Автономня құру, ұлт мәселесіне қатысты идеяларын ұсынды. Дегенмен 20-жылдың басында Т. Рысқұлов сияқты ұлт зиялылары «түрікшіл», «ұлтшыл» деген сынға ілікті. Қазақ өлкелік комитетінің басшылығына Ф, Голощекин келуінен қазақ зиялыларын қуғындау басталды. Оның қуғынына Ж. Аймауытов, С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұлов, С. Қожанов және т.б. сияқты ұлт зиялылары ілікті. Оларга «ұлт, жергіліктендіру, жер, қазақыландыру және т.б. мәселелерде қателіктер жіберді» деген айыптар тағылып. мерзімді баспасөз арқылы сынға алынды,

Мерзімді басылым арқылы сынау мәселесі 1925 жылдың соңы мен 1926 жылдың басында кең өріс адды. Қазақ өлкелік комитетінің органы «Еңбекші қазақ» газеті «жікшілдікке», «топшылдыққа», «ұлтшылдыққа» қарсы шыққан басылымның бірі болды. Себебі, басқа газет-журналдарға қарағанда газет өкіметтің жікшілдікке қарсы шығарған қаулы-қарарларын, шешімдерін республика халқына жеткізуші, осы үкімет заңдарының орындалу барысын хабарлаушы басылым еді. Газетке ұлт зиялылары О. Исаев, Н. Сырғабеков, Н. НҰрмақов, Г. Тоғжанов, О. Жандосов, М.Қайынназаров және т.б. үкімет қызметіндегі зиялыларының «жікшілдікке» айтыс ретінде қатысты пікірлері жарияланып, «жікшіл» атанған зиялылардың қателіктерін талдай отырып, олармен күрес жүргізуге шақырды. 1926 жылы 23 қазанда Мәскеуде өткен партияның орталық комитеті мен орталық бақылау комиссиясының біріккен жиылысында орталық партия комитетінің кейбір мүшелері жік жасап партия тәртібін бұзғандығы туралы орталық комитетінің саясат бюросынан Молотов, орталық бақылау комиссиядан Прославский баяндама жасап, Зиновьев, Каменев, Петьков, докимов, Сокольников, Смилке, Николаева сияқтылар партия тәртібін бұзғандығы, партия арасында жікке бөлінушіліктің барлығы айтылып, осы баяндамалар негізінде жікшілдер туралы қаулы қабылданып, қарар шыгаргаи болигын. Негізіаде бүл жиылыс партия мүшелері Зиновьев, Троцкий мен Каменсвтердің жікшілдік әрскетгерін әшкерелеу арқылы партия қагарынан шығаруды көздеген болатын. Зиновьевке «одақтық коммунист партиясының бағытын түгел жүргізе алмайды, Коминтернде отырып, жікшілдік жұмысын жүргізді» деген айыптар тағылса, ал Гроцкий мен Камененке «партия арасындағы жікшілдік жұмысқа басшылық етіп келді» деп айыптап, партия қатарынан шығаруды шешті [4].

Екі күн өткеннен кейін яғни 25 мен 30 карашадағы Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында Қазақстандағы С. Қожанов, Ж. Мыңбаев, С. Сәдуақасов сияқты жікшілдердің әрекеттері сынға алынып., олармен идеялық күресті күшейту жөнінде қаулы қабылданды. Бюро мүшелері С. Сәдуақасов пен Ж. Мыңбаевтың жікшілдік әрекеттері ауылдағы әлеуметтік- экономикалық қатынастарды өзгерту мәселесінде, жергіліктендіру саласында, ұстанған көзқарастарынан айғақталғаны баса айтылды. Жікшіл ретінде сынға алынған С. Сәдуақасов пен Ж. Мыңбаевтар пленум барысында «жікшілдік күресті тоқтатамыз» деп мәлімдеме жасағаннан кейін, пленум оларға алдағы қызметтеріне барлық жағдайларды жасай отырып, қатаң бақылауға алатындығын ескерткен болатыи [5], Пленум өте салысымен қазақ өлкелік комитеті барлық губерниялык комитеттерге жікшілдер мен «оңшыл», «солшыл» топтар туралы нақты мәліметгерді жинастыра отырып, олардың күрес түрлері мен іздістерін, бұл топтардың алашордашылардың идеологиясын қолдану барысы, партия, кснес және тағы басқа жұмыстарға әсері мсн осы гоптағы европалық коммунисттердің (Троцкий мен Зиновьевті айтып отыр - А.Ж.) ролін анықтау мәселесі қойылып, жікшілдермен күрес барысы қалай жүргізіліп жатқандығы жөнінде мәлімдеме беруді талап етті.

Меңдешев, Сәдуақасов, Сейфуллин, Қожанов және Рысқұлов бастаған топтар барлығы анықталып, олардың әрекеттері ашық түрде айтыла бастады. Бұл топтармен күрес барысы партияныңконференциясынан кейін күшейді. Мерзімді баспасөз беттерінде олардың жікшіліктерін сынға алған, тіпті олармен тілектес, ниеттестердің барлығын айтқан мақалалар қаптап кетті. Бірінің қатесін бірі тізіп, әр нәрседен ілік іздегендер шын-өтірігі аралас «жікшілдердің» қатарын дәлслсіз фактілермен тізбектеп кобсйтс берді. Мәселен, кеңес партия мектебініц курсанты Мырзағали Жанбосынов қазақ өлкелік комитетіне хат жолдап, 14 сәуірде мектептің қабырға газетіне бір адамдардың «Қой терісінде» деген мақала жазып, онда әкесі Әбдіғапар Жанбосынов Торғай өңіріндегі билеп-төсеушілердің бірі болгандықтан озінің бұл мектепте тәрбиеленуінс жол бермеу жөнінде жазылғандғын айта келе, әкесі 1916 жылы Торғайда патша үкіметіне қарсы көтерілісті бастаушылардың бірі болғандығын, азамат соғысы жылдарында

ақгвардияшылардан қорғағандығын, осыдан әкесінің кеңес өкіметіне қарсы элемент пе, жоқ па, ал өзінің кеңес үкіметінде білім алып, оның құрылысына белсенді қатыса ала ма деген сауал қоя отырып, мақала жазушылардың негізсіз екендігін айтады. Ол партия мектебінің әкімшілігіне бұл мәселені тез арада шешуді өтінгек [6].

Тіркілеу, ұжымдастыру науқаны тұсындағы зиялылардың әрекеттері үкімет тарапынан бақылауға алынып, олардың әрбір сөзі кеңес билігіне қарсы айтылған сөз ретінде бағаланды.

1928 жылы «жікшілдердің» әрекеттерін әшкерелеген хаттар, мәліметтер өлкелік комитетке жиі түсіп, мерзімді басылымдарға жарияланып жатты. Бұрынғы Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жетекшілерінің үстінен іс қозғалып, олардың кеңес үкіметіне қарсы жүргізіп отырған әрекеттері айқындалып, ОГПУ-дың сот коллегиясына ұсынылып, 1928-1932 жж. аралығында Алаш жетекшілеріне арналған сот үдістері өтіп, 47 адам істі болып, оның 35-і түрлі жазалар алды. Олардың ішінде Алаш лидері Ж. Аймауытов ату жазасына кесіліп, үкім орындалған.

1933 жылы партия қатарын жат элементтерден тазарту ісі қолға алынды. Бұл мәселе 1934 жылы болған коммунистік партияның XIV съезінен кейін кең түрде жүргізіле бастады. Қазақстанда партия қатарынан «ұлтшыл ауытқушылығы», «контрреволюциялық қылмыстары» үшін мыңға тарта коммунистер шығарылып, олардың үстінен түрлі істер қозғалды. 1934 жылы 15 желтоқсанда құпия түрде Мәскеуге И.В. Сталин мен Л.М. Кагановичке Т. Рысқұлов партиядағы тазартуға байланысты Орта Азиядағы асыра сілтеушілік орын алып отырғандығы жайында хат жіберді. Онда РКФСР Халық Комиссарлар КеңОнда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Петерс партия қатарын жат элементтерден тазартуда Орта Азияның көрнекті өкілдерін, оның ішінде өзін де негізсіз айыптап отырғандығын келтірді. Т. Рысқұлов Петерс оның кінәлігін анықтамай баспасөзге жариялап жібергендігін, бұл өзін қаралау үшін алдын ала ойластырған іс екендігін, Петерс жалгыз ғана өзіне емес, Орта Азияның көптеген көрнекті қайраткерлерін қаралап отырғанын баса айтылды [7].

Қазақ өлкелік комитеті губерниялық, уездік партия комитеттерінің хатшыларын да терең тексерістен өткізген. Мәселен, Қарасу партия комитстінің хатшысы Әлихан Омаровтың үстінен «алашордашылармен тығыз байланыста болып, 1925-1926 жылдары аралғында Өзбекстандағы Кенимех ауданында аудандық нұсқаушы қызметін атқарған кезде өзбек және қарақалпақтарга қарсы топтық күрес жүргізді» деген мәлімдеме түскен [8]. Партия комитетіне Иса Тоқтыбаевтан партия қатарынан негізсіз айыппен шығарылғандығын айтып, қайтадан қалпына келтіруді өтінген арыз берген [9]-

1935-1936 жылдары КСРО-да партия қатарынан шығарылғандардың екі проценті қамауға алынып, оларға контрреволюциялық топтарға қатысып, партияға қарсы әрекет етті, бұрынғы шыққан тегін жасырды, шпиондық қызмет жасады деген айыптар тағылды [10].

«Әлеуметке жат» элементтерді әшкерелеудің алғашқы толқыны С.М. Киров өлтірілгеннен кейін жүргізілді. 1935 жылдың қаңтарында БК(б)П ОК-тің С. Кировтың өлтірілуіне байланысты жіберілген жабық хатында Ленинградтты патша шенеуніктері шогырланган қала деп көрсете келе, оларды қаладан басқа жерлерге жер аудару керектігі айтылды. Осы хаттың негізінде Ленинградттан 11 мың «әлеуметке жат» элементтер қуылып, басқа өңірлерге жер аударылды. [11]

БК(б)П Орталық Комитетінің 1935 жылғы 13 мамырда партия құжаттарын тексеруден өткізу, партия қатарын нығайту жөніндегі қаулы негізінде қазақ өлкелік комитеті Риддер қалалық комитетінің, Гурьев округтік комитетінің, Келес, Атбасар және Әулиеата аудандық комитеттерінің ұйымдық- партиялық жұмыстары тексеріліп, Риддерде орын алған олқылықтар эшкереленіп, 99 уақытша куәліктер мен 8 нартиялық билеттер алынса, Гурьевтегі партия ұйымындағы партиялық жұмыстың жалпы дәрежесі қанағаттанғысыз күйде екендігі, селолық аудандарда коммунистерге маркстік- лениндік тәрбие беру жоқтығы, Әулиеата, Келес аудандық партия ұйымындарында жікшілдерге қарсы жұмыс жүргізілмегендігі, аталмыш кешіліктерді тез арада жойып, партия ісіне лайық емес, ұлтшыл, жікшілдерді қолдаушыларды оның қатарынан тез арада шығару мәселесін қолға алғандығы Алматыда 5-9 шілдеде өткен қазақ өлкелік комитетінің пленумында баса айтылып, тез арада осы қателіктерді жоюды қолға алу жөнінде қаулы қабылданды [12].

Партия ішіндегі түрлі оппозицияны Сталин шебер пайдалана білді. 1936 жылы 29 шілдеде Троцкий, Зиновьев пен Каменев фашистік Германияның шпиондық тапсырмасын орындады деп ашық түрде жарияланып, барлық одақтас республикаларға өз араларындағы осындай контрреволюционер-

лердің әрекеттерін қайталап отырғандарды тез арада әшкерелеп, «халық жауы» ретінде қамауға алуды талап еткен. 1936 жылдың 1 қарашасында қазақ өлкелік комитеті осы нұсқауға орай қаулы қабылдап, партия қатарынан троцкишіл-зиновьевшілдер әшкереленіп, шығарылғандығы айтып, барлық партия ұйымдарына кенес билігіне қастық жасаушылармен күрес жүргізуге шақырды [13].

Партиялық тазалаумен басталған бұл қуғын-сүргін толқыны азат қозғалысының қайраткерлеріне де «ұлтшыл», «буржуазияшыл» деген айыптармен ауыз салды. 1937-1938 жылдары қуғын-сүргін нәубеті еліміздің бетке ұстар азаматтары ілігіп, олардың тағдырлары нақты 50-ші жылдары ғана белгілі болды.

Қуғын-сүргін нәубетінсн аман қалған зиялылар *40-50 жылдары* түрлі себегпермен сынга алынып, қуғындалды.

*1.Түрік баласы. қазақтың тарихы // Қазақ. -1913. - №3. - 17 февраля.*

*2.Түрік баласы. Қазақтың тарихы //Қазақ. -1913. - №5.- 9 марта.*

*3.Тынышпаев М. Материалы к истории Киргиз-казахского народа. - 'Ташкент, 1925,- С. 32-33.*

*4.Орталық партия комитеті мен баңылау комиссиясының толық жиылысында жікшілдер туралы шығарылған қаулы //Еңбекші қазақ. - 1926. -№236 (673), - 25 октября.*

*5.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Апрель 1920-1928 гг. - Алматы: Ел■ шежіре, 2007. - 1.3. - Кн. 1. - С. 217.*

*6.ҚРЛ.М. 811- қ„ 20-т., Ь38-іс. 90,91-пп.*

*7.Алаш қозгалысы.Құжаттар мен материалдар жинагы. Сл>\'ір 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. - Алматы: Ел- шежіре, 2007. - Т.3.- Кн. 2. - С 183-184.*

*8.Сонда, 198-6.*

*9.ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 8131-іс. 30-31-пп.*

*10.Хаустов В., Саиуэлъсон Л. Сталин, НКВД и репрессии 1936-1938 гг. / В. Хаустов, Л.Сануэльсон. ■ М: Российсксія политическая энциклопедия (РОССГГ)И), 2010. - С. 58.*

*11.Сонда, (>5-66 бб.*

*12.Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және менумданының қарарлары мен шешімдері (1928-1937). - 2-т. - Алматы: Қазақстан, 1988. - 307-321 -66.*

*13.Политические репресии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. -Алматы: Казахстан, 1998. -С 15-17.*

Резюме

В статье рассматривается положение интеллигенции Казахстана в период сталинских репрессий.

Summery

The article deals with the position of national intelligentsia of Kazakhstan during the period of Stalin punitive measures.

# ҚАЗАҚСТАНРЕСПУБЛИКАСЫНДААДАМҚҰҚЫҚТАРЫ МЕНБОСТАНДЫҚТАРЫНҚОРҒАУДАҒЫБАҚ-НЫҢҚЫЗМЕТІ

**Ш.А. Абуханов**

*Қ.И.СәтбаеватындағыҚазҰТУ- ніңқоғамдықпәндеркафедрасыныңағаоқытушысы*

Қазақстан өзтәуелсіздігін жариялаған куннен-ақ құқықтық мемлекет құру идеясын қабылдады. Құқыққа мойын сұнып, адамның және азаматтын құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қойған мемлекет осылай сипатталады. Осы орайда БАҚ-тың Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандыктарын қорғаудағы атқаратын қызметі айрықша. Өз оң-пікірлері неркін білдіру және оны іс жүзінде жүзеге асыру, яғни бұқаралық ақпарат құралдарыньщ бостандығы адамның фундаментальды құқығына жатады. Олар демократияны қатгамасыз етумен мемлекеттің тұрақты сипатта дамуында маңызды рөл аткарады. Азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне қатысу үшін пайдаланаған саяси құқықтары мен бостандықтары тек қана осы кұкықты қактілср арқылы белгіленеді. Сонымен, құқық дегеніміз – адамдардың өміріне қалыпты жағдайлар туғызуға, қоғамның барлық бағыттарда дамуын заңдық жағынан қамтамасыз егуге тиісті мемлекеттік құрал. Құқық бойынша азаматтар өздсріне берілген құқықтарымен бостандықтарын, құқық нормаларының талаптарын бұзған аламдарға шара қолданып, тиісіншежазалапотырғанда, құқықнақтыісжүзіндеасқанболыптабылады.

Құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыұлттық келісіммен халықтардың ынтымақтасты сақтау Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың лайықты толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады. Қазақстан мемлекетінің дамуында демократиялық жолмен қабылданған заңалдында барлық қоғам мүшелерінің тең сапалуы, заңның халықтың еркін білдіруі және жеке адамның құқықтарымен бостандықтарының қамтамасыз етілуі зор маңызға ие. Осы орайда белгілі саясаткерЕ,Ертісбаеватап көрсетксндей: «демократиялық жолға батыл қадам басқан Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау саласында халық аралық шарттарды ұстана отырып, диалог жасауға дайын» [2].

Демократиялық құқықтық мемлекеттің негізгі бастауы бұл - Конституция. Онда мемлекеттің қоғамдық өмірінің құқықтық қағидаттары көрсетілген. Конституция қоғамның жалпы құқықтық моделін көрсетсді және саяси құрылымның барлық салаларын қамтитын зандардың бәріде оған сәйкес келуі керск. Сондықтанда біз құқықтық мемтекетті конституциялық мемлекет деп атаймыз, ҚұқықтықмемлекетініидеологиялықнегізіКонституциядабекітіледі. Сондықтанда біз Конституцияны Қазақстанда құқықтық мемлекегті қалыптастырушы ретінде танимыз. 1995 жылы қабылданған Конститұцияның бұрынғы конституциялардан ерекшелігі елдің жаңа жағдайдағы дамуының әлеуметтік, экономикалық қоғамдык, саяси, рухани- адамгершілік мәселелерінің жайы толық қарастырылған. Негізгі заңның ортақ идеясы Қазкстан қоғамыныц әртүрлі қоғамдық-саяси күштерінің келісімін қамтамасыз етуді көздейді. «Егемен еліміздің жаңа негізгі заңының қабылдануы жаңа мың жылдық табалдырығында Қазақстан тарихындағы атаулы оқиға болып, тәуелсіз мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа сатысына негіз салды. Тап осы Конституцияны ел тарихындағы идеялар көрініс тапқан әрі халықаралық деңгейге сай биік межедегі заң деуге толық негіз бар» [3]. Бұл ретте конституция қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу сияқты саяси әрі маңызды факторлар арқылы жүзегс асырады.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретіндс дамуына қолайлы жағдай жасайды. Занда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салалары өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Негізгі Заңда саяси бостандықтарға кең кепілдік берілген. Саяси қозғалыстар Конституция шеңберінде емін-еркін өмір сүріп, қызмет ете алады. Оған ешқандай қысым жасалмайды.

Жаңа Конституцияның тағы бір басты артықшылығы – елімізде жекеменшікті мойындап, оны заң жүзінде бекітті. Енді Қазақстан Республикасында меншік түрлері заңмен қорғалады. Негізі заң меншіктің қызмет аясымен мақсатында айқындап берді. Меншік атауны қоғам игілігіне ғана жұмсалуға тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс. Сонда ғана меншік иесін корғауға кепілдік жасалады

Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқығына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948 ж.), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы», (1966 ж.), «Балалар құжыты декларациясы» (1959 ж.), «Әйелдердің саяси құқығы туралы конвенция» (1954 ж.) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды. Осы орайда демократиялық принциптер еліміздің Конституцияның "Адам және азамат" атты екінші бөлімінде айқын көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 39-бабында адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана шектеу қойылуы мүмкінекендігі көрсетілген.

Конституциясының 39 баптың 3 нунктінде азаматтардың құқықтарын, яғни, азаматтық құқығы, өмір сүру құқығы, жеке өміріне, өзінің және жанұясының құпиясына қолсұғылмауына, мемлекет органдарымен лауазым иелерінің кінәсінен шеккен зиянды қайтарып алуынат. бқұқықтарын, тіпті ең төтенше жағдайлардын өзінде де шектеуге рұқсат бермейтіні айтылған [1].

Қазақсган Республикасының Конституцияда жеке, азаматтық және саяси құқықтарға, осы құқықтардың кепілдігіне айтарлықтай көңіл бөлінеді. Осымен байланысты азаматтардыц саяси өмірге катысу құқығы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» 21 бабымен қамтамасыз етіледі. 1948 ж. Бас Ассамблеяда қабылданған «Адам құқықтарының жалпына бірдей декларациясы» адам құқығы саласындағы міндеттерді дамыту жөніндегі үлкен жетістік. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына» сәйкес әрбір азамат өзінің елін басқаруға тікелей немесе еркін сайланған өз өкілдері арқылы катысуға құқылы. Өкімет билігінің негізін халық еркі құрауы керек, әрі халық өз еркін сайлауда дауыс беру арқылы білдіре алады [4]. Сонымен Қазақстан азаматтарының саяси өмірге қатысу құқығы осы халықаралық құқык шеңберінде жүзеге асырылады. 2004 ж. Қазақстан Республикасы «Азаматтардың саяси құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз ету туралы» халықаралық конвенцияға қол қойды [5].

Сонымен қатар азаматтардың медициналық көмек алуына, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуынада Конституцияда кепілдік беріледі. Ал, орта білім алу Конституция бойынша міндетті деп табылған.

Республика азаматтарының құқығы мен міндеттерін сөз еткенде, екі мәселені ерекше атап өтуге болады. Бірі – заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, екіншісі – Отан қорғау әрбір азаматтың қасиетті парызы және міндеті, Азаматтардың кұқығы мен міндетін сөз еткенде бұл талаптардың адамдардың өз құқықтарын көбірек біліп, міндеттерін орындауға келгенде ұмытшақтық танытатыны жиі кездеседі.

Халық өзі дауыс беріп қабылдаған заңын әрдайым әділ деп есептейді. Заңға құрмет болмайынша, оны қастерлеу ішкі қажеттілікке айналмайынша, заңның құдіреті шамалы болады. Конституция мәртебелі болуы үшін, оның принциптері, қағидалары қоғам, мемлекет, халық өкіметінің туы, қазығы, мәні болуға тиіс.

Заң жақсы жұмыс істеуі үшін, оны бұлжытпай орындау азаматтардың күнделікті дағдысына, үйреншікті әдетіне айналуға тиіс. Әртүрлі амал-айламен заңды айналып өтуге тырысушылық өркениетті елдің мәдениетіне жатпайды.

Бізде қылмыс, ұрлық-карлық, жемқорлық көп «Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес туралы» Заңы бекерден-бекерге шығып отырған жоқ. Себебі қылмыстың дәрежесі қоғамға, мемлекетімізге, едәуір қауіптендіріп, алға басуымызға бөгет бола бастады. Заңды қабылдағаннан соң оны мүлтіксіз орындау қажет. Қалың көпшіліктің заңды жаппай мойындауын, іштей түйсініп сезінуін, өз өмірінің басты ережесіне айналдыруын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Заң беделге, мансапқа, лауазымға, ақшаға, байлыққа сатылмай, тек ақиқатқа бас иеді. Коғам келешекте осыған жетуіміз керек.
Демократиялық мемлекетте БАҚ қоғамдық пікірді туғызатын және бұқараның санасын, адамдардың саяси әлеуметтендіру ісін қалыптастыратын саяси институттардың бірі болып табылады. Сөзбен шығармашылық еркіндігі – бұқаралық ақпарат құралдарының конституциялық құқығы. Міне, мұның өзі – демократияның БАҚ-қа берген бостандығы мен тигізген ықпалы болып табылады. Осылайша, белгілі саясалтанушы ғалым С.М.Борбасов тұжырымдағандай: «мемлекеттегі демократиялык құндылықтардын бірі сөз бостандығы екендігі мәлім. Сөз бостандығын шектеуге

ұмтылушы күштерде баршылық... Жоғарыдағылардың... өзі БАҚ-қа да дұрыс, әділ сөз айтуына бостандық беруі қажет. Қазақ қоғамына биліктің да ар сөзі ғана жеткіліксіз. Халықтың, зиялы қауымның да сөзі ескерілуі керек. Бұл билікке де, халыққа да пайдалы. Сөз бостандығы – ауыз ған екелсе, соны айту емес. Демократиялық қоғамдағы сөз бостандығы мемлекетті, адамды жақсартудың, шаруашылықты жөндеудің дұры сұсыныстарын айта білу деп ұғынған абзал. Аз ғана төбе топтың эгоистік мүдделерін уағыздау – сөз бостандығы емес. БАҚ-тың адамның білімін, санасын, мінез-құлқын тәрбиелеудегі куатызор. Сондықтан БАҚ адами мұраттарға бет бұрыс жасаса. Пайдалы болар еді... Сөз бостандығы болмай, ой бостандығы болмайды» [6].

Құқықтық мемлекет – саяси ұйымның билігін, адамдардың құқығы мен бостандығын толық қамтамасыз етуге жағдайлар жасайды.

Бұл ретте құқықтық мемдекеттің негізгі екі принциптері бар:

-адамның және азаматтың құқығын, бостандығын толық түрде қамтамасыз ету, жеке адамдарға құқықтық ынталандыру режимін жасау;

-құқықтың көмегімен мемлекеттік билікті біртіндеп байланыстыру, мемлекеттік бөлімдер үшін құқықтық тежеу режимін құру.

Бірінші принцип – Қазақстан Республикасы Конституцияның 1-бабында мынадай қағидамен бекітен: «Құқықтық мемлекет өзінің тағайындалған қызметін біртіндеп орындауға міндетті – әрбір азаматтың жеке басының жан- жақты даму мүмкіншілігіне кепіл беруі қажет».

Қазіргі кезде табиғи түрінде мойындалатын азаматтық, яғни, саяси, экономикалық, әлеуметтік және жеке адамның құқықтары мәселелері «Адам құқығының 1948 жылғы Жалпыға бірдей декларациясында» және басқада халықаралық актілер де көрсетілген.

Екінші негізгі принциптің жүзеге асырылуы мынадай жолдарды пайдалану аркылы жургізіледі: Биліктің заң шығару, атқару және соттар мақтарында адамның құқықтары мен бостандықтарын мақсатты түрде теріс пайдалануға жол бермеу;

- федерализм, яғни, билікті төменнен бөлу арқылы толықтыру әрекеттері жүргізіледі;
- заңның үстемдігі (барлық конституциялық талаптарды қатаң сақтау арқылы жоғарғы билік органымен қабылданған заң атқарушы біліқпен өзгертілугене жойылуға жатпайды);
- мемлекетпен жеке адамның екі жаққа бірдей жауапкершілігі.

Жоғарыдан көрсетілгеннен басқа әрдатүрлі деңгсйде оларға жағдайлар жасайтын қағидаттарды бөліп айтуға болады. Оған қоғамдағы жоғарғы деңгейдсгі құқықтық сапа, құқықтық мәдениет, азаматтық қоғамның болуы және барлық құқықтық субьсктілердің жағынан заңдардың орындалуына бақылау жүргізуді ұйымдастыру кіреді.

Адам құқығы – адам мүдделерін қанағатттандыруға бағытталған заң арқылы қорғалатын іс-әрекеттің ( мінсз-құлықтың) өлшем (шамасы). Мұның өзі адамның жаратылыстық табиғатынан туындайтын, қарапайымда ең маңызды игіліктерді, тұлғаның осы қоғамда еркінде қауіпсіз тіршілік ету жағдайында, оп-оңай жүзеге асырып, пайдалануының мүмкін екендігін білдіретін әмбебап санат болып табылады. Қазіргі кезде адам құқығы жалпы әлеуметтік ұғым ретінде түсініледі. Мұның өзі тұлға бостандығы сапасындағы ұлттық мүдделерден де жоғары тұрған жалпы адамзаттық талаптармен қалыптарды бейнелейді әрі оларды қамтиды.

Адамның өмір сүруі және оның лайықты тұрмыс жағдайларында тіршілік ету құқығын жүзеге асыру үшін оның дүниеге келуінің өзі-ақ жеткілікті болады. Ал, басқа құқықтарын іске асыру үшін ол адамның азаматпен тұлғаға тән өзіндік қасиеттерінің болуы қажет. Осыдан шығатын қорытынды, азаматтық құқық дегеніміз – заң мен мемлекет тарапынан қорғалатын әрі заң тұргысынан қарағанда осы азаматтың іс-әрекетінің шама мөлшері анықтайды. Жалпы құқық кім көрінгеннің мүддесін қапағаттандыруға емес тек накты мемлекет пен тиянакты байланыс орнатқан азаматтың ғана мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған болып келеді,

Азамат құқықтары адам құқықтарына қарағанда әрдайым заңдық санат (категория) түрінде көрінеді. Бұл олардың бір-бірінен айырмашылығын байқатады. Азамат құқықтарын мемлекет танымайынша, олар заң жүзіндс баянды етілмейіншс. Адамның накты жақпен байланысы тәуелсіз түрде болады жәнеі ске қосылуы әрі қолданылуы мүмкіне мсс.

Жеке тұлға бостандығы – азамат құқығы, яғни, мұның өзі қандайда бір кедергінің немесе бір нәрседен жасқанудың жоқ екендігін ғана білдіреді.

Құқық пен жеке тұлғаның саналуан байланыстары ең толық түрде құқықтық мәртебе ұғымы

Арқылы ғана сипатталуы мүмкін. Осы сипаттауларда жеке адамның заңдық болмысының негізгі жақтары қамтылып көрсетіледі- Саяси-құқықтық мәртебе ғылымда жеке тұлғаның қоғамдағы заң баянды етіп бекіткен жайымен күйіретін де анықталады. Саяси-құқықтық мәртебе жеке тұлға құқықтарының, бостандықтарының, міндетгерімен мүдделерімен мемлекет таныған және оған мемлекеттің кепілдіктері берілген жиынтығы болып табылады. Жеке тұлғаның шынайыжай-күйінің тұжырымдалуы түрлі жолдармен саналуан тәсілдері арқылы бірнеше ерекше құралдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік және мәдени салаларында да азаматтарға тиісті құқықтар ең бекету, демалысқа шығу, тынығу, білімалу, әлеуметтік қамсыздандыру, зияткерлік шығармашылықпен айпалысу және тағы басқалар жатады. Олар өз кезегінде «құқық арқылы қоғамды қөмірге ықпалын тигізіп, қажетті қоғамдық тәртіпті қалыптастырады». Адам құқықтари мен бостандықтары көпшілік мақұлдаған жіктеуге сәйкес

- элеуметтік-экономикалық;
- азаматтық;
- мәдени;
- және дербестік деп бөлінеді.

Жіктеп бөлудің мұндай түрі әлемнің зандық іс-тәжірибелерінде, сондай-ақ, ұлттық-құқықтық жүйелерде де қабылданған.

Сонымен, «сөз бостандығы мен баспасөз еркіндігі - демократияның ауадай қажет алғышарттарының бірі. Соңғы жылдары біздің елімізде демократиялық процестерді жетілдіруге бағытталған талай шаралар қолға алынды. Ақиқатын айтайық, егер Қазақстанда сөз бостандығы болмаса, онда Азаматтық форум, Әлемдік діндер съездері, Еуразиялық медиафорум сияқты алқалы жиындар өтер ме еді? Төрткүл дүниенің әр түкпірінен белгілі сарапшылар мен саясаткерлер, журналистер Қазақстанға келіп, бүгінгі әлемдік өркениеттің жаһандық проблемаларын талқылай алар ма еді? Бір сөзбен айтқанда анық коғам құрып, демократиялық қадамдарды дамыту арқылы... Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары үшін тұмшалаған тақырып жоқ» |7].

Елімізде демократиялық мемлекет қалыптасуда. Алайда кез келген мемлекетте демократия қағидаларын орнықтыру уақыттың еншісі, ал ортақ үлгі жоқ. Ол мемлекет демократияға өзінің сара жолымен барады. «Әлем халқының басым көпшілігі адамның негізгі құқықтары жетілдірілетін әрі қорғалатын, ал азаматтық қоғамы мен бұқаралық ақпарат құралдары саяси билікті жөнге салуда елеулі ықпалы бар демократиялық мемлекетте тұрғысы келеді».

Мемлекеттегі демократиялық құндылықтардың бірі - сөз бостандығы екендігі мәлім. «Сөз бостандығын шектеуге ұмтылушы күштер баршылық. Билік те сөз бостандығын жақтыра қоймайды. Шексіз сөз бостандығын қалайтындар да бар. Барлық пікірлер, ойлар айтылсын. Адамдар өзіне қажеттісін алады дейміз. Билік сөзі бар, халық сөзі бар, зиялы қауым сөзі бар. Сөздің бостандығынан нені ұтамыз, неден ұтыламыз деген ойды сараптай білу де қазақ қоғамына қажет. Билік өзі дұрыс сөз айтумен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарына дұрыс сөзі әділ сөз айтуына бостандық беруі керек. Биліктің дара сөзі ғана жеткіліксіз. Қоғамның жарасын, кемшіліктері мен қайшылықтарын үнемі ашып отырып, халықтың көзін ашып отыратын сөз бостандығы керек. Өркениетті елдерге сөз бостандығы тән. Сонымен бірге сөз бостандығын жасампаздыққа бағыттау билікке де, халыққа да пайдалы», - деп белгілі саясаттанушы ғалым С.М. Борбасов тұжырымдағандай елімізде шынайы түрдегі сөз бостандығының қажеттігі даусыз мәселе [8].

«Ақпарат - демократияның негізгі валютасы» деп америкалық заңгер Ралф Нейдер айтқандай, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен сөз бостандығы демократияның басты нышандарының бірі. Бұл ретте сөз бостандығы мәселесін жүзеге асыруда батыстық қағиданы емес, «тіл кеспек жоқ» деген аталы сөзге тоқтаған қазақи менталитетті ескерген жөн. Посткеңестік елдерде БАҚ - қоғамның саяси мәдениетін қалыптастырушы басты фактор, қоғамдық пікірдің қозғаушы күші ретіндс саналады

*1.Қазақстан. Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан, 2000. - 96 6.*
*2.Бредихина Т. Без свободы слова не будет силъной власти 7/Казахстанская правда. - 2009. - 18октября3.Темірбеков А. Адам құқықтары мен бостандығы маңызды // Президент және халық. - 2009. -23 таыы з.*
*4.Всеобщая декларация прав человека 7/ Сборник документов по международному праву. Т.1. Под общей ред. К.К.Токаева. -Алматы: САК, 1998. - С.388-392.*
*5.Нұрымбетова Г.Р. Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. - Алматы: 2005. 95-6.*
*6.Борбасов С. Саясат сандыраққа айналмасын //Жас қазақ. - 2009. 12 маусым.*
*7.Исабаев Б. Ақпарат айдынындағы азаматтық ұстаным. Дағдарыс кезінде БАҚ атқарар міндет қандай? // Жетісу. - 2009. - 6 маусым.*
*8.«Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер:РЯ, БАҚ менеджменті және маркетингі». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -- Алматы: «Рігіпі-8», 2010. - 29б 6.*

Резюме

В статье рассматривается влияние средств массовой информации на становление правового государства в РК, которое во главе ставил права и свободу человека как фактор демократическогоразвития государства. Автор отмечает, что СМИ играет больную роль в защите нрав и свобод человека. Свободное высказывание своих мыслей и воплощение их в реальность - это свобода СМИ,значит это фундаментальное право человека, которое защищается Конституцией РК.

Summery

İn article influence of mass media on lawful state formation in RK which at the head puts the rightsand freedom of the person as the factor of democratik development of the state is considered. The authornotices that mass-media plays large role in protection of the right and freedom of the person. Free statements of the thoughts and their embodiment in a reality is freedom of mass-media,these fundamental human rightswhich are protected by constitution RK mean.

# ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
# СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТАРЫ МЕН ДІН МӘСЕЛЕСІ

**С.О. Смагулова**

*т. ғ. д., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының доценті*

XX ғасыр басында Қазақстанда тұрғылықты қазақтардан басқа бірнеше ұлттары өмір сүрді, 1897 жылы қаңтар айында Ресей ипериясының өткізген ең алғашқы санатынан Қазақстан территориясында ірі үш этностық топтардың барлығы айқындалған болатын, Олардың ең басымы 74%-ті құраған тұрғылықты халық қазақтар болса, 10-13%-і орыстар, ал 1-2 %-ін украиндар құрады. Негізінде XIX ғасырдың 60-жылдарындағы реформадан кейін Сырдария мен Жетісу облыстары Түркістанның құрамына, Орал мен Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында, Ақмола мен Семей облыстары Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қарады. Қазақ жері біртіндеп мемлекет меншігіне айналуы Ресейлік патша үкіметінің қоныстандыру саясатын пәрмсндi жүргізуге жол ашты.

Қазақ жеріне өзге этностар XVIII ғасырдан бастап қоныстанды, Ең алғаш болып қазақ жеріне қоныстанған казактар бекіністер, қамалдар, редутар салып, бірте-бірте үлкен поселке, шағын қалаларға айнала бастады. Мәселен, 1822 жылы Есімдсгі Дқтау және Жарқайыи тауларында Ақтау оскери бекінісі сальінса, 1824 жылы Қарқарады мен Кокшстау приказдары ашылды. Бұлардың артынша Ақмола, Атбасар, Аягөз, Баянауыл, Көкпекті, Құшмұрын приказдары мен Ұлытау бекінісі ашылды. 1836 жылға қарай дала бекіністерінде 860 казағы бар жеті отряд орналасса. ал 1863жылға қарай 2,5 мың казагы бар 20 отряд болды [1, с. 102.]. Дала станица мен бекіністерге орыс, украин шаруалары қоныстандырыла бастады.

1897-1914 жылдар аралығындағы қазақ халқының динамикалық өсіміне келсек, 1897 жылы 311. 492 адам болса, ал 1914 ж 3. 845. 217 адамға жеткен. Қазақтардың 89,3 %-і Ақмола, Семей, Сырдария, Торғай және Орал облыстарына қоныстанса, ал Астрахан, Самар, Орынбор губернияларындағы қазақтар 6,6 % ғана болды. Санақ бойынша Астрахан губерниясына қарасты Бөкей Ордасындағы қазақтардың саны 207 299-ке жеткен. Закаспий мен Самар облыстарында 3,3 %, ал Сібірдің Том және Тобылдағы қазақтардың саны 0,8 % ғана сді [2, 5-6.].

Қазақ жерінде 1897 жылғы санақ бойынша 407 000 «гұрғылықты емес» халықтар болды. Ұйғырлар мен дүнгандар Қазақстанға XIX ғасырдың соңынан бастап қоныстана бастады. Патша үкіметі Қытайдың Құлжа өңіріндегі экономикалық жағдайын әлсірелеу үшін ұйғырларды Жетісу жеріне 1881жылдың күзінсн 1884 жылға дейін қоныстануға барлық жағдайды жасауға тырысты. XIX ғасырдың соңына қарай Жетісуға 45 373 ұйғыр мен 4682 дұнған қоныстандырылды. 1897 жылғы санақ бойынша бұл өлкеге 71 091 ұйғырлар мен дұнғандар орналастырылды.

Қазақстанға қоныстанған неміс, татар, поляк және басқа ұлт өкілдсрінің қатары XIX ғасырдың аяғында көбее бастады. Бұл этностар Қазақстанның Солтүстік және Шығыс өңірлеріне көптеп шоғырланды. Әсіресе татарлар Семей мен Петропавл қалаларында көптеп саналып, сауда ісімсн. молдалықпен айналысты. Жалпы Қазақстанда татарлардың XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап селолары құрыла бастаған болатын.

Татарлар сияқты немістер де XVIII ғасырдыц екінші жартысынан бастап Қазақстанға келіп қоныстанса, ал поляктар осы ғасырдың 90-шы жылы ене бастаған. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерінде еврейлер, эстондықтар, өзбектер, түркімендер, қалмақтар мен тәжіктер, башқұрттар және тағы басқа аз ұлт өкілдері қоныстанып, өмір сүрді.

Қазақстанның Ақмола өңіріне Воронеж, Пенза, Пермь, Полтава, Самара, Саратов, Чернигов губернияларынан, Семей облысына көбінесе Воронеж, Вятка, Казан, Пенза, Псрмь, Самар, Таврия губернияларьшан, Жетісу облысына Воронеж, Курск, Пенза, Пермь, Тамбов, губернияларынан,

Сырдарияға Астрахан. Воронеж, Орынбор, Пермі,; Самар, Саратов, Харьков губернияларынан, Торгай облысына Воронеж. Казан, Орынбор, Пенза губернияларының тұрғылықты халықтары келсе. Ал Орал өңіріне Астрахан, Қазан, Нижегород, Орынбор, Пенза, Самара, Саратои, Симирск, Уфа губернияларынан келгендер қоныстанды. Қоныстанушы шаруалардың саны 1870-1906 жылдар аралығында көбейді. Бұл жылдары Дала өлкесіне 521 мың шаруа қоныстанса, ал 1906-1914 жж. 714, 4 мың адам қоныс тепкен [2, с.8-9].

Қазақстанға шаруалардың қоныстануы халықтардың құрылымы мен санының өсуінс алып келді. 1914 жылға қарай қоныстанушы казактар мсн орыс шаруалары халықтың 35 %-ін құрады. Бұл кездерде 244,6 мың дұнгандар, ұйғырлар және басқа этностар болды. Дегенмен бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ер азаматтардың әскерге шақырылуы баланың тууын азайтты, өлім көбейді, халықтың табиғи өсімі төмендеді. Қоныстандыру үрдісі де баяуладыҚазақстан территориясында жергілікті қазақ халқын қоспағанда XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт этностары арасында сан жағынан көп болып саналатын ұлт өкілдері орыстар мен украиндар болды. 1897 жылғы санақ бойынша Қазақстан облыстарында 539,7 мың орыстар мекендеп, олардыңмыңы Ақмола облысында. 65,1 мыңы Семей өңіріндс, Торғайда 30,4 мыңы, Орал облысында 161,0 мыңы, Жетісуда 76, 9 мыңы, ал Сырдария жерінде 31,8 мыңы қоныстанған. Бұларды проценттік құрылымға бөлсек, Ақмолада 32,3 %, Семейде 12.1 %, Торғайда 5,6 %, Оралда 29,8 %, Жетісуда 14,3 %, Сырдарияда 5,0 % болды. Бұл жерде ұлттық құрылымы емес, жалпы орыс тілінде сөйлейтіндіктердің барлығы санақ барысында орыстар деп кәрсетіліп кеткендігін ескертіп айту керек [2, с.119-121].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі жылдарында халық саны құлдырамаса, өспеді. Бұған елдегі азамат соғысы мсн аштық әсер етті. Себебі, халықтың тең жартысы аштықтан қырылды, басқа республикаларға босып кетті.

Қазақ АКСР-нің құрылуы шекараға мен халық құрылымына өзгерістер енгізді. Шекараны межелеу мәселесі Қазақстан халқының ұлттық құрылымына әсер етті. Бұл кездерде қазақтардың өсімі
*11%-* ке, орыстардың үлесі 13.8%-ке азайды. Межелеу кезінде қазақтардың саны Орта Азия республикаларының жерінен қосылған қазақтармен толықтырылды десе, ал орыс ұлт өкілдерінің азаюы 72,4% орыстар тұратын Орынбор губерниясының Ресейге қосылуынан деп түсіндірілді [2, с. 13].

XX ғасыр басында Қазақстан территорнясында бірнеше дін өмір сүрді. Оның ең бастысы жергілікті халықтар мұсылман дінін ұстанды. Мұсылман діні орыстандыру мен отарлау үрдісі ұлттық бірегейлікті сақтауда ең маңызды рөл аткарды.

Мұсылман дінінен кейінгі кең тараған дін - христиан діні болып,оның православие, католиктік және протестанттық бағыттарға бөлінді. Бұл бағыттардың бірнеше ағымдары болды. Христиан дінінің Қазақстан территориясына пәрменді түрде енуі XIX ғасырдың 80-90-жылдары өріс алды. Протестанттық бағытты немістер ұстанып, өздерін лютерандар деп атаса, кейінірек бұл бағытта меннонтгер, баптистер, адиентистер болды. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының *XIX* ғасырдың соңы мен XX ғасырдын басында протестанттық бағыт пәрменді түрде жүргізілді.

Патша үкіметі отарлауда православиалық шіркеуді саяси мақсатына қолдануға тырысты. Әсіресе шоқындырылған татарлар дін иелері ретінде қазақ даласына жіберіліп, православие дінін насихаттауға белсене кіріскен. Олар бастапқы кезде ең алдымен қазақтардың мінез-құлқын, әдет- ғұрпын зерттсп, әлсіз тұстарын айқындауға тырысты. Мәселен, православие бағытында үгіт-насихат барысы 1882 жылы Орыстың православие шіркеуі Қасиетті Синодының Семей облысы қазақтарының арасында миссионерлік қозғалысты өрістету жарлығына орай күшейді. 1892 жылы Тобылдың кейіннен Түркістан православносінің спархиесі, шоқынған татар Ефрем Елисеев қазақтар арасында осы дінді уағыздауды қолға алған. Ол негізінен Қазақ діни академиясының миссионерлерді даярлайтын арнайы курсты тәмамдаған. Сонымен қатар түрік тілдерін, атап айтқанда татар, қазақ, араб тілдерінде жақсы сөйлеген. Қазақ жеріне келген миссионер православие дінін қазақ тілінде насихаттаған. Семей облысына қарасты Бөкей ауылында еткізген құлшылық барысын ол қазақ тілінде жургізген. Тіпті көпшілік дұғалар қазақ тілінде шырқалып отырған [3, 161-6.]. Осы Семсй өңіріндегі миссионерлік қызметі жайында жазған жазбасында ол қазақтарды шоқындыруда үлкен қиыншылықтардың туындағандығын, жергілікті мұсылман татарлары қарсы шығып, шоқынған қазақтарды өлтіруге дейін барғандығын жазады [4].

Оның насихатымен 1892 жылы қазақтардан 13 адам православие дінін қабылдаса, ал келесі

1893 жылы 69 адам осы дін жолына түскен. Жалпы он жыл ішінде бұл дінді 200 қазақ қабылдаған. Ефрем Елисеевтің қолдауымең миссионерлер үйінде Бөкенде шоқынған қазақ балаларына арналып мектеп ашылып, бастапқы кезде бес бала оқыған. Оларға әліппе және қазақ тілінде қасиетті тарих окытылды. Балалар дұғаларды да қазақ тілінде жаттап айтқан [3, 162-163-66.].

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстан территориясында православие, және протестанттық бағыттар діни конфессияның ішіндегі ен қанатын жайған дін болды. Жалпы 1897 жылғы 28 қаңтардағы санак бойынша жасалған сараптамалық мәлімет бойынша басым діннің қатарында мұсылман діні болып, Ақмола, Закаспий, Семей, Жетісу, Сырдария, Торғай. Орал облыстарында ескі дәстүрді ұстаушылар (православие дініне жататын), армян-григорян, армян-католиктік, рим-католиктік, лютсрандық, реформаторлык. баптистік дінді үстапушылар да болган. Моселен, Ақмола бойынша православие дінінде 232 401 адам (118 460-ы ер, 113 941-і әйелдер), 2418 православие дінінен жалтарып ескі дәстүрді ұстаушылар (1 213 ерлер мен 1 205 әйел), армяи-григорян дінінде 5-еу, рим- католиктік дінде 1740 (1019 ер адам, 721 әйел) адам болса, ал лютерандык дінді 5145 (2 677 ерлер меи 2468 әйелдер) адам, реформаіорлық 142 (80 срлер лс, 62 әйелдер), баптистік дінді 57 (26 ер адамдар мен 31 әйел) адам үстанган.

XX ғасыр басындағы Орта Азияда жәдидтік қозғалыс өрледі. Осы бағыттағы медреселер қатары да өсіп, діни сабақтардан өзге тарихы, арифметика, жай рафня және тағы басқа дәрістер оқытыла бастады. Қазақстанда жәдидтік қозғалыстың өрлеуін діни, тарихи мазмұндағы түрлі кітаптардын шығарылуынан көруге болады. Бұл ретте М. Кәшімовтің «Насихат қазақия», М. Консевтің «Сарыарқаныц кімдікі екендігі?», «Хап ахуал», Мақаш Қалтаевтың «Масихат Қазақия», «Бар уақиға», «Тура жол», Кенжеғали Абдоллаұлының Сырғалиннің «Қазақтың қамы» сияқты және тағы басқа кітаптарын атап өтуімізге болады. Бұл кітаптардың тарихи маңыздылығы сонда, олардың кейбіреулері бала тәрбиесіне арналып шағырылғанменде діндік сарында болды. Себебі патша үкіметінің қатаң бақылауында дінді ашық түрдс насихаттау мүмкін емес еді, оның үстіне Ресей мен Түркия арасында болған соғыс мұсылман дінінің, оның ішінде жәдидшілдік бағыттың өрлеуіне тыйым салып, керісінше христиаи дінін мұсылман халықтарынын арасына насихаттау өріс алған болатын. Патша өкіметі орыстандыру саясатын пәрменді түрде жүргізуде қазақ даласына миссионерлерін жіберіп, христиан дініне қазақтарды тартып, оларды шоқындыру маңыздылыгын түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сойтіп, көптеген қазақ отбасыларын, тіпті кейбір болыстарды отырықшыландыра отырып, христиан дініне снгізді. Оның үстіне халықтардың санасын улап, алдап-арбап, христиан дініне енее жеңілдіктер беретіндігінс уәдс беріп, сол дінге көшксндерге орысша есім беріп, бастапқы кездердс аса көціл аудара бастады.Қазақ молдаларын халық арасында кертартпа, надаи ретінде көрссте отырып, олардың қызметтеріне шектеу қойды. Панисламшылдықтың Қазақстанда өрлсуінен қорыққан үкімет бір себептермен халық арасына танымап болган дін иелерін, атап айтқанда Науан хазіреттіц, Ш. Қощьпүловтың үстінен қылмыстық іс қозгап, жер аударып, қатаң бақылауга алды. Медреседе дәріс беруші татар молдаларының әрекеттеріне де шектеулік қойды. Алайда бұндай кедергілерге қарамастан қазақ зиялылары Түркия, Ресей мұсылмандарымен араласып, еркіндік, бостандық жолында бір идея аясынатоғыса білді.

Кеңес өкіметі орнаганнан кейін мемлекетің дінге деген қарым-қатынасы өзгсрді. Бұрынғы діни оқу орындарын жауып, онын орнына кеңестік жаңа мектептер салу ісін қолға алынып, 1918 жылдың 20 қаңтарынан бастап РКФСР Халық Комиссарлар кеңесінің барлық діни кеңшілікке тыйым салған қаулысы жарық кврді. Қаулы бойынша шіркеулер мсмлекеттен ажыратылды. Әрбір азаматтың қандай дінге енсе де, діннен мүлдем бас тартса да еріктілігі баса көрсетілді [5, с. 18-19.].

1919 ж. 26 қаңтарда В.И. Лениннің қол қоюымен сауатсыздықты жою туралы декретке қабылданып, республикалардың 8 бен 50 жас аралығындағы оқи және жаза білмейтін барлық азаматтары ана тілінде немесе қалауынша орыс тілінде сауатын ашуға ерікті болды. Діни мектеттердің барлығын жауып, оның орнына жаңа түрдегі еңбек мектептерді ашу қолға алына бастады [6, с. 'I 18. ].

Партия мен үкімет елдің мәдениетін алға жылжытып, халықтың мәдени салт-дәстүр, әдсбиеті, өнері үлгерілетуді де негізгі міндеттерінің біріне санап,оны жүзеге асыруда кездескен кедергілерді жою қажеттігіне белсене кірісті. 1920 ж. 1920 жылдың 21 ақпанында Ресей Орталық комитетінің барлық партия комитеттеріне жібсрген хатында Шығыс елдерінде діншілдік пен ұлтшылдықтыц басым екеидігі, бұл мәдени түрде өрлеуімізге нұқсан келтіретіндігін келтіре отырып, еңбекші халық арасында діни

нанымшылықтың зияндығын түсіндіретін насихат жұмыстарын жүргізу маңызды деп санады [5, с.33-34].

Діни ортаға тәуелді емес мәдени ұйымдар ашу арқылы халықтын арасында ескіден келе жатқан, жаңа өңірге, қоғамға жат әдст-ғұрыптардан арылу жайында кедейлердің арасында әңгіме ұйымдастыру, олардың өздерін кертарпа дін қалдықтарына қарсы күресуге шақыруды қолға алып, тез арада іске кірісу жоспарланды. Әсіресе қыздарды қалыңмалға сату, әмеңгерлік, көп әйел алушылықты жою, молдаларлың шариғат үшін деп санапсыз салық жинауын тоқтату қажеттігін баса көрсеткен болатын.

1921 жылдың 11-18 маусым араалығында Орынборда өткен РК(б)П Қазақстан облыстық бірінші конференциясында кабылданған қарарда партияның Қазақ АКСР-індегі кезекті міндеттеріне Қазақстанда тұратынхалықтар арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын күшейтуді, осы ұлттар арасынан кеңес-партия қызметкерлерін жедел даярлауда олардың ана тілінде жүргізуді, олардың арасында ұлттық антогонизмді жою жатқызды [7, 29-6 ].

алғашқыда Түркістан қазына палатасы қарауында болды, ал 1886 жылдап бастап арнайы акциздік басқармаға берілді) Түркістаіі өлкссіндс бірте-біргс акциздіц басқа түрлері және оларды реттейтін ережелер де енгізіле бастады. Осылайша о.пкегс темскі, шақпақ, құмшекер, мұнай, гильза мен папирос қағазы акциздсрі епді. .

Түркістан өлкесінде, Сауда Жаргысы бойынша ауылды жерлерде арақ-шарап сусындарымен сауда жасауға рұқсат етілді. Лкциздік адымдар туралы Жаргының (1901 ж. шыққан) 676-баптыц біріпші қосымшасында көрсетілгендей, Түркістан олкесініц қалалы аудандардан гыс жерлерде усзд басшысыныц рүқсатымеи ішімдік сататын (трактирден басқа) сауда орындарын ашуга рұқсат етілді, ол орындарлыц саны мен сипаты жайлы мллімeтгі жыл сайын облыстық басқарма жинастырып, Кеңесгік іалқылуға откізіп, ол тапқылаудан ксйін генерал-губерпатор бекііетін болган. Сонымен қатар, облыстық басқарманын, ішімдік сататын сауда орындарын жабуға немёсс ішімдік саудасын дүрыс жургізбейтін сатушылар мсн приказшиктерді жұмыстан шыгаруға құқыгы болды. Осындай тэртіптің арқасында, жергілікті әктмшілік ішімдік саудасын бақылауда ұстап. маскүнемдікпен (ішімдік сататын орындарды жаппай жауып тастау шаралары аркылы) күресу мүмкіндіктері болды. Оцт\'стік Қазақстан олкссінде темекі жоне оныц енімдерін оцдеу және сату. Қаржы Министрлігі Түркістан генсрал-губсрнаторымсн келісе отырып шыгарган, акциздік алымдар туралы Жаргыныц 724-бабының 1-қосымшасы негізінде жүргізілгеи.

**Кедендіь:** алымдар Орыстар жау чап алганнан кейін өлкеде бү.рынгы хандық ксзінде орын алган зскет жүйесі сол күйшдс қалдырылганы жайлы жогарыда айтып ксткен болатынбыз, сол себепті сыртқы саудадан алынатык арнайы еалықтар алынбаған.

Рессй Империясы Дала комиссиясыныц шешімі бойынша, Мемлсксттік Кецестің бскі гуімен 1868
ж. 22 сзуірде Орынбор және Ьатыс-Сібір кедендік шеңтері таратылып. Орта Азиялық хандықтардан Ресей иеліктсріне европалық тауарларды өткізбеу міндеті, Сырдария облысында күрылған зсксггік мскемелсрге жүктелді. Бұл мскемелср 1867 ж. Ғреже бойынша рүқсат етілген шетелдік тауарлардан зекст еалыгын алып отырды. Ғ.реже бойынша шетслдік азиялық көпсстерден, салық жылыпа бір рет емес, тауарлармен шекарадаи өткен сапып алынды.

1875 ж. Сырдария облысы мсн Зеравшан округінде 1865 жылғы сауда мен кәсіп қүқы туралы Жаргы енгізілгеннен кеііін, аталган зекеттік мекемелер таратылды. Нотижесіпде бұл жерлердің шекаралары ашық қалып, сыртқа саудада арнайы салықтар азынбады.

Осындай жагдай 1881 жылгадейгн сақталды, осы жылы Түркістан генерал-губсрнагоры міндетін уақытша атқарған Колпаковский жергілікті базарларга тек аса қажетгі жзне империяда өндірілмейтін ксйбір тауарлардан баска (жасыл шай, ниндиго, аіъілшын-үнділіk кэсей) шетелдік азнялық және батыс-- еһропалық тауарларды кіргізбеу қажcттігін айтты. 1870 жылдан бастап европалық тауарлар контрабандалык тауарлар болып есегггелі.п, бірден гэркіленді. Осы мақсачта, тиым салынған тауарларды шскарадан оікізбсу жзне рүқсат етілген тауарлардан арнайы кедсндік салықгы алу үшін Сырдария облысында, Зеравшан округінде және Оіиудария бөлімжесінде экімшіліктіц бақылауында болган арнайы кедендік пунктгер ашылды. Рұқсат етілген тауарлардан төмендеіідсй тариф пен кедендік салық бслгіленді: бір пұт жасыл шайга - 14 р. 40 т., бір пүт индигога - 6 р. бір фупт ағылшын-үнділіk ондірістен шыққан кэсейге -1 р.

ж. 2 мамырда Мемлексттік Кенестің бекітуімен Түркістан өлкесіндегі кедендік мекемелер Қаржы Министрлігі қарамагыпа отті, онда генерал-губйрнатордың жанынан арнайы Кедендік Істер жөніндегі Министр деп аталатын шенеулік тагайындалып, қасына іс-қағаздарды жүргічетін комекші тағайындалды, бірақ осы тұлғалар басшылыққа алатын ережелерді, кедендік мекемелерге экелінетін тауарлардың салық мәлшерін белгілсу жэне тиым салынган тауарлардың тізімін жасау міндетін Қаржы Министрлігі атқарды (олкепің басшысымен кслісе отырып).

ж. 12 шілдеде Мемлекеттік Кеңесгің шешімімен Түркістан жэне Семей кедендік округтері қүрылып, олкедегі кедендік іс толыгымен Қаржы Министрлігіне берілді. Түркістан кедендік округі қүрылганнан кейін оның қарамагына олкеніц барлық кедендік мскемелері, Каспий сырты облысыныц кедендік мекемелері және Жетісу облысыныц оцтүстігіндегі кедендік мекемелер өтті Ондагы сыртган экелінетін тауарлардан алынатын кедендік салықты рсттейтін тэртіп, 1886 жылғы ереже бойынша жүрпзілді.

Каспий сырты облысы түпкілікті ұйымдастырылып біткеппен ксйін жэне олкені байланыстыратын теміржолдардың салінуына байланысты 1891 ж. Қаржы Мипистрлігі Вүхар жэне Хиуа хандықтары

жерлерін империя кедендіпне откізіп, кеден/(ік сызықты ауган-бұхар шекарасына ауыстыруды ұсынды. Атапған ұсыныс, 1894 ж. 6 маусымда Мемлекеттік Кеңестің шешімімен бекігілді.

Қабылданган жаца занның негізінде, ресей-бұхар, ресей-хиуа шекараларыпдагы кедендік мскемелер таратылып, орнына ауган-бұхар шекарасында бірқагар кедендік мекемелер ашылды, Бұл кедепдік мекемелер Қаржы Министрлігі 1894 ж. бекіткен Жаргы негізінде жүмыс аткарды, ал шекараны күзету жоне тауарларды бақылау құзыры шекаралық күзетке жүктелді.

К. Паленнің еңбегінде көрсетілгендей, Түркістан өлкесіндегі кедендік салықтардың мөлшері мен сыртқы сауда Кедендік Тарифтің жоне Кедендік Жаргының жалпы ержслерімен жэне Түркістан өлкесі мен Орта Азияга қатысты шыгарылған арнайы қаулылармен реттслген (Кедендік Жарғы 936, 939, 950 жэне т.б. багітарымен, 1904 ж. шыққан заң жинақтарының VI т.).

Аталган заңдар мсн ережелерге сэйкес, ауган шекарасы арқылы Ресей империясына әкелінген баряык тауарлардан (малдап басқа, малга ешқандай салық төлемсген) 5% мөлшерде кедендік салық алындц, ал Қытай шекарасы арқылы экелінген тауарлардың барлыгынан, кейбір тауарлардан басқа (шай, күміс, ағылшьш-үнділік тауарлардан кеден салығы алынды, кеіібір тауар түрлеріне мүлдем тным салынган), кедепдік салық алынбаган. Агалған шекарадан Ресей имиернясының өз гауарларыи сыргқа шыгару еркін және еш салықсыз жүргізілді, тіпті кейбір тауар түрлеріне кседеншілер арнайы сый-ақы төлегеп. Мэселен, рееейлік мануфактура тауарларын шыгарган көпесгерге, «өндіріске жүмсаган шығындары» үпіін кеденшілер, әр пұттауарға 4 р. молшерінде сый-ақы төлеген [6].

Патшалы Ресейдің салық саясатын сипаіттауда, жинапган салықтардың жұмсалу тэжірибесін айтпасқа болмайды. Жинапған салықтың кеп мөлшері негізіпен патша экімшілігінің қажсттіліктері үіпін жұмсалды, ал білім бсру, меднңина. нетеринарлы бақылау және т.б. элеуметтік жәнс басқа да қогамдық лайдалы қажеттіліктергс салықтың болмашы ғана болігі жүмеалды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстаида іерттеліиіп отырган кезеңдері салықты жүмсау тәжірибесі патшалықтың жалпы отарлы саясатыпа сәйкес келді,

Салықтар мемлекет бюджетін толықтырудың негізгі табыс көзі болды. Ақшалай алымдар өсу тенденңиясы сипатымен ерскшеленді. Мэселен, Сырдария обмыеы бойыиша 1891 ж. сауда үшін алынған ақшалай алым: 59 927 р., 1892 ж. - 59 280 р., 1894 ж. - 60 482 р„ 1895 ж. - 70 607 р., 1896 ж, - 8! 903 рубльді құрады.

Осылайша, XIX ғ. екінші жартысында - XX ғ. басында Қазақстанның оцтүстігіпде жэне Орта Азия өлкесінде патша үкіметінің жүзеге асырған салық еаясатының натижесіпде кәшпснді жэпе жартылай кешпслі малшылардың салықгы төлеу үшін ақша қаражатына деген мұқтаждықтары артып, олардың еткізу рыноктары, калатық жэне далалық жэрмсңкелерге тартылуын жылдамдатты, қазақ қогамының элеумсітік дифферснцациялаііуына, қогамдық әндірістің тауарлы багыт алуына, өндірістс каппталистік элеменггердің пайда болуына ыкиал сгті. Плтіиа үкіметі салық саясатын ұйымдасгыруда ец алдымсн өзінің ірссейлік) саудагерлері мен кэсіпкерлерін қолдау шараларын жургізді. Мэселен, шетелге шыгарылган ресейлік мануфакіура гауарларына сый-ақы телеу (әндірістік жэне і.б. шыгындары үшін) арқылы жергілікті (рсссйлік) ондірісшілерге қолдау керсетгі, сыртқы шекарадан экелінетін барлық европалық тауарларга (кейбір тауар түрлерінен басқа), тиым салу арқылы өзініц кэсінкер-саудагерлерін бэсекедеи қорғап, өлкедегі үстем жағдайыпың орнауына ықпал етті.

*Масанов Н.Э. Налоговая политика царизма в 20-60-х гг. XIX в. в Казахстане: Автореф. канд. дисс. - Аша-Ата, 1980. - 25 с. (С. 5).*
*Халфин А.А. Присоедишние Среднеи Азии кРоссии. - М.: Наука, 1965г,- 466 с. (С. 55-225).*
*Несипбаева К.Р. Налоговая политика царизма в Казахстане 1867-1914 гг„: Авторсф. дисс. .... к.и.н. - Фрунзе, 1988,- 20 с. (С. 4-8).*
*Сайфумаликова С.С. Орталық Азияда (. 'ырдария, Закаспий облыстарыньщ щіаң тургындары (саяси-эконом.икалыц аспект) 1867-1917 жж. т.г.д. дэрежесін алу үш.іп дайын. Авторефераты. - Алматы, 2010. - 45 с. (С. 27).*
*Қазаңстан тарихы. - Ашаты: Атамұра, 2002. - Т.З. - 7686. 579-584-66.*
*Пален К.К. Налоги и пошлиины / Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по высочайшему повелению произведенной графом гофмейстером Палеиом К.К. СПб. Тип. Гл. Уп. Уделов. Мохов.1910 г. 301 с. (С. 147-257)*

Резюме

В дамиой сіатье всесторонне изучается история налоговой системы в торговой сфсре Южного Казахстана и Средней Азии во второй половине XIX - нач. .XX в. (по материалам Сырдарьинской области).

Зишшагу

Іп {ҺІ8 агіісіе сошргеһепйіуе апсі ІһеогеСіса] зиисіу һікіогу Іахіпц зуйіеіп іл ІгаісіІпц хрһеге оГ 8оиІһегп Кагакһкіап апсі Місіciie Азіа аі яесопсі һаІГоГХІХ с - һе§іппілц XX с (Ггогп таіегіаі оГ Йігсіагуа геціоп/

## ПІРӘЛІ ХАН ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ

**Р.Шәудірбаев -**
тарих пәнінің оқытушысы, Маңгыстау политехникалық колледжі

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кетті» делінетін киелі Маңғыстаудың 1750-1850 жылдар аралығындағы негізгі тұрғындары түрікмен, қазак халықтары болды. Жоңғар қалмақтарымен ұрыста әуслгі қаркьшмен Жайықтың батыс бетіндегі ежелгі ата-мекенін азат сте алмаған қазақ қолһі, осыган денін қалмақ бодапы болып.казаққа қарсы қару котерген Маңғыстау түрікмсндеріне согыс ашуга мәжбүр болды.

1742 жылғы шабуылда Драл мен Касиий арасын біржола неленген қазактар одан кейінгі жылдары біртіндеп ілгерілей берді. Әуелі Бозашы түбсі іне габан гіреді, сосын Маңғыстау.

Сөйтіл, өрісі тарылған түрікмепдер Лстрахань губернаторы арқылы Ресей патшасынаи, оздеріне қамқор болуды өтініп, қайта-қайга елші жіберумен болды. Түпкі пиеті Касгиий сыртындагы кец даланы, одан әрі Орга А.зия хандықгарын отарлау болган Ресей ол тілекті қабыл ала кетті. Маңгыстау түрікмендсріне Нүралы ханныц ұлы 1 Іирәліні хан етіп тағайындады.

Піролі /Пірғали// 1745/і746-1805ж.ж./ Нұралы хапның ұлы. 1750-1752 жж. Орынборда амаыатта болды. 1770 ж./бір деректерде 1772 ж./ Маңғыстау түрікмендері мен адай қазақтарының сұрауы бойынша хан болып сайланды. Ғ.кі рет 1784ж. және 1791ж. 6 кыркүйекте Орынбор генерал-ғубернаторының атына өзінің қарамагындағы елімен Ресей бодаидыгына кабылдауды өтініп хат жазады. II Нкатернна патшаның 1791 ж. 31 казандағы Бүйрығымеп оныц өтініші қанагаі гандырылды. 1802 ж. 9 мамырдагы І Александр патшаның Бұйрыгымен Маңғыстау түрікмендері мсн Адай руыпыц ханы болып бекіді. Шамамен 1803 жылдан Урал линиясына жақын жерде көшіп жүрді [!. с.81. І 19).

Әбілқайыр хаиның ресми түрде хан маисабын аиған бір ү.рпаі ы /немересі/ ГІралі І Іурапыүлы осы ксзғе дейін дербес зерттеу тақырыбына айналган жоқ. Әртүр-лі ецбектерде ол жөніндс жол-жөнекей айтылатып деректср.үііiырасатын мәліметтер Пірәлі хан омірінің әр түстарынан ғана хабардар етеді. Пірәліпің зертгеу аясынан бұлай сыртқары қалуының бір ссбсбі: ол хан болған Маңғыстаудың әуелі Орынбор генерал-губернаторлыгына, 1871 жылдан Тифлиске,алдыңғы екі ғасыр тоғысынан соц, Түркістан губерниясына қарап «қолдан қолға өтіп» оқшау қалуы болса.екінші себебі; Хан өмірі мен қызметінің қайшылыққа толы болуы.

Ніpәлі Нүралы хапның 16 пемесе 17 эйелі мен 15 аяқ салар эйелінен туған 40 .үлының бірі [1. 116 бет]. Орынборда аманатта бояуына қарағанда әрине пекелі эйелінің бірінен туган. Хан үлдарына аманатта болу бірсыгіыра артықшылықіар бсрді. Ол генерал-губернатор сарайында тэрбиеленіп, жүйелі түрде мұсылманша, орысша білім алды. Аксүйектік торбие алды, Ғң басгысы ханның озге үлдарыпдай емес,орыс үлықтарының сенімінс кірді. Оның бір шстгеғі Маңғыстау түрікмендеріне хан болып тағайындалуы сол сенімніц арқасы деп багалаган дүрыс.

Хиуа ханыныц тонаушылыққа ұласқан алым-салықтарыиан абден титықтап, орыс гіатшасынан пана іздеген Маңғыстау түрікмендері Пірәлінің хандыгын мойындаганмен, б.үл кезде Үстіртке енді келіп қоныстана бастаған адайлар оны хан деп тануга қ.ұлықсьвдық таньп гы. Бүларға шын мәнісінде орыс гіатшасының даДиуа ханының да билігі қажст емсстІ. Бас еркін ешкімге бермеЙ,кец далада емін-еркін көшіп жүруді қалады. Сопдықтан қазақтардып жаңа ханды қолдауы, оз қандасымыз деп іштартудан әріге бармағаны анық. Солай, ГІірәлі Маңгысгау қазақтары үшін қагаз жүзіндегі хан ғана болып қалды. Мал- жан басы кобейген қазақтарға жаңа қоныс керек болды.яғни экономикалық мүддслер біртіндеп қордалана

берді. Ал, ол тек түрікмендер мекендеп отырған өрістер есебінен ғана шешілетін. Содан келіп түрікмен ауылдарын шауып,малдарын барымталап кету көбейді. Бұл мәселеде хан дәрменсіз болып шыкты. Бұл жағдай орыс үкіметінде қатты алаңдатты.

ГОрәлініц беделін пайдаланып,Маңғыстаудағы түрікмен хандығын күшейткісі келген түрікменнің 33 ақсақалы қол қойып мөрлерін басып, 180ші жылы 21 желтоқсанда Александрға жазған хаттарында Пірәліпің ездеріне адал,жағымды басшы болып отырғанын мәлімдейді[2]. Алғашқыда Маңғыстаудағы түрікмендердің огры,делі,меңліқожа,құрбан рулары ғана Ресей боданы болса,біртіндеп олардың қатары көбейе берді. 1801 жылдың аяғында молда Дәулет Мұрат,Вралы бек басшы болып отырған ауылдар да I Александрға бодандығына алуды өтініп хат жазды. Піролі хан өзі бас болып жасақтаған түрік елшілігі Орынбордан Петербургке беттеді.

Соның нәтижесінде 1802 жылдың 9 мамырында I Александр патша осыған дейін Орынборда тұрыпсырттай басшылық жасап келген Пірәлі сұлтанды.Ресей карамағына өткен бүкіл Маңғыстау түрікмендерінің ханы қылып тағайындаған жарлыққа қол қойды. Пірәлінің хандық салтанаты 1802 жылы 4-14 желтоқсанда Орынборда өтті[3]. Салтанатқа түрікменнің Маңғыстауды мекендейтін абдал,б\рыншық, шәудір,сгдір,бозашы руларының ақсакалдары п ат н і аға.хандарына адал болатындықтарына ант берді. Бұл уақытта Маңғыстау түбегінде 4800 түрікмен отбасынбасын құрған. Осыншама ел мен жерді оңай бауырына басып алған патша үкіметі олардың «Астрахань қаласына келіп емін-еркін сауда жасауына теңізден ешқандай кедергісіз балық аулауына»рұқсат берді. Бұл жақсылықтың өгем- қарымтасы үніін түрікмендер Хиуаға Маңғыстау арқылы етістің керуендер мен теңізде орыс балықтарының кауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс болды.

Қазақтар оның Адай руы бұл кезде бір шеті Маңғыстауды қыстап, екі теңіз арасындағы кең далада көшіп жүретін. Әбілқайыр хан мен Ресей патшасының арасындағы келісім бойынша қағаз жүзінде Ресей боданы б0лып,өріс,жайы.-!ым үипн Хиуа ханына кіріптар болып аз мөлшерде салық төлегенмен Адайлар өздерін тәуелсізбіз деп есептеді. Қоңсы отырған түрікмендердің орыс бодандығына өтуі оларға ұнамады. Түрікмендер мүддесін қорғаған Пірәлі хан саясаты да қазақтарға түрпідей тиді. Әбілқайырдың Адай қызы Бопай ханымнан туған ұлы Нұралының баласы бұл слге жнсн болып саналады. Қазақ ұғымында нағашыларына қарсы келу астамшылықтың басы. Содан келіп қазақ пен Пірәлі хан арасында араздық туды. Қазақ тарапынан бірінші жасалған қадам түрікмендерді Пірәлі билігіне зорлықпен қарсы шығару болды. Оуе.іі ол жоғарыға арыз-шағым түсіру түрінде болды. 1802 жылы керуен басылар Құдайға шүкір, Баба, Құдагіиазар, Бекназар қазы, Мүхамед қазылар Сыртқы Іскер Министріне Пірәліге бағынбайтындықтарын білдіріп хат жазды. Пәленің кайдан,қалай шығып отырғанын білген 1 Александр патша 1803 жылы 6 сәуірде Орынбор әскері губернаторына Маңғыстау түрікмендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы бұйрық берді. Сонымен қатар губернатор арқылы Пірәлі ханга қатаң ескерту жасағанын хатпен жолдады.

Сағынысып,қауіптеніп қалғап Пірәлі хан патша қаһарын жеңілдетпек болып, Петербургке Маңғыстаудың алтын, күміс. мыс, күкірт кеніштері туралы хабарлайтын арпаулы елшілік жасақтады. Мұнысы сәтті шықты. Ішкі Істер Министрі арқылы Асграхань губернаторына Маңғыстау түрікмендеріне астық сатуға тапсырма берілді. Мемлекеттік канцерлер Маңғыстаудан барған деп сақтарға арада сауда байланысын күшейтетіні туралы хат жазды. Түрікмендер оған жауап ретінде Маңғыстаудан орыс әскери қамалын салуды сұрады. Артынша Ресей жағында Иранға қарсы соғысуға әзір екенін білдірді.

Бұдан кейін қазақтар түрікмендерге тісін одан сайын баса түсті. Малдарын барымталау жиіледі.Оңтүстік Маңғыстауды, Үстіртті мекендейтін көп түрікмен ауылдары Хиуа хандығына карай ошарыла көшті. Солтүстік батыс жағалауды мекендейтін түрікмендердің олай көшуге мүмкіндігі болмады. Себебі; жолды қазақтар басып қалған. Амалсыздың күнінен орыстардан пана сұрауға мәжбүр болды. Патша оларды Астрахань губерниясына қоныстандыруға нұсқау берді. Осы мәселе бойынша Астрахань азаматтық істер губернаторы Степан Андрейвскийдің Кавказдағы патша өкілін жазған мәлімдемесінде бұл көші-қонның себебі» бұларға мұнда көрші отырған халық топтан-топқа бөлініп тонаумен айналысатын қазақтар» деп анық көрсетілген. *[4,* 95 бет].

Сөйтіп,түрікмендердің алғашқы көші су жолымен Каспийдің келесі бетіне қарай бсгіеді. Маңғыстауда олардың малын сатып алудың мүмкіндігі жоқтығы себепті, орыс. үкіметі арнайы кемелер бөліп,малдарында тасып берді. Барған түрікмендер Ставрополь өлкесіне қоныстандырылды.Осылайша, Кавказда түрікмен диаспорасы пайда болды. Кейін олардың қатары Маңғыстаудан тағы да барғандармен,

Нартннаи ығысқан қалмақтармен бірге Еділ асқан түрікмендермен толықты. Бұл түрікмен бұлақтары Ставропольда әлі тұрып жатыр.

Патшалы Ресейдің Маңғыстауда дербес түрікмен хандығын құрған мақсаты - оларды қазақтарға қарсы қойып, бауырлас екі халықты атыстырып-табыстырып ұстау болғандығында соз жоқ. Мұндайдағы зымиян саясатына басып,бір жаққа-түрікмендерге көптеген артықшылықтар беріп бақты. Бірақ ол саясат жузеге аспады. Қарауындағы халқынан айырылған әрі қазақтардың тегеуріиіне төтеп бере алмағап Піролі хан Маңғыстаудан өз еркімен кетуге мәжбүр болды. Осылайша, Маңғыстау түбегіндегі соңғы хандық ғумыр аяқталды. Түбек біржола қазақ иелігіне өтті.

Бұл өзі-өз болғалы өріс қоныс үшін күрескен деп қорасын кеңейтуге талпынған қазақтың ең ірі және соңғы жеңісі еді.

Ақыры осындай қолайсыз жағдайлар Маңғыстаудағы Пірәлі хандығының өз-өзінен жойылуына әкеліп соқты. Кавказдан кері оралу орнына бір жағы солай қарай көшіп,енді бір жағы Хиуа жеріне,Бапқаіідағы қандастарына қарай ауып азайған түрікмендердің енді дербес хандық бола алмасы белгілі болды. Қазақтар жағы сірә хан билігін мойындағысы жоқ. Солай әрі-сәрі жағдайда қалгған Пірәліг енді Жайық бойына қарай ығыса көшуден басқа жол қалмап еді. Ондағы ықпалға ие Бөкей сұлтанға бұл ұнамады. Еділ мен Жайық аралығындағы бос жерді иеленіп сонда хан болудан үміткер Бөкей әрине жаңа бақталасты қаламады.

1803 жылдың 15 желтоксанында Бөкей Астрахань гарнизондық полкінің басшысы әрі кордон нұсқаушысы генерал-майор Завалишинге түрікмен ханы Пірәлі ауылына шабуыл жасағалы жатыр деп,байбалам салып мәлімдеме түсірді.Оқиға былай болған: Піролінің 25 адамы 100 жылқысымен Бөкей иелігіндегі жерге өтеді. Бөкей жеріндегі әдетте қазақта 500 жылқыға 5-тен артық жылқы болмайды. Демек,бұл шабуылшы қол алды.Әрі бөрі қарулы колбасыларын бірге көшіріп емес,салт жүр деп дәлелдейді. Алдынан шығып әрі қайт деушілерге қару жұмсаған. Байтұрақ Тәңірбергенов деген сұлтанның сенімді адамының басын Пірәлінің туысы

табылды шауып алған. Бөкей хатымның аяғында қазақ халқы өзге сұлтандардан гөрі маған пейіл беріңкірейді.Бақталастарым соны көре алмайды» дегенді айтады [5, с. 43]. Генерал-майор И. И. Завалишин Бөкейдің осы мәлімдемесі негізінде. Ресей Ішкі Істер министрі граф В. П. Кочубейге Жанық сыры қазақтарын,Ішкі Ордаға өткізуді шектеуді өтініп хат жазады. Онда Пірәлінің адамдары Солянск тұрағынын татары Мұстафа Бекбаев дегеннің 16 жылқысын айдап кеткенін сөйтіп бұл жақтағы Кундров татарлары арасьнда үлкен дүрлігіс туғызғанын хабарлайды, Пірәлі өзіне қарасты қазақтарымен бұл жаққа қыстауға өтсе,мұндағы Бөксейге қараған 7 мың үй қоныстан тарығып,Жайықтан әрі өтіп кетіп,бері қайтпайды-ау деген аяңдаушылығын білдіреді. Соңында Пірәліге қараған қазақтардың тынышсыз, басбұзар, барымтасы. Жем бойындағы орыс кәсіпкерлеріне шабуыл жасап тыным бермейтінін, ол кәсіптерін бергі бетке де жадғастыру қауіптері барлығын қаперге бере кетеді.

Бұл хаттан белгілі болған тағы бір жайт, Пірәлі хан Жайық бойын күзететін қазақ әскерінің рұқсатымен ол жаққа өтіпті. Яғни,бәрі завды. Бұл жерде орысша сауатты Піәлінің шекара бойындағы қазақ әскери басшыларымен тіл тапқаны аңғарылады.Қазақтардың есебі түгел бұларға қазақтардың өзара қырқысқандары керек. Пірәлі іздегендеріне сұраған.Бексйдің дербес хандық құрып алудап дәмелі екендігінен бұларда хабардар. Ал бүгін бір аймақтың иесі жаңа хандықтың пайда болуы қазақтар үшін тиімсіз. Керісінше оны болдырмау шарасын іздеу керек. Ал ол шара қазақтардың өзара араздығын күшейту Исатай - Махамбет көтерілісі кезінде Орал қазақ әскери басшыларының білдірмей көтерілісшілер жағына дем беруін,Қайып-капи сұлтанның тұтқынға алынған жерінен қашып кетіп хандыққа қарсы күресіп Жайық сыртында жалгастыруын, қазақтар тарапынан болған осындай екіжүзді,құйтырқы саясаттан іздеген дүрыс.

Пірәлінің Жайық бойындағы жаңа қонысы қайырлы болған жоқ. 1805 жылы ол қайтыс болды. Бөкей ішкі орданың ханы болды. Жайық сыртында екінші бір хан тұқымы Қаратай сұлтан атқа мінді. Үкімет Маңғыстау мен Үстірттегі адайлардың билігіп енді соған міндеттеді. Бірақ бас еркіндігінен айырғысы келмеген адайлар оған да мойын ұсынган жоқ.

Пірәлінің Маңғыстаудағы аз жыл хандығының жемісі - мұндағы түрікмен рулары мен қазақтар акыры ортақ келісімге келді. Олар қалған уақытта орыс.Хиуа отаршылдық саясатына бірігіп қарсы шықты.

*Ерофеева И. В. Казахские ханы и ханские династии в /Л’ -сере.діте 19 с.*

*АВПР.ф.Гл.архив 1-8,д2 л.105*
*АВПР. ф.Гл.архив I-3.л.115-119*
*Турікмен-Орыс қарьім-қатынастары.АМН ТССР*
*История Букеиского ханства. 1801-18520гг, - Алматы, 2002. - С.43.*

Резюме

В данной статье говорится о хане Пирали, который был назначен ханом Царской империи в конце н начале 19 века на полуострове Мангистау. Он был ханом туркменских племен, а адайские племена ему не подчинились.

Summary

Tһe article is about the King Pirali who was fixed aз the King of the tsar's Empire at the end of 18th and at the Ьeginnig of 19th сепШгу аі hаIГ-Иигп репіпзиіа іп Мап§І5Іаи. Не \\'аз Гhе Кіп§ оГ ІгіЬез Ггот Гигктепізіап апсі Ihе Асіаі ІгіЬез

## ЛХМҒТ ЖАНТЛЛИН ҚЛЗАҚСТАНДЛІ Ы ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

**А.Ашербекова -**

Абай атындағы Қа і ҮПУ-дың Магистратура және РҺО доктарантура институты 6М 011400-тарих мамандығыныц магистраты

Еліміздің саяси, рухани өмірі бостандық алған туыста ұлттық тарихымыздың көптеген мәселелері қайта қарастырылып, жаңа концетуалдық тұрғыдан қорытылуда. Осы тұрғыдан келсек тәуелсіздік жолында күрескен ұлт зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеу қазіргі таңда өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Тәуелсіз еліміздің ертеңіне кызмет көрсететін бүгінгі таңдағы өскелең ұрпакта ұлттық сана қалыптастырып, патриоттық рухта тәрбиелеу туралы сөз етіскенде осы шселеніц арқауы болатын, ұлтымыздың басына түскен сын сағаттарда ұлт мүддесін қорғап ұлылық таныткан, сол үшін Кеңестік тоталитарльқ жүйенің саяси қуғын-сүргінші ұшыраған тұлғалар жеткілікті.

Сондай тұлғалардың бірі ағартушы, қазақ даласындағы жер қатыныстарының білгірі ұлт жанашыры - Ахмет Жанталин. Оның өз заманының өткір проблемасы - жер мәселесі, Ресей империясының қоныс аудару саясаты, күшейтіп отырықшы тандыру сияқты т.б. мәселелер бойынша білдірген озық ойлары осы күнге дейін өзектілігін жоймай келеді.

Оның саяси-коғамдық көзқарасының қалыптасуына алдымен туған отбасы, өскен ортасы, кейін сауатын ашқан ауыл молдасы, одан кейін Чслябі облысына қарасты Троиціс қаласындағы татарлардың жэдидтік ұстанымдағы «Расуля» медресесінде білім алуы, осы қаладагы оқыған, көзі ашық татар зиялыларының Батыс және Шығыстың үлы ойшылдарыныц еңбектерімен танысуы әсер еткені байқалады.

Осындай ұлт мүддесіне қызмет еткен Ахмет Жанталин сияқты тұлганы ол ссінеп. ұрпақ санасынан алшақтату мақсатында тоталитарлық жүйе біраз шаралар аткарған. Оның ел үшін атқарған қызметін аныктап, атын қаралап, жалган жала жауып түрлі жаза тартқызған тоталитарлық жүйенің қолшоқпарлары ОГПУ тергеушілеріне жауабында былай дейді: «....Мен Керей руына Балта бұтағынан боламын. Әкем Жанталы өмірден озғанда мен бес жаста екенмін, оның соңында үш ұл яғни мен Ахмет, үш жастагы Есет, емшектегі Сейіт қалыппыз. Қариялардың айтуына қарағанда, әкемнің дербес шаруашылығы болған, бірақ оның аукымын айта алмаймын, дегенмеи маған бс.ігілісі әкем өз шаруашылығында жалдамалы еңбек күшін пайдаланған емес, сондай - ақ өзі де біреуге жалданбаған.

Маған жеті жас толғанда анам мені ауылдагы молдаға қазақша окуға беріп, бес-алты жыл сонда оқыдым. Молдадан соң Троицк қаласындағы «Расуля» медресесінде тағы да бес-алты жыл білім алдым»[1,1б.].

Кенді бір жерде сол ОГПУ тергеушілеріне берген жауабынан «Жанталин Ахмет Жанталыұлы, 63 жаста, руы Керей, оның бір бұтағы Балтадан, қазақ, КСРО азаматы, Рузев (бұрынгы Октябрь) ауданындағы №11 әкімшілік ауылының «Пышан» шаруашылық бөлімшесінен. Үйленген Әйелі - Қаратай, ұлы Айдай 2 жаста, үлы Футбай 1,5 жаста - бүрынғы Кургапск округіндегі Половинск

ауданындағы Половинск селосында тұрады. Мүлік иесі тұрғысынан революцияға дейін орташа кеңестік билік тұсында 1929 жылы астық даярлауда салынған көлемін орындамағаны үшін мүлкі тәркіленген. Білім деңгейі жағынан қазақша жақсы сауатты, орысша шала сауаты бар, партияда жоқ»[1, 6 6.1 - деген мәліметтер алсақ, тергеу хаттамларынан «қазіргі уақытта мен етсінші әйеліммен тұрып жатырмын. Бұған дейін мен оның әпесі Иурқасиямсн отандасып, соңыра ажырасып кеттім. Бірінші әйелімнен бес ұл және бір қызым бар» деген отбасы туралы ақпарат аламыз [2,188,18966.].

Д. Жанталин алғашқы мақалаларын «Расуля» медресесінде оқып жүрген кезінде, Қазан қаласында татар тілінде шығып тұратын «Ульфат», «Уақыт» газеттерінде 1907 жылы жариялаған. Сонымен қатар ол Троицк пен Орынбор қалаларында жарық керген «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қазақ ұлтының мұқажы туралы келелі ойлар айтып, өз ұлтынан мүддесін қорғап, жанашыры бола білген.

Қазақстандағы түпкілікті отарлау және оны өзінің провинциясына айналдыру міндетін қойған Ресей империясы қазақ даласында әкімшілік басқару жуйесіне толықтыру мен өзгерістер енгізу мақсатында 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» қабылдады. Ереже қазақ жеріне байланысты нег ізгі баптарында былай деп жазылды:

«119 бап Көшпелілер қонысы орналасқан жерлер сол жердің бар байлығын, соның ішінде орман - тоғайы да мемлекет меншігі деп саналады.

120 бап. Көшпелілер қонысы орналасқан жерлері, ереже баптары негізінде көшпелілердің қоғамдық пайдалануында мерзімсіз қалдырылады.

- ҚОСЫМША. Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік Мүлік министрі ісін басқаруына өтеді» [3:896.].

Бұл келтірілген баптар сол тарихи кезеңдегі қазақ даласын басқаруда негізгі заң есебінде жүргеп Ереженің отарлық сипатын анық көрсетеді.

жылғы Ереже өз күшіне енгеннен кейінгі уақытта қазақ жерлерін перментті түрде отарлауға мүдделі күштердің үлкен хатпен қолға алған ісі қазақ шаруасына қажет жер көлемін анықтап, одан «артылған» жерден «қоныс аудару қорын» жасау керек болды.

1896 жылы Ішкі істер министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасы ашылды. 1905 жылғы мамыр айында ол жаңа құрылган егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің қарамағына өтті. Бұл мекемеге империя көлеміндегі қоныс аудару істері жуктелді. 1904 -1905 жылдары үкімет орындары Қазақстан аумағын қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Торған. Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді. 1904 - 1906 жылдары жоғарыда аталған облыстардың бәрінде қоныстандыру мекемелері ашылды. Қоныстандыру мекемелері әкімшілік құрылымы тұрғысынан ғана емес, жұмыс жасау әдісі, аткарған міндеті жағынан да таза отаршылдық мазмұндағы мекемелер болды. Қоныстандыру мекемелері өздері құралған бетте қолға алган негізгі жұмысы қазақ елінің пайдалануындағы «цріык» жерлерді ізден тауып, қоныстандыру учаскелерін жасау болды.

Бұл реформалардың қазақ халқына қалай әсер еткенін А. Жанталиннің «Қазақ» газетінің 1914 жылы шыққан 69 - санында жарияланған « Жер мұны» атты мақаласынан көре аламыз, Онда Петрапавл уезінің Преснегорьковский облысының 9 - ауылына қараған 13 - район 151- бөліміндегі Түлкібай ақсақал Шатақ баласының 25 - июньнің жерінен Кознецов нормасы бойынша 2188 десятина артылған жерді 1911 жылы июньде производитель работ алғанып айтып, сол ауылдың бүгінде төрт жағынан орыс қалалары салынғанын, 25 үйлі ауыл ортада жайылымсыз қыспаққа қалып, ондағы жұрт көшуде екенін және көшкен қазақ ауылының жерін тағыда келімсектер иеленіп жатқанын айтады [4:1166.].

А. Жанталин болған жайды баяндап қана қоймай, туындаған мәселенің шешу жолын да керсете кетеді. Ол бойынша, қазақ шаруасынан мүлдем бейхабар болған производитель работ (жер торе) бір ауылдан артық жер алса, біреуінен дұрыс алмай ауылдың кейінгі өмірі қиындай түскендіктен оларды жер аударуға ерікті мәжбүрлегендей... А. Жанталыұлы «егерде жер тере жері кем ауылдың жеріне іргелес жатқан жері артылған ауылдың жерін қосып, одан артылған жерді кессе дұрыс болар еді. Өйткені ауыл қазағы жері қосылған екінші ауылмен бірігіп мал бағып, тіршілік қылса жинала келе қала болмасына кім кепіл?» деген шешім керсеткен. Оган қоса А. Жанталин тағы бір жолын айтады: « алды артына қарамай табансыздық керсетіп шошақтаған жер иелерін сонша сөгуіе лайық, осындай артықтықты алганда производитель работалар жер иесі ақсақалды шақыртып наразылықтарын сұрамай қоймайды. Риза болмағандарыңыз временная комиссияға арыз беріп сұраныңыздар дейді. Ақсақалдар сұраса, жазған актісінен кешінмедс беріп кетеді. Оның үстіне жері алынған елден болыс арқылы екі өкіл сайлап жіберуге ерік деп білдіреді.

Даулы дәлелді болса, комиссия жерін босатып берді, Егер ол комиссияда қолы теңдікке жетпесе обласной приеутствиялан сұранып көріп, онан қалса жер министріне һәм думаға дейін толық дәлелдермен ізденуге жол бар»[4, 116,117,11866.].

Сонымен, XX ғасырдың алғашқы он жылдығының орта тұсында империя көлемінде қоныстандыру ісі белгілі бір жүйеге түсті. 1904 жылы Петербургте қоныс аудару және жерін орналастыру Бас басқармасы құрылды. Мемлекет тарапынан үлкен және нақты қолдау алған бұл мекемелердің құқықтық статусы да жоғары бояды және олардың негізгі міндеті «артық» жерлерді анықтап, ол жерлерге ішкі Ресейден орыс шаруаларының көшіп келіп орналасуына жағдай жасау еді.

Патша өкіметі отарлау саясатын жоспарлы түрде күшейте түсті, өлкенің байьрғы тұрғындары ата қоныстарынан қуылып, тау - тас, шөлді жерлерге ығыстырылды. Ол іс қалайша жүзеге асырылғанын төмендегідей мәліметтерден анық байқай аламыз: - «І891жылғы Ережеден кейін жасалған алғашқы қадамдардың бірі 1895 жылы құрылған Ф.А. Щербинаның экспедициясы еді. 1896 - 1899 жылдары аралығында Торғай, Ақмола және Семей облыстарынын 12 уезін аралап, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ф.А. Щербинаның пікірі бойынша, аталғап облыстардың 8 уезіндегі қазақтардың иелігіндегі жер көлемі 45.889.000 десятина болган. Щербина есебі бойынша, бұл жердің 23.297.000 десятинасы (51%) қазақтарға қальш, ал қалған 22.592.000 десятинасы (49%) артық жер есебінде нерсселен мекемесі қарамағына көшуге тиіс.

Егіншілік министрлігі бұл ұсынысты қарап, 1901 жылғы 5 наурыздағы №11 жарлығы бойынша қазақтардың жер көлемін 29.121.000 десятинасы (63%) көтереді»[5:33,34бб.], осымен байланысты қарапайым есеп бойыпша қалған 16.768.000 десятина (37%) жер көлемі мәеселен мекемесінің қарамағына көшетін болып шеішілді.

Егер 1893 жылдан 1905 жылға дейін. яғни 12 жылдың ішінде қазақ халқының 4 млн.десятинадан астам жерлері тартылып алынганы аздық еткендей одан кейінгі 7 жылдыц ішінде 1906 жыл млн 1912 жылдардың аралығында 17 млн. десятинадан астам жер тартып алынды.

Патша өкіметі қазақ халқының мүддесімен есептеспестен, ескерместен шұрайлы жерлерді иемденіп, қазақтарды ығыстыра берді, соңғы жылдарда қазақ иелігіндегі егіндік пен шабындық жерлердің көлемі күрт төмендеді.

Осындай жағдайда А. Жанталин ары қарай күнелтуінің қалай болмағы жайындағы қазақ халқының ойлары үшке бөлінгенін айтады. Соның біріншісі(көп бөлігі): «бөлінген нормаға риза болуға ар нешік қазақ болып бір ыңғайлы жерлерге иелік құрудың шарасын ғана ойлап, түгеліміз бір ауыздан табан тіреп тұрсақ соңғы норманы ғұмырлық қылмай қайта берер деген үмптегілер»[4:109б.].

Екінші жағының пікірі мынау: «көшпелі қазаққа құмдық, таулықтан басқа ұлтарақтау жер берілмейді, осыны көріп тұрып жақсы жерлерімізді мужикке беріп өзіміз қақ далага қарай қуылып жүре бергенімізше азда болса ата қонысымыздан крестьян нормасымен ғұмірлік қылып жер алып қайықта деседі» [4,1106.].

Үшінші жағының пікірі мынау. «осы түнгі бір басып жүрген «Сары Арқаның» қара топырағы жерін қазақ баДасына крестьян болмай тіпті де бермейді, ал енді бұл жерде крестьян болып қалай күнелтеміз деп «Ауған» мен «Бухара» халықтарының шекараларында болған «Жиделі Байсын» дегн жерге көшіп барсақ байымыз жұрттан асады, жарлымыз байды деп артықша ақиқат қылысып жүрген жайылары бар көрінеді»[4, 1106.].

Сонымен XX ғасыр басындағы Қазақ елінің қасіреті жер мәселесі жайында пікірі үшке бөлінген елдің ойына анализ жасап, кімнің бұрыс, ненің тура екенін айтып жол көрсеткен 1913 жылғы «Айгақтың» - санында «Тағы да күнелтуіміз турасында» деген А. Жанталиннің мақаласынан өз дәуірінің әлеуметтік процестерінен бай ақпарат алуға болады,

Жер мәселесінің қашан да қазақ ұлтының тағдырындағы орны ерекше екеніп түсінген ұлттың зиялы қауымымен бірге А. Жанталин де түсініп, осы мәселе бойынша өз ойларын білдіріп, патша өкіметінің жер мәселесі жөніндегі саясатының мақсатын әшкерелеп отырды.

А. Жанталин қазақ халқының патша билігінің айтуы бойынша тез арада көшпенді тұрмысты тастап, отырықшы өмір салтына өтуіне қарсы болды. Ғасырлар бойы жердің табиғи ерекшеліктеріне бейімделген халықтың отырықшы өмір салтына өтуі жайлы «біздің жұрттың өз еркімен крестьян өлшеу нормасына келуін мен тіпті ұнатпаймын. Оған шыбын жаныммсн шырылдап қарсы тұрғым келеді. Неге десеніз «жер» бөлудің сиында біз үшін бек коп қорқыныштар сезіледі.

Ең басы қырғыз - қазақ баласы жерді бөліп алып, қала болса үкімет тарапынан ешқандай көмек жоқ соры қайнап қу кедей болмай һэм Ресейдегі ашаршылық біздің басымызға айналмай қайтеді деп қорқамын» деп. Менің ойымша: біздің жұрттың 10 -І5 жылдан соң екі танауына қолын тығып отыруы деген сөз»[4, 896.].

А. Жанталин осыған орай өзіндік ыңғайлы жоба ұсынады. Ол бойынша: «Қоныстас (райондас) ауылдардың әрбірінде жерлес (группалас) ауылдардың бірнешесінде нормадан артылған жерлері болса, артық жерді әр группадан шығарып ауыл басына бір қаладан қылмайынша, бәлки бір райондағы ақсақал біткен жиналып шығарып беріп өздері қазақ болып бірыңғай қалмақ керек»[4:92б.]. Яғни, А. Жанталиннің көздеген мақсаты қазақ халқының орыс мұжықтарымен араласып ассимилияцияга түсіп кетуінен сақтанадыру еді. Оған қоса осылай бірнеше ауыл осы план бойынша бір жағын мужикке беріп, екінші жағына бір жерге өздері жиналып қыстаса, қала болмасаңдар олай жиналмаңдар деген бұйрық жоқ екенін айтып. ал егерде крестьян қылмай қазаққа шыққан норманы бсрмейміз десе. осы отырған қалпымызбен қала бола салармыз. Оған кейін әртүрлі тіршілікке үйренерміз, көнігіп жер алатындар да көбейер»[4, 92,9366.] дейді.

А. Жанталин қазақ елінің отырықшы тұрмысқа көнуін халқымыздың ерекшеліктеріп ескере отырып, көпсатылы әрі ұзақ мерзімде өту керектігін ұсынады:

өз жерлерін қолына алып, қазақтардын мұралық жерлерді иелену құқығын мәңгілікке заңдастыру;

жерді сатуды тоқтату;

жергілікті тұрғындарды ата - бабалары бұрыннан тұрып келе жатқан жерлерден күштеп қууды тоқтату [4, 126.].

Қоныс аударушыларга көптеген көмектер берілді:

30 десятина көлемінде ең құнарлы жерлер;

15 жыл салықтан, түлі міндегкерліктерден босатылу;

мұқтаж отбасыларына 100 сомға дейін қарыз берілу;

4-5 жылдан кейін тағы да бір қосымша жер кестіріп алу мүмкіндігі.

Ал қазақтарга мұндай көмектер болган жоқ. Норма бойынша әр адам басына 15 десятина жер алуға ғана мүмкіндігі болды, мұның өзі тау - тас құнарсыз жерлерден.

Қоныс аударушыларға көптеген көмектер бола тұрса да біз олардың еліне қарай қайтқанын байқаймыз, Ол туралы А. Жанталин «1908-ші жылда жүзден 1, 1909-шы жылда 12, 1910-шы жылда жүзден 36, өткен 1911- ші жылда тап жарты (50 пайызы) пайызының қайтуы қазақ жерінің жалғыз егінмен ғана күнелтуге жарамды емес екендігін ашық көрсете алмаса екен»[4, 896.].

Осыған орай А. Жанталин қазақ жұртының отырықшы өмір садтына өту туралы ой - пікірін 1912 жылғы «Айқантың» 10 - саиындағы «Қазақ халқының түпкілікті орналасуының жол - жобасы» атты мақалада ұсынады. Ол жоба бойынша: «- Мужиктердің бір қатары күнелте алмай елдеріне қайтып жатыр деді - бұл сөз тек бір көңіл жұбату. бұлардың кері көшумен қазаққа тиіндей пайда жоқ. Олар кетті десекте мужикке кесілген жер иесіз қалып қазақ өз жеріне өзі ие болып, еш уақытта мужикті келтрмеу жолын ойлау керек; ол жол баяғы қазақтардың жер алып отырықшылыққа айналуы деген сөз болады,

Олардікі егін, біздікі мал өсіру ата кәсібіміз. Қала бол деген сөз мал өсірме деген шықпайды. Қызылжар маңында қала болуға жазылған қазақ ауылдарының тұс - тұсынан мал бағуға жерлер қалдырылып жатыр; сол жерге оброк төлеп қазақтар мал бағып пайдаланады екен. Және де мал бағып, күні келсе егінмен де саудамен де қазақ тіршілік ете алады.

9 - шы ноябрь законынан қорқады: қазақтар аз уақытта бар жерін сатып өздері жерсіз қалар еді. Бұл сөзі бір сыпыра дұрыс, бірақ кіндік кескен жерден көз көре қол көтеріп шығуға тек бұл ғана толық себеп болып жетпейді.

Көз алдымызда тұрған башқұрт халқынан өнер алуға болады ғой. Өнер білімнен қала болғанда ұзақтайды деген сөз түбірімен қатар, қай халық болса да өнер білімді көшіп жүріп таппаған; бәлке отырақ болып медресе, мектептер салып тәртіп, тағылым көру арқасында тапқан, бұған тарих төреші»[4:97,99бб.].

Қазақ халқының жері мен табиғи байлығын отарлау формасындағы тонаушылыққа жол ашқан заңдар бірінен соң бірі қабылданып жатқаны мен қатар соның негізінде жүйелі түрде осы мақсатта қызмет атқаратын мекемелер құрылып байлығымызды тонаушылық ісі аздық еткендей оған қоса Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу облыстарын басқару жайындағы положсниепің V- бөлімінде (о нравах киргизов) 243 бабында - «қырғыздар (қазақтар) Ресей империясының әрбір село тұрғындарының

құқықтарымен теңестіріледі делінсе, келесі 247, 248 баптарында шоқынған қырғыздар қалауы бойынша өз орнында қала алады немесе қалаған қала не селога (орыс, қазак демей) барып тұрып, олардьң жергілікті қауымынан немесе басқару органдарынан рұқсат алмай сонда тіркеле алады»[6:339] - делінгені тағы бар. Бұл дегеніміз отарлаудың тек жерге, байлыққа немесе географиялық орналасуының тиімділігіне ғана бағытталуы емес, ұлт ретінде тіршілікті жоюга бағытталуы болып табылады емес пе?! Жерді заңды түрде Ресейге тиесілі деп жариялады, жүйелі отарлауға кірісті, қазақтан жер алып орысты қоныстандырды оны өзінің «Даладағы» тірегі етті, оған қоса жұрттың жерін, малын алып қайыстыра алмаған елдің тірегі - жергілікті ұлттық рухы мен діни санасына шабуыл жасап қазақтан өзіне тірек іздеді. Болып жатқан құбылыстарды нақты түсініп отырған ұлттың зиялылары барынша жағдайды өзгертіп бағуға тырысуы ұлт тарихының мақтан тұтарлық беті.

Оның үстіне А, Жанталин ашаршылыққа ұшыраған оңтүстіктегі Жетісу, Сырдария облыстарыньщ қазақтарын Арқаға көшіру жайлы ойын 1917 жылғы Жас Азаматтың 50-нөмірінде жариялаған. Ондағы оның ойы солтүстік өңірлерді келімсектердеп сақтауда бар. Ағайымдарға көмек пен Арұаның жерін қазақ алса, келушілерге жер азаяр еді, ол аркылы жерді де елді де сақтаудың мүмкіндігі ұлғаяр еді деген ой болатын.

Ресей империясы қазақтың кең - байтақ жерін тек экономикалық жағынан ғана емес, идеологиялық жағынан да орыстандыру, шоқындыру саясаты арқылы толық билеп, бағындырып алуды алдына мақсат етіп қойды. Қиын да күрделі оқиғаларга толы XX ғасырдың басында тарих сахнасына шығып өздері ұсынған бағыттары мен көкейкесті ойларын ортаға сатып, сол арқылы ел тәуелсіздігі үшін күресуді өздерінің аза маттық борышы ретінде санаған ұлттың зиялылар қауымы - бұл қозғалыстың негізгі үйытқысы бола білді. Ұлт зиялыларының белсенді тобының бел орғасынан табылган тұлғаның бірі - Ахмет Жанталин болды.

Ағартушының, ел қайраткерінің қаламынан шыққан мақалаларды зер салып қарап отырсаңыз, ол тиек етпеген мәселе жоқ екен. Жер мәселесі, қазақ мектебін ашу, қазақ тілінде газет шығару, жер - су, дін мәселесі және тағы басқалары сол кездегі өзге қазақ зиялыларының да секілді А. Жанталиннің де жанын ауыртып, оған үкімет назарын аударуға тырысқан.

Жер мәселесінің қашанда қазақ ұлтының тағдырындағы орны ерекше екенін түсінген ұлт зиялыларымен бірге А. Жанталинде түсініп, осы мәселе бойынша өз ойларын ашып айтып, отаршыл жүйенің озбыр саясатының мәнін әшкерелеп, елге түсіндіріп отырды.

А. Жанталиннің мақалаларын оқи отырып, отарлық езгіде болған қазақ халқының жағдайын, отаршыл империялардың қазақ халкына көрсеткен зорлық-зомбылығын, отарлық езгіге түсіп жаншылған ұлтымыздың жан айқайын ести аламыз. Сондықтан қазақ үшін орны ерекше жер мәселесінде шыбын жаны шырылдаған зиялыларының бірі - Ахмет Жанталиннің ұлт мүддесіне сіңірген еңбегін келер ұрпақ әр қашан жадында сақтағаны дұрыс.

*Қойгелдиев М.Қ. Есіл бойындагы азаттық қозғалысы.// Солтүстік Қазақстан. - 2009. - 21 қазан.*

*Қойгелдиев М.Қ. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920 - 1940-х годов,- Алматы: Искиндер, 2009. - 448с.*

*«Қазақ» газеті // Бас редактор 0. Нысанбаев. - Алматы: «Қазак энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. - 3бОбет.*

*Жанталина А.А. Мудростью отца восхищаюсъ. - Алматы: 'Гамыр, 2005. - 144 с.*

*Қойгелдиев М.Қ Алаш қозғалысы. - Алматы, Санат, 1995. - 368бет.*

*Положение об управлении Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уралъской и Тургайской областями: (25 марта 1891 года) Древний мир права казахов: Материалы.документы и исслед. /Гл. Ред. С.З. Зиманов. —Алматы, 2005. - Т.5. ■ -С.518*

Резюме

В данной статье рассматриваются взгляды казахского интеллигента Ахмета Жанталина по земельному вопросу в Казахстане в конце XIX –начале XXвека.

Summary

This article discusses the views of the Kazakh intelligentsia Ahmet ZHantlina on the land issue in Kazakhstan in the late XIX early XX-ies